Бүгінде беделді басқарудың инструменттік базасын қалыптастыру процесі терең кросс-мәдениеттік дифференциация жағдайында жүруде. Беделді басқару тетіктерін таңдау көбінесе ұлттық әкімшілік жүйелері

дамуының тарихи жолымен немесе сабақтастық әсерімен (Path Dependency) анықталған [6]. Институционалдық сабақтастық теориясына сәйкес, қалыптасқан әкімшілік дәстүрлер бедел құралдарын енгізуге құрылымдық шектеулер қойып, жаһандық трендтерді жергілікті контекстке бейімдеуге мәжбүрлейді. Шығыс Азия модельдері (Сингапур, Жапония, Оңтүстік Корея) беделді басқарудағы легитимділікті қолдау үшін қатаң меритократиялық сүзгілер мен қызметшінің жоғары мәртебесіне сүйенсе [7], Батыс Еуропа жүйелері (Нидерланды, Дания) мемлекеттік қатысу мен алгоритмдік есептілік құралдарын пайдаланады [8].

Қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі - ақпараттық теңсіздіктің артуымен және қоғамдық пікірдің бытыраңқылығымен негізделеді, бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардан өз тиімділігін үздіксіз дәлелдеп отыруына алып келеді [9].

Зерттеудің ғылыми міндеті мәдени және әкімшілік ерекшеліктерге байланысты беделді басқару құралдарының әртүрлі топтары арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті іздеуде жатыр. Жұмыстың мақсаты - мемлекеттік басқару сапасының әлемдік рейтингтерінде (WGI, World Bank) тұрақты түрде көшбасшы орындарға ие елдердегі бедел құралдардың қалыптасуын теориялық негіздеу және салыстырмалы талдау.

Зерттеу мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттілігі мен этикалық мінсіздігін мемлекеттік сенімнің тұрақты капиталына айналдырудың инвариантты және вариативті механизмдерін анықтауға бағытталған. Институционалдық тәсіл аясында мемлекеттік органның беделі оның қызметінің нәтижелілігіне, әдептілігіне және құқықтық нормалардың сақталуына негізделген кешенді бағалау ретінде қарастырылады [10].

Материалдар мен әдістері

Мемлекеттік басқарудағы беделді зерттеудің теориялық негізі неоинституционализмнің, корпоративтік коммуникациялар теориясының және стратегиялық менеджменттің пәнаралық синтезіне сүйенеді. Қазіргі әдебиетте бедел ұйым қызметінің нәтижелері, құндылықтық ұстанымдары және сыртқы аудитория қабылдауының жиынтық көрінісі ретінде түсіндіріледі. Мемлекеттік сектор жағдайында бұл ұғым қоғамдық құндылық өндірумен, саясиланған ортада әртүрлі стейкхолдерлер күтулерін теңгерумен және институционалдық сенім қалыптастырумен тікелей байланысты [10; 11].

Беделді басқару саласындағы теорияның дамуына Г. Вераас іргелі үлес қосып, «беделдердің көптігі» тұжырымдамасын негізделеді. Оның зерттеулеріне сәйкес, мемлекеттік ведомство функционалдық, моралдық, процедуралық және саяси өлшемдер арасында тепе-теңдікті сақтауға мәжбүр. Бұл көпвекторлылық «беделдік ымыра» жағдайын тудырады, мұнда

операциялық тиімділікті күшейту процедуралық кепілдіктерді әлсірету ретінде қабылдануы мүмкін [10; 11].

Әкімшілік автономия контекстінде Д. Карпентер жоғары бедел мемлекеттік органдарды шамадан тыс саяси араласудан қорғайтын негізгі механизм екенін көрсетеді. Жетекші сараптамалық және моральдық беделі бар ведомстволар күн тәртібін қалыптастыруда үлкен еркіндікке ие болады. Өз кезегінде М. Маор бюрократиялық құрылымдардың беделдік қатерлерге жауап ретінде бейімделгіш мінез-құлық көрсететінін дәлелдейді: коммуникативтік және әкімшілік құралдарды таңдау шабуылға ұшыраған беделдік өлшем түрімен тікелей байланысты [2; 12].

Сонымен қатар, салалық зерттеушілер беделді басқару құралдарының конфигурациясы әкімшілік режимнің түрімен айқындалатынын атап өтеді [10]. Бұл легитимация тетіктері бойынша ерекшеленетін екі полярлы кластерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Құқықтық мәдениеті мен әлеуметтік капиталы жоғары елдерде қоғамдық қатысу кластері үстемдік етеді; оның шеңберінде ведомстволар беделі азаматтармен диалогтың ашықтығына және шешім қабылдау процесіне тартылуына тәуелді [4; 8]. Ал Шығыс Азия аймағының иерархиялық жүйелерінде меритократиялық-иерархиялық кластер қалыптасқан, оның негізгі құралы сарапшылық мәртебе мен ерекшелікке баса назар аудару болып табылады [7]. Осылайша, қолданыстағы әдебиет әмбебап имиджмейкинг стратегияларынан сабақтастық әсерін ескеретін контекстік-тәуелді технологияларға көшуге ден қояды [6].

Зерттеудің әдістемелік құрылымы институционалдық конфигурациялардың жиынтығы ретінде мемлекеттік басқаруды интерпретациялауға мүмкіндік беретін көпөлшемді сапалық салыстырмалы талдауды (Qualitative Comparative Analysis, QCA) қолдануға негізделген. QCA-ны қолдану кейстер саны аз болған жағдайда әкімшілік құралдар мен сенім арасындағы сызықтық емес каузальды байланыстарды анықтау қажеттілігімен негізделеді.

«Реттелген салыстыру» парадигмасы шеңберінде зерттеу беделді басқарудың әртүрлі әлеуметтік-мәдени контексттерге бейімделу механизмдеріне назар аударады. Мемлекеттер таңдамасы екі полярлы әкімшілік дәстүрлерді салыстыру қажеттілігіне байланысты қалыптасып, Шығыс Азия (Сингапур, Оңтүстік Корея, Жапония) мен Солтүстік Еуропа (Нидерланды, Бельгия, Дания) аймақтарын қамтиды. Нәтижелердің шынайылығы нормативтік-құқықтық актілерді, мемлекеттік қызметтің этикалық кодекстерін және халықаралық институттардың статистикалық көрсеткіштерін кешенді триангуляциялау арқылы қамтамасыз етілді.

Беделді басқарудың сапалық сипаттамаларын объективтендіру үшін жұмыста Worldwide Governance Indicators (WGI) индекстер жүйесі арқылы таңдалған елдер көрсеткіштеріне салыстыру жүргізілді. Талдаудың негізгі айнымалылары ретінде екі негізгі детерминант бойынша 0-ден 100-ге дейінгі диапазондағы перцентильдік рангілер қолданылады [13]. Government Effectiveness (Үкіметтің тиімділігі) көрсеткіші аппараттың операциялық сенімділігі мен функционалдық құзыреттілігінің индикаторы болып табылады, мұндағы 95–100 балл аралығындағы мәндер операциялық тәуекелдердің шекті деңгейде төмендеуінің және тұрақты функционалдық беделдің қалыптасуының дәлелі ретінде түсіндіріледі. Voice and Accountability (Есеп берушілік пен халық пікірін ескеру) индикаторы процедуралық ашықтықтың өлшемі болып табылады, мұндағы 80-нен жоғары балдар ашық диалог арқылы беделді қолдау үшін қажетті тиімді кері байланыс арналарының бар екенін растайды [14].

Қолданылатын әдістемелік тәсіл шеңберінде талдаудың техникалық шегі тоқсаныншы перцентиль деңгейінде белгіленген, бұл «беделдік иммунитет» деп анықталатын жоғары институционалдық тұрақтылықтың эмпирикалық маркері ретінде қабылданды. Бұл индикатор баллдық бағалауларды тек ағымдағы тиімділіктің көрінісі ретінде ғана емес, сонымен бірге жүйенің әкімшілік ауытқулар жағдайында сенім кредитін сақтау қабілетінің көрсеткіші ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді [12].

Талдау кезінде Дүниежүзілік банктің әдістемесінде көрсетілген өлшемнің стандартты қателігі ескеріледі, бұл кластерлер арасындағы балдардың тұрақты алшақтығын легитимацияның әртүрлі типтерінің маңызды индикаторлары ретінде жіктеуге мүмкіндік береді [14]. Осылайша, сапалық талдауға сандық индикаторларды енгізу меритократиялық модельдер мен азаматтардың қатысуына негізделген модельдерді халықаралық координаттардың біріңғай жүйесінде кейінгі пәнаралық салыстыру үшін қажетті дәлелдемелік базаны қамтамасыз етеді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттелген кейстердегі инструменттік базаның қалыптасуын талдау беделді басқарудың сыртқы коммуникациялардың қосалқы элементінен институционалдық құрылымның негізгі элементіне айналғанын растайды. Анықталған заңдылықтар әкімшілік дәстүр мен беделдік технологиялардың басым жиынтығы арасындағы тікелей тәуелділікті көрсетеді, бұл алдыңғы даму арнасы немесе институционалдық сабақтастық (Path Dependency) туралы теорияның ережелеріне сәйкес келеді [6; 15].

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Шығыс Азия елдерінде мемлекеттік қызметтің беделі қатаң кадрлық іріктеу механизмдері мен нормативтік

тұрғыдан бекітілген этикалық стандарттар арқылы заңдастырылатынын көрсетті. Мұндағы негізгі стратегия – әкімшілік аппаратты превентивті легитимдеу, яғни мемлекеттік қызметшілердің зияткерлік ерекшелігін көрсету арқылы қоғамда олардың құзыреттілігіне деген алдын ала сенімді қалыптастыру болып табылады.

Сингапурда мемлекеттік қызметтегі беделді басқарудағы негізгі институт рөлін Мемлекеттік қызмет мәселелері жөніндегі комиссиясы (Public Service Commission, PSC) атқарады [7]. Аталмыш комиссия PSC стипендиялар жүйесі арқылы кадрларды қатаң іріктеуді жүзеге асырады. Бұл процестің нормативтік базасын мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқының ұлттың эталонын реттейтін Мемлекеттік сектор бойынша нұсқаулық (Public Sector Instruction Manuals) құрайды. Жүйенің беделдік тұрақтылығы лауазымдық жалақы туралы заңмен (Parliamentary Pensions Act) және жоғары буын шенеуніктерінің сыйақысын жеке сектордың топ-менеджментінің кірістерімен байланыстыратын үкіметтік құжаттармен (White Papers on Salaries) нығайтылады [16]. Бұл мемлекеттік қызметке «үздік таланттарды» тарту тәсілі және жүйенің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақтылығының кепілі ретінде жария түрде позицияланады.

Жапонияда мемлекеттік қызметшінің беделі мемлекеттік қызмет туралы заң талаптарын сақтау және қайта жұмысқа орналасу рәсімдерін институционалдық бақылау арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл бағыттағы бақылау тетіктері мен этикалық шектеулердің дамуы жапон әкімшілік жүйесіндегі беделді басқарудың маңызды бөлігі болып табылады [17]. Әсіресе «амакудари» практикасына байланысты жанжалдардан кейін бақылау нормаларының күшеюі мемлекеттік аппарат беделін қорғаудың реактивті тетігіне айналды [18].

Оңтүстік Корея жемқорлықты алдын алу мақсатында беделді цифрлық жазықтыққа көшірудің үлгісін көрсетті. Іске қосылған e-People жүйесі персоналдың тиімділігін бағалау жүйелерімен біріктірілген. Мұнда бедел тексерілетін цифрлық траекторияға айналған: шенеуніктің азаматтардың сұраныстарына жауап беру жылдамдығы мен мазмұндылығы оның лауазымдық мәртебесіне тікелей әсер етеді, осылайша «жауаптылық» өлшенетін беделдік активке айналады [19].

Солтүстік Еуропалық әкімшілік жүйелер беделді басқаруды желілік өзара іс-қимыл және азаматтың белсенді субъектілігін тану принциптеріне негіздейді, бұл New Public Governance парадигмасына сәйкес келеді.

Нидерландыда беделді басқару құралы ретінде «диалог арқылы ашықтық» және жария мойындау практикасы кеңінен қолданылады. Мемлекеттік органдар қателіктерді жасырудың орнына оларды жария түрде

мойындап, кейін әлеуметтік медиада түзету практикасын қолданады [1; 8]. Мұндай тәсіл азаматтар сенімін сақтауға бағытталған сервиске бағдарланған әкімшілік мәдениетті күшейтеді.

Бельгияда Корольдік жарлықтармен бекітілген «Коперник» реформасы тәуелсіз SELOR іріктеу агенттігінің құрылуына әкелді. Жұмыс беруші бренді (Employer Branding) құралдарын енгізу арқылы ел үкіметі мемлекеттік қызметтің имиджін «тоқыраған бюрократиядан» жеке сектордың таланттары үшін тартымды инновациялық ортаға трансформациялай алды. Бұл кадрлық саясаттың төмен тиімділігінен туындаған 2000-жылдардың басындағы беделдік дағдарысты еңсеруге мүмкіндік берді [20].

Даниядағы модель ашықтық пен процедуралық адалдықты беделдік активке айналдырады. Азаматтар үшін ақпаратқа қолжетімділіктің кеңеюі беделдік маневрлер кеңістігін тарылтып, ведомстволардың ішкі процестерін қоғамдық бақылауға жақындатады [10].

Алынған нәтижелерді объективтендіру үшін олар Дүниежүзілік банктің Worldwide Governance Indicators (WGI) мемлекеттік басқару сапасының көрсеткіштерімен салыстырылды [13; 14]. Бұл метриканы қолдану ұлттық жүйелердің беделдік жетістіктерін тиімділік пен есептіліктің тәуелсіз индикаторлары арқылы тексеруге мүмкіндік берді.

1-кесте – Құралдар мен беделдік профильдердің салыстырмалы матрицасы

Ел	Басым құрал	Тиімділік (WGI)	Есептілік (WGI)	Беделдік әсер
Сингапур	Scholarship system	100	38	Сарапшылық басымдық
Оңтүстік Корея	e-People платформасы	91	85	Цифрлық жауаптылық
Жапония	Amakudari бақылауы	94	82	Этикалық тәртіп
Нидерланды	Әлеуметтік диалог	96	97	Сервистік серіктестік
Дания	Радикалды ашықтық	98	100	Процедуралық адалдық
Бельгия	Employer Branding	88	92	Кадрлық тартымдылық

Ескерту – кесте авторлармен WGI деректері негізінде құрастырылды [14].

Ұсынылған матрица мемлекеттердің әкімшілік «генотипімен» айқындалатын беделдік стратегиялардың айырмашылықтарын көрсетеді. Көрсеткіштерді талдау бірнеше маңызды заңдылықтарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

Тиімділік пен есептілік арасындағы инверсияға ең жетекші мысал – Government Effectiveness шкаласы бойынша ең жоғары балл (100-ші перцентиль) көрсеткен Сингапур. Бұл жағдайда мемлекеттің «мінсіз әкімші» ретіндегі беделі тек функционалдық басымдыққа негізделген. Алайда, Voice and Accountability (38) көрсеткіші Сингапурдағы мемлекеттік аппараттың

легитимділігі жоғары білікті элита мен қоғам арасындағы «технократиялық контрастқа» сүйенетінін көрсетеді [7].

Дания мен Нидерланды ұқсас беделдік профильді көрсетеді, мұнда екі негізгі көрсеткіш те 95-ші процентильден асады. Бұл радикалды ашықтықтың операциялық тиімділікті төмендетпейтінін, керісінше нығайтатынын дәлелдейді. «Процедуралық адалдықтың» беделдік әсері сенім кредитін қалыптастырып, мемлекетке күрделі реформаларды қарсылықсыз жүргізуге мүмкіндік беретінін де меңзейді. Бұл скандинавиялық модель тиімділік пен диалогтың конвергенциясын көрсетеді.

Оңтүстік Корея, Азия кластері ішіндегі «өтпелі» типтің үлгісін білдіреді. 85 баллдық есептілік көрсеткішімен Оңтүстік Корея - Сингапур мен Жапониядан айтарлықтай озып тұр. e-People платформасы арқылы бақылауды алгоритмдеу Оңтүстік Кореяға азиялық тәртіпті «цифрлық жауаптылықтың» заманауи формасына айналдыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді [19].

Бельгиялық кейс беделдік теңсіздіктерді түзету үшін жұмыс беруші бренді құралдарын пайдаланудың оңтайлылығын көрсетеді. Тіпті тиімділік көрсеткіші көршілеріне қарағанда төмен болса да, жоғары есептілік мемлекеттік қызметтің заманауи және ашық институт ретіндегі «кадрлық тартымдылығын» сақтауға мүмкіндік береді.

Жалпы, нормативтік тұрғыдан бекітілген құралдар мен WGI индекстері арасындағы корреляция беделді басқарудағы инструменттік базаның таңдалған мемелекеттік жүйелердің күшті жақтарын капиталдандыруға бағытталғанын көрсетеді. Дәлірек айтқанда, меритократиялық жүйелерде (Жапония, Сингапур, Оңтүстік Корея) беделдік құралдар вертикалды сенімге (билікке сарапшылық бедел ретінде сену) бағытталған. Азаматтардың қатысуына негізделген жүйелерде (Нидерланды, Дания, Бельгия) – горизонталды сенімге, яғни қоғамды билікке тең құқылы серіктес ретінде қарастыруға бағытталған. Осылайша, бүгінгі таңда беделді басқару - бұл жай ғана имидждік сүйемелдеу емес, мемлекеттік жүйенің параметрлерін нақты қоғамның күтулеріне сәйкес баптаудың терең заңдастырылған процесі екенін растайды.

Салыстырмалы талдау бедел құралдары дамуының екі іргелі траекториясын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, олар мемлекеттік қызметтің имиджін ғана емес, ұзақ мерзімді перспективада мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың логикасын да анықтайды.

Шығыс Азия аймағына тән бірінші траектория «кемелдік бедел» деп анықталады. Бұл модель шеңберінде бедел институционалдық қалқан функциясын атқарады, оның негізгі механизмі мінсіз операциялық

нәтижелерді көрсету арқылы сын аймақтарын превентивті түрде азайту болып табылады. Д. Карпентердің теориясына сәйкес, мұндай жоғары функционалдық бедел бюрократияны тікелей саяси соққыдан қорғап, оған айтарлықтай әкімшілік автономияны қамтамасыз етеді [2]. Сингапур кейсі бұл механизмді нақты суреттейді: PSC стипендиялар жүйесі арқылы кадрларды қатаң іріктеу есебінен мемлекет «қателеспейтін сарапшы» имиджін қалыптастырады, бұл үкіметке күрделі шешімдер қабылдау кезінде мемлекеттік талқылауларды азайтуға мүмкіндік береді [7]. Алайда, абсолюттік қателеспеушілік стратегиясы өте нәзік концепт екені белгілі. М. Маор атап өткендей, кемелдікке бағытталған ведомстволар кез келген іркіліс кезінде лезде беделдік коллапсқа тап болады [12]. Бұған айқын мысал –- Жапониядағы «амакудари» тәжірибесіне қатысты жағдай. Шенеуніктер қызметтен кеткеннен кейін өздеріне бағынышты болған компанияларға тамыр-таныстық арқылы жоғары лауазымдарға орналасатынын ұзақ уақыт бойы жасырып келген. Бұл жайт әшкереленгенде, мемлекеттік органдарға деген сенім күрт төмендеген, өйткені олардың іс-әрекеттері «мінсіз таза» қызметкер образына мүлдем сай келмеген [18].

Солтүстік еуропалық жүйелерде екінші басым траектория - «серіктестік беделі». Мұнда бедел коммуникациялық көпір рөлін атқарады. Ашық деректер құралдары қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілікті бірлесіп бөлісуге бағытталған [1]. Данияда Offentlighedsloven заңының арқасында азамат бақылауға қатысушыға айналады, бұл жүйені шоктарға төзімді етеді. Бедел қателіктердің жоқтығы туралы иллюзияға емес, оларды ашық талқылаудың институционалдық қабілетіне негізделеді [10].

Нидерландының «кінәні басқару» (Blame Management) тәжірибесі бар кейсі ведомствоның әлеуметтік медиада қателігін жария түрде мойындауы сенім деңгейін төмендетпей, керісінше жиі арттыратынын растайды. Соған қарамастан, шамадан тыс ашықтық «шешім қабылдау параличіне» әкелуі мүмкін, бұл кезде мемлекеттік аппарат басқарудың өзіне қарағанда ашық серіктес имиджін сақтауға және келісуге көбірек ресурс жұмсайды [4].

Беделдік конвергенция немесе «беделдік гибридтің» қалыптасу феномені ерекше қызығушылық тудырады. Батыс елдерінің Шығыс Азияның цифрлық жауаптылық технологияларын қабылдау процесі байқалуда [8]. Оңтүстік кореялық e-People платформасының алгоритмдік есептілік принциптерін еуропалық жүйелерде (мысалы, Бельгияда қызметтерді цифрландыру шеңберінде) бейімдеу айқын кейс. Егер Кореяда бұл тәртіптік бақылау құралы болса, Еуропада ол азаматтардың құқықтарын қорғау механизмі ретінде қайта қарастырылады. Мемлекеттер азиялық жылдамдық

пен еуропалық диалог стандарттарын біріктіре отырып, синтетикалық легитимділікке ұмтылуда [9].

Дегенмен, мұндай синтездің табысы «институционалдық арна» [6] әсерімен шектеледі. Даниялық типтегі радикалды ашықтықты Сингапур немесе Жапонияның иерархиялық құрылымына кадрлық логиканы өзгертпестен енгізу әрекеті міндетті түрде беделдік диссонансқа әкеледі: шенеуніктер шешім қабылдаудың жабықтығын сақтай отырып, ашықтықты имитациялай бастайды. Бұл кез келген басқарушылық инновациялардың терең мәдени бейімделуі қажеттігін растайды.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында мінсіз бедел ұғымы этикалық нормаларды сақтау, адалдық қағидаттарына беріктік, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінен аулақ болу және қызметтік мінез-құлықтың жоғары стандарттарын ұстану арқылы ашылады. Аталмыш институт мемлекеттік қызметшілерді іріктеу, тағайындау және мансаптық ілгерілету барысында қосымша сүзгі ретінде қолданылуы мүмкін. Яғни, кәсіби құзыреттілікпен қатар, тұлғаның беделдік тұрақтылығы да маңызды критерийге айналады.

Сонымен бірге, Тұжырымдамада мемлекеттік қызметшілердің арнамысы мен қадір-қасиетін қорғау қажеттігі де көрсетіледі. Бұл мінсіз бедел институтының біржақты шектеу құралы емес, керісінше, екіжақты механизм екенін білдіреді: бір жағынан беделге қойылатын талаптарды күшейту, екінші жағынан негізсіз айыптаулар мен беделге нұқсан келтіруден құқықтық қорғауды қамтамасыз ету. Осылайша, мінсіз бедел мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға және «Адал азамат» құндылықтарын орнықтыруға бағытталған жүйелік тетік ретінде қарастырылады.

Мемлекеттік қызметтегі беделді басқарудың инструменттік базасының қалыптасуын зерттеу бірқатар жалпылауыш қорытындыларды тұжырымдауға мүмкіндік береді. Ең алдымен, жаһандық цифрландыру және дәстүрлі сенімнің эрозиясы жағдайында реактивті сыртқы коммуникациялардан тікелей әкімшілік рәсімдерге біріктірілген жүйелі беделдік жобалауға түпкілікті көшу тіркелді. Бедел мемлекеттік аппарат қызметінің екінші дәрежелі белгісі ретінде қарастырылудан қалып, мемлекеттік институттардың ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен өміршеңдігін анықтайтын базалық стратегиялық активке айналды.

Жұмыс барысында анықталған меритократиялық-иерархиялық модель және азаматтардың қатысуына негізделген модель беделдік капиталды жинақтаудың екі түрлі, бірақ тиімділігі бойынша салыстырмалы жолын көрсетеді. Егер бірінші модель сарапшылық басымдықты және ішкі этикалық тәртіпті дамыту арқылы легитимділікті қамтамасыз етсе, екіншісі радикалды

транспаренттілік пен әкімшілік қателіктерді мойындау қабілетіне сүйенеді. Деректерді халықаралық индекстер арқылы тексеру екі стратегияның да мемлекеттік басқарудың жоғары стандарттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретінін растайды, бірақ олар әлеуметтік есептіліктің әртүрлі типтері мен азаматтық қоғамның күтулеріне негізделеді.

Технологиялық жақындасу процесі беделді басқарудың гибридті модельдерін құрастыруға мүмкіндік беретін перспективалық бағыт ретінде танылады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы әр мемлекеттің бірегей әкімшілік кодын ескеретін контекстік-тәуелді технологиялардың пайдасына әмбебап имиджмейкинг стратегияларынан бас тартуды теориялық негіздеуде жатыр. Бұл саладағы алдағы ғылыми ізденістер жасанды интеллект жүйелерінің ведомстволардың алгоритмдік беделін қалыптастыруға әсерін зерттеуге бағытталуы тиіс, бұл мемлекеттік басқару жүйелері эволюциясының келесі кезеңінің айқындаушы факторына айналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Pollitt, C., Bouckaert, G.** Public Management Reform: A Comparative Analysis - Into the Age of Austerity. – Oxford : Oxford University Press, 2017. – 480 p.

2 **Carpenter, D. P.** Reputation and Power : Organizational Image and Pharmaceutical Regulation at the FDA. – Princeton : Princeton University Press, 2010. – 856 p.

3 OECD. OECD Survey on Drivers of Trust in Public Institutions – 2024 Results: Building Trust in a Complex Policy Environment. – Paris : OECD Publishing, 2024. – https://doi.org/10.1787/9a20554b-en.

4 **Grimmelikhuijsen, S., Jilke, S., Olsen, A. L., Tummers, L.** Behavioral Public Administration: Combining Insights from Public Administration and Psychology // Public Administration Review. – 2017. – Vol. 77. – № 1. – P. 45–56. – https://doi.org/10.1111/puar.12609.

5 **Olsen, A. L.** Negative performance information causes asymmetrical evaluations and elicits strong responsibility attributions // APSA Annual Meeting Paper. – 2015.

6 **Pierson, P.** Increasing Returns, Path Dependence, and the Study of Politics // American Political Science Review. – 2000. – Vol. 94. – № 2. – P. 251–267. – DOI: 10.2307/2586011.

7 **Quah, J. S. T.** Combating corruption in Singapore: A comparative analysis of two scandals // Public Administration and Policy. – 2020. – Vol. 23. – № 1. – P. 87–99. – https://doi.org/10.1108/PAP-11-2019-0031.

8 **Meijer, A.** Transparency // In: Bovens, M., Goodin, R. E., Schillemans, T. (eds.). The Oxford Handbook of Public Accountability. – Oxford : Oxford University Press, 2014. – P. 507–524.

9 **Gilad, S., Maor, M., Ben-Nun Bloom, P.** Organizational reputation, the content of public allegations, and regulatory communication // Journal of Public Administration Research and Theory. – 2015. – Vol. 25. – № 2. – P. 451–478. – https://doi.org/10.1093/jopart/mut041.

10 **Wæraas, A., Maor, M. (eds.)**. Organizational Reputation in the Public Sector. – New York : Routledge, 2015. – 264 p. – https://doi.org/10.4324/9781315850825.

11 **Carpenter, D. P., Krause, G. A.** Reputation and Public Administration // Public Administration Review. – 2012. – Vol. 72. – № 1. – P. 26–32. – https://doi.org/10.1111/j.1540-6210.2011.02506.x.

12 **Maor, M., Sulitzeanu-Kenan, R.** The Effect of Salient Reputational Threats on Public Service Efficiency // Governance. – 2013. – Vol. 26. – № 1. – P. 33–59. – https://doi.org/10.1111/j.1468-0491.2012.01600.x.

13 **Kaufmann, D., Kraay, A., Mastruzzi, M.** The Worldwide Governance Indicators: Methodology and Analytical Issues // World Bank Policy Research Working Paper. – 2010. – № 5430.

14 World Bank. Worldwide Governance Indicators (WGI) [Electronic resource]. – 2023. – Available at: https://www.worldbank.org/en/publication/worldwide-governance-indicators.

15 **Peters, B. G.** (2019). Institutional Theory in Political Science: The New Institutionalism. Edward Elgar Publishing. https://books.google.kz/books/about/Institutional_Theory_in_Political_Scienc.html?id=qY6ODwAAQBAJ&redir_esc=y

16 **Neo, B. S., Chen, G.** Dynamic Governance: Embedding Culture, Capabilities and Change in Singapore. – Singapore : World Scientific, 2007. – 392 p. – https://doi.org/10.1142/9789812771919_0001.

17 **Matsunami, J.** Public Administration in Japan // The Handbook of Public Administration in Asia. – 2024. – P. 247–261.

18 **Lipscy, P. Y., Takinami, H.** The Politics of Financial Crisis Response in Japan and the United States // Japanese Journal of Political Science. – 2013. – Vol. 14. – № 3. – P. 321–353. – https://doi.org/10.1017/S1468109913000133.

19 **Kim, S.-B., Kim, D.** ICT Implementation and Its Effect on Public Organizations: The Case of Digital Customs and Risk Management in Korea // Sustainability. – 2020. – Vol. 12. – № 8. – Article 3421. – https://doi.org/10.3390/su12083421.

20 OECD. OECD Reviews of Human Resource Management in Government: Belgium. – Paris : OECD Publishing, 2007.

REFERENCES

1 **Pollitt, C., Bouckaert, G.** Public Management Reform : A Comparative Analysis - Into the Age of Austerity. – Oxford : Oxford University Press, 2017. – 480 p.

2 **Carpenter, D. P.** Reputation and Power : Organizational Image and Pharmaceutical Regulation at the FDA. – Princeton : Princeton University Press, 2010. – 856 p.

3 OECD. OECD Survey on Drivers of Trust in Public Institutions – 2024 Results: Building Trust in a Complex Policy Environment. – Paris : OECD Publishing, 2024. – DOI: 10.1787/9a20554b-en.

4 **Grimmelikhuijsen, S., Jilke, S., Olsen, A. L., Tummers, L.** Behavioral Public Administration: Combining Insights from Public Administration and Psychology // Public Administration Review. – 2017. – Vol. 77. – № 1. – P. 45–56. – https://doi.org/10.1111/puar.12609.

5 **Olsen, A. L.** Negative performance information causes asymmetrical evaluations and elicits strong responsibility attributions // APSA Annual Meeting Paper. – 2015.

6 **Pierson, P.** Increasing Returns, Path Dependence, and the Study of Politics // American Political Science Review. – 2000. – Vol. 94. – № 2. – P. 251–267. – https://doi.org/10.2307/2586011.

7 **Quah, J. S. T.** Combating corruption in Singapore: A comparative analysis of two scandals // Public Administration and Policy. – 2020. – Vol. 23. – № 1. – P. 87–99. – https://doi.org/10.1108/PAP-11-2019-0031.

8 **Meijer, A.** Transparency // In: Bovens, M., Goodin, R. E., Schillemans, T. (eds.). The Oxford Handbook of Public Accountability. – Oxford : Oxford University Press, 2014. – P. 507–524.

9 **Gilad, S., Maor, M., Ben-Nun Bloom, P.** Organizational reputation, the content of public allegations, and regulatory communication // Journal of Public Administration Research and Theory. – 2015. – Vol. 25. – № 2. – P. 451–478. – https://doi.org/10.1093/jopart/mut041.

10 **Wæraas, A., Maor, M. (eds.)**. Organizational Reputation in the Public Sector. – New York : Routledge, 2015. – 264 p. – https://doi.org/10.4324/9781315850825.

11 **Carpenter, D. P., Krause, G. A.** Reputation and Public Administration // Public Administration Review. – 2012. – Vol. 72. – № 1. – P. 26–32. – https://doi.org/10.1111/j.1540-6210.2011.02506.x.

12 **Maor, M., Sulitzeanu-Kenan, R.** The Effect of Salient Reputational Threats on Public Service Efficiency // Governance. – 2013. – Vol. 26. – № 1. – P. 33–-59. – https://doi.org/10.1111/j.1468-0491.2012.01600.x.

13 **Kaufmann, D., Kraay, A., Mastruzzi, M.** The Worldwide Governance Indicators: Methodology and Analytical Issues // World Bank Policy Research Working Paper. – 2010. – № 5430.

14 World Bank. Worldwide Governance Indicators (WGI) [Electronic resource]. – 2023. – Available at: https://www.worldbank.org/en/publication/worldwide-governance-indicators.

15 **Peters, B. G.** (2019). Institutional Theory in Political Science: The New Institutionalism. Edward Elgar Publishing. https://books.google.kz/books/about/Institutional_Theory_in_Political_Scienc.html?id=qY6ODwAAQBAJ&redir_esc=y

16 **Neo, B. S., Chen, G.** Dynamic Governance: Embedding Culture, Capabilities and Change in Singapore. – Singapore : World Scientific, 2007. – 392 p. – https://doi.org/10.1142/9789812771919_0001.

17 **Matsunami, J.** Public Administration in Japan // The Handbook of Public Administration in Asia. – 2024. – P. 247–261.

18 **Lipscy, P. Y., Takinami, H.** The Politics of Financial Crisis Response in Japan and the United States // Japanese Journal of Political Science. – 2013. – Vol. 14. – № 3. – P. 321–353. – https://doi.org/10.1017/S1468109913000133.

19 **Kim, S.-B., Kim, D.** ICT Implementation and Its Effect on Public Organizations: The Case of Digital Customs and Risk Management in Korea // Sustainability. – 2020. – Vol. 12. – № 8. – Article 3421. – https://doi.org/10.3390/su12083421.

20 OECD. OECD Reviews of Human Resource Management in Government: Belgium. – Paris : OECD Publishing, 2007.

12.12.25 ж. баспаға түсті.
23.12.25 ж. түзетулерімен түсті.
06.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Д. Болатханұлы[1], К. К. Садыкова[2]*
[1,2]Академия государственного управления
при Президенте Республики Казахстан,
Республика Казахстан, г. Астана.
Поступило в редакцию 12.12.25.
Поступило с исправлениями 23.12.25.
Принято в печать 06.05.26.

ИНСТРУМЕНТАЛЬНАЯ БАЗА УПРАВЛЕНИЯ РЕПУТАЦИЕЙ НА ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЕ: КРОСС-КУЛЬТУРНЫЙ АНАЛИЗ МЕЖДУНАРОДНЫХ ПРАКТИК

Статья посвящена концептуальному анализу трансформации репутационного инструментария в системе государственной службы в условиях глобальной цифровизации и дефицита институционального доверия. Репутационный менеджмент рассматривается не как имиджевая надстройка, а как фундаментальный элемент институционального дизайна, детерминирующий легитимность власти и границы ее административной автономии. Методологический каркас исследования базируется на применении многомерного качественного сравнительного анализа (QCA) применительно к государственным системам восточноазиатского и североевропейского регионов. Объективизация выводов обеспечена интеграцией показателей качества управления Всемирного банка (WGI) и данных о цифровой зрелости государств.

В ходе сравнительного анализа выявлены и теоретически обоснованы две доминирующие траектории развития репутационных технологий, различающиеся механизмами легитимации и архитектурой взаимодействия со стейкхолдерами. Установлено, что выбор конкретного инструментария жестко детерминирован типом административного режима и эффектом «институциональной колеи» (Path Dependency). Результаты исследования фиксируют нарастающую межсистемную конвергенцию, в рамках которой инструменты цифровой подотчетности и меритократического отбора подвергаются взаимной адаптации, формируя гибридные модели репутационного менеджмента.

Выявлено, что современный вектор развития публичного управления направлен на интеграцию принципов технократической эффективности и открытости, основанной на участии граждан. Практическая значимость работы заключается в определении каузальных связей между административной традицией и эффективностью репутационных инструментов, что позволяет повысить точность прогнозирования результатов административных реформ и минимизировать риски репутационных потерь в условиях цифровой трансформации госаппарата.

Ключевые слова: государственная служба, управление репутацией, административные традиции, меритократия, транспарентность.

**D. Bolatkhanuly[1], K. K. Sadykova[2]*
[1,2]Academy of Public Administration under
the President of the Republic of Kazakhstan,
Republic of Kazakhstan, Astana.
Received 12.12.25.
Received in revised form 23.12.25.
Accepted for publication 06.05.26.

THE INSTRUMENTAL BASE OF REPUTATION MANAGEMENT IN THE PUBLIC SERVICE: A CROSS-CULTURAL ANALYSIS OF INTERNATIONAL PRACTICES

This article presents a conceptual analysis of the transformation of reputational tools within the public service system amidst global digitalization and a deficit of institutional trust. Reputation management is examined not merely as an image-building superstructure, but as a fundamental element of institutional design that determines the legitimacy of authority and the boundaries of its administrative autonomy. The methodological framework is based on the application of multi-value Qualitative Comparative Analysis (QCA) across the public systems of the East Asian and Northern European regions. The objectivity of the findings is ensured by integrating the World Bank's Worldwide Governance Indicators (WGI) and data on the digital maturity of states.

Through comparative analysis, two dominant trajectories for the development of reputational technologies have been identified and theoretically substantiated, differing in their legitimation mechanisms and stakeholder engagement architectures. It is established that the choice of specific tools is strictly determined by the type of administrative regime and the effect of «Path Dependency.» The study's results capture an increasing intersystem convergence, where tools for digital accountability and meritocratic selection undergo mutual adaptation, forming hybrid models of reputation management.

The findings reveal that the modern vector of public administration development is directed toward integrating principles of technocratic efficiency with participatory openness. The practical significance of the

work lies in identifying the causal links between administrative traditions and the effectiveness of reputational instruments, which enhances the predictive accuracy of administrative reform outcomes and minimizes the risks of reputational loss during the digital transformation of the state apparatus.

Keywords: public service, reputation management, administrative traditions, meritocracy, transparency.

МРНТИ 06.54.31

https://doi.org/10.48081/BGQF2169

***Я. Ван[1], Б. Е. Алпысбаева[2]**

[1,2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы.

[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0004-4384-5334

[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7383-0708

*e-mail: wangyadong7789@gmail.com

КОММЕРЦИАЛИЗАЦИЯ НАНОТЕХНОЛОГИЙ В ЭНЕРГЕТИЧЕСКОМ СЕКТОРЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: SWOT-АНАЛИЗ И СТРАТЕГИЧЕСКАЯ ДОРОЖНАЯ КАРТА

Данное исследование посвящено изучению перспектив коммерциализации нанотехнологий в процессе модернизации энергетического сектора Республики Казахстан. В связи с острой необходимостью трансформации Республики Казахстан из ресурсозависимой в экономику, основанную на знаниях, в исследовании проведен углубленный SWOT-анализ существующей инновационной экосистемы в контексте национальных статистических данных, с использованием модели «тройной спирали» инноваций и теории открытых инноваций. Исследование показывает, что, несмотря на сильную поддержку национальной политики и богатые запасы сырья, такого как кварц и графит, инвестиции в исследования и разработки (НИОКР) составляют всего 0,14 % от ВВП, что явно недостаточно; а слабая связь между научными и промышленными кругами серьезно ограничивает продвижение и практическое применение технологий. Чтобы преодолеть эти ограничения, в исследовании предложены три технологических направления с ближайшим потенциалом коммерциализации: во-первых, использование наножидкостей на основе кремнезема для повышения коэффициента извлечения нефти на старых месторождениях с целью смягчения спада добычи; во-вторых, использование антикоррозийных покрытий, усиленных графеном, для продления срока службы нефтегазовой инфраструктуры в условиях сильной коррозии; в-третьих, внедрение гибких перовскитных

солнечных элементов для создания высокоэффективных автономных энергетических решений для удаленных районов, не подключенных к электросетям. Исходя из этого, в статье предлагается стратегическая дорожная карта для поэтапного внедрения, в которой предлагается использовать возможности технологического сотрудничества в рамках инициативы «Пояс и путь» для создания надежной системы технических стандартов и содействия интеграции децентрализованных демонстрационных проектов в экосистему устойчивых инноваций. Это поможет энергетическому сектору Республики Казахстан перейти к высокотехнологичному и устойчивому развитию.

Ключевые слова: коммерциализация нанотехнологий, энергетический сектор, SWOT-анализ, повышение нефтеотдачи пластов, графеновые покрытия, перовскитные солнечные элементы, открытые инновации, Республика Казахстан.

Введение

Нанотехнологии стали не просто передовым научным понятием, они являются главной движущей силой прогресса в самых разных отраслях - от производства современных материалов до биотехнологий. Рыночные тенденции подтверждают ее доминирующее положение: ожидается, что объем этой области увеличится почти в три раза - с примерно 68 миллиардов долларов в 2023 году до 183,7 миллиарда долларов в 2028 году [1]. Этому росту способствуют огромные капиталовложения: совокупный объем глобальных инвестиций приближается к 250 млрд долларов, а ведущие страны, такие как Китай и США, инвестируют более 2 млрд долларов в год [1]. Это открывает широкие возможности для стран с развивающейся экономикой, но реальная задача заключается в создании инновационных экосистем, способных вывести результаты лабораторных исследований на рынок.

Республика Казахстан пытается перейти от ресурсозависимой экономики к экономике, основанной на знаниях, и эта цель четко отражена в таких стратегиях, как Программа развития высшего образования и науки на 2023–2029 годы, в которой энергетический сектор поставлен во главу угла модернизации [2]. Однако существует значительное противоречие между политическим видением и финансовой реальностью. Несмотря на рост номинального финансирования исследований, постоянная инфляция и колебания курсов валют привели к снижению реальной покупательной способности грантов, а доля расходов на НИОКР в ВВП остается на прежнем уровне – 0,13-0,14 %, что значительно ниже нормы для стран со средним

уровнем дохода, составляющей около 1 %, и среднемирового показателя – около 2,3 % [3; 4].

Существуют неотложные проблемы в области энергетики и инноваций. Данные показывают, что в ближайшее десятилетие потребление электроэнергии в Республике Казахстан вырастет почти на 60 %, в то время как уголь по-прежнему занимает более 70 % в структуре энергопотребления, и такая зависимость не является ни экономически эффективной, ни экологически устойчивой [5; 6].

Нехватка финансовых ресурсов напрямую ведет к «долине смерти» для местных инноваций. Подавляющее большинство нанотехнологических проектов в настоящее время находятся на стадии прототипов (уровень технологической готовности 3-4) и не были запущены в промышленную эксплуатацию. Такая стагнация отражает несостоятельность механизмов передачи технологий: частный сектор инвестирует в исследования и разработки менее 25 %, а участие промышленности крайне незначительно. Разрыв между университетскими лабораториями и производственными площадками усугубляется нехваткой специалистов, обладающих навыками управления ИС.

Преодоление этих барьеров требует перехода от линейной модели инноваций («наука → НИОКР → рынок»), которая оказалась неэффективной на практике, к нелинейной динамической модели, как отмечают Клайн и Розенберг, где инновации - это не линейный процесс, а скорее непрерывный цикл обратной связи между исследователем и конечным пользователем [7]. Аналогичным образом, теория открытых инноваций Чесброу подчеркивает, что даже традиционные отрасли, такие как нефтегазовая, должны активно внедрять внешние технологии, чтобы оставаться конкурентоспособными [8; 9]. Это служит основой для модели «тройной спирали», которая по-новому определяет отношения между университетами, промышленностью и правительством – уже не как отдельные единицы, а как взаимозависимые и синергетические единицы [10].

Рисунок 1 иллюстрирует этот структурный сдвиг: от жестких и изолированных «силосов» к гибким и взаимодействующим сетям. В Казахстане, где в научных исследованиях долгое время доминировало правительство, внедрение модели «тройной спирали» требует не только новых правил, но и существенной реконфигурации власти: предоставления операционной автономии высшим учебным заведениям и вливания венчурного капитала в частные предприятия.

Рисунок 1 – Модель «тройной спирали», переработанная с учетом специфики динамики казахстанского энергетического рынка

Диаграмма показывает противоречия между различными участниками экосистемы. В настоящее время правительства несут непропорционально большую долю финансового бремени (80 %), в то время как университеты в основном ограничиваются лабораторными исследованиями, а промышленность представляет неудовлетворенные потребности рынка. Красная линия, обозначенная на диаграмме как «Разрыв связи между наукой и промышленностью», указывает на «Долину смерти» – критическое узкое место, где академические прототипы не могут перейти на стадию коммерческой жизнеспособности. Нижний слой модели подчеркивает физический потенциал Казахстана: зрелые нефтяные месторождения на западе страны и ресурсы кремния/графита, которые могут быть использованы для синтеза наноматериалов в стране.

Исходя из вышеперечисленных структурных вопросов, данное исследование направлено на оценку коммерческой готовности нанотехнологий для энергетического рынка Казахстана. SWOT-анализ используется не только как описательный инструмент, но и как диагностическая схема, основанная на упомянутой выше теории «тройной спирали» и «открытых инноваций». Основная цель – выявить конкретные точки разрыва в инновационной цепочке и разработать стратегии их преодоления. Мы утверждаем, что отрасли следует избегать «распределительных сил» и в первую очередь сосредоточиться на трех высокотехнологичных потенциалах – наножидкостях на основе кремнезема для добычи нефти, графеновых покрытиях и перовскитных солнечных элементах – в качестве точек входа для немедленной коммерциализации. В последующем анализе будет подробно рассмотрен путь реализации этой стратегии.

Материалы и методы

Для того чтобы в полной мере отразить сложность местного рынка, в данном исследовании использована гибридная методология изучения литературы, объединяющая научно-техническую литературу, национальную статистику и политические документы. Цель состоит не только в том, чтобы перечислить факторы, но и определить конкретные движущие силы коммерциализации нанотехнологий в энергетическом секторе, и, в конечном счете, воплотить эти выводы в поэтапную дорожную карту, пригодную для практических действий. Теоретический анализ основан на трех нелинейных моделях: модели инновационной цепи, парадигме открытых инноваций и системе институциональной взаимозависимости «тройной спирали» [7; 8; 10].

Основные данные были собраны путем целенаправленного обзора научной литературы. Мы провели поиск в основных индексируемых базах данных, таких как Scopus, Web of Science и Google Scholar, используя матрицу ключевых слов от общих терминов, таких как «коммерциализация нанотехнологий» до «нанотехнология отталкивания нефти». Используемая матрица ключевых слов охватывает от общих терминов, таких как «коммерциализация нанотехнологий», до таких подобластей, как «технология нанонефтеотталкивания» и «перовскитные солнечные элементы». Временной интервал поиска (2010–2025 гг.) был установлен с учетом эволюции современной инновационной политики в Казахстане. Процесс отбора был строгим: предпочтение отдавалось литературе, содержащей эмпирические исследования энергетической инфраструктуры или критический анализ институциональной среды, а не чисто теоретические абстракции. Впоследствии эти эмпирические данные были обобщены через теоретические линзы «тройной спирали» и «открытых инноваций» [7; 8; 10] для оценки технологической зрелости и системных барьеров.

Помимо обзора литературы, количественные данные о расходах на НИОКР, отраслевом распределении ВРНИОКР и показателях человеческого капитала были получены из Национального бюро статистики (НБС). Для обеспечения достоверности эти местные показатели были подвергнуты перекрестной проверке с международными эталонными данными ЮНЕСКО и Всемирного банка [3; 4]. Там, где позволяли данные, проводился продольный анализ, чтобы проследить исторические перерывы в структуре инвестиций в Казахстане. В то же время в данном исследовании были проанализированы основные политические документы, такие как Программа развития высшего образования и науки на 2023-2029 годы [2] и дорожная карта сектора. Такой аудит политики необходим для определения институциональной иерархии,

выявления существующих механизмов поддержки и подтверждения государственных обязательств по развитию передовых материалов.

На заключительном этапе анализа была проведена структурированная SWOT-оценка, чтобы объединить литературные данные с результатами анализа политики. Мы разделили тематически закодированные факторы на эндогенные детерминанты (сильные/слабые стороны), включая обеспеченность ресурсами, исследовательскую инфраструктуру и финансовую жесткость, и экзогенные силы (возможности/угрозы), такие как развивающиеся сегменты рынка и риски зависимости от технологий. Для обеспечения целостности данных мы объединили избыточные записи и провели строгий отбор: в окончательный анализ были включены только наблюдения, подтвержденные перекрестной валидацией. Такая тщательность обеспечила то, что созданная матрица SWOT не была типовой, а точно отражала структурные реалии, формирующие энергетический ландшафт Казахстана.

Для того чтобы преодолеть разрыв между абстрактным анализом и промышленными реалиями, мы соотнесли результаты SWOT-анализа с конкретными сценариями применения технологий. Отбор технологий для применения основывался на трех требованиях: строгое соответствие промышленным потребностям страны, экспериментальная эффективность в аналогичных геологических или инфраструктурных условиях, а также способность конкретно устранить выявленные слабые стороны экосистемы. Отбор прошли три заявки: нанофлюидная нефтеотталкивающая технология на основе кремнезема, антикоррозийные покрытия на основе графена и перовскитные фотоэлектрические элементы. Эти технологии составляют операционную основу предлагаемой дорожной карты коммерциализации, в которой подробно и с указанием сроков расписаны действия правительств, научных кругов и промышленных игроков.

Результаты и обсуждение

SWOT-анализ национальных инновационных экосистем выявляет явный парадокс: несмотря на амбиции на национальном уровне, реальный прогресс сдерживается глубоко укоренившимися структурными ограничениями. На рисунке 2 (b) показан контраст между внутренним потенциалом и обязательствами и внешними рыночными силами.

Нынешняя экосистема управляется централизованной политикой, а не рынками. Это стремление сверху вниз отражено в Программе развития высшего образования и науки на 2023–2029 годы [2], которая прямо направляет финансирование на прикладные исследования. Помимо политической поддержки, существует и практическая материальная база: более 20 специализированных лабораторий по всей стране оснащены необходимым

оборудованием для синтеза и определения характеристик наноматериалов, составляя основу НИОКР в стране. В то же время зарождающиеся офисы коммерциализации начинают наводить мосты между лабораторией и рынком.

Этот научный потенциал уже приносит ощутимые результаты. Например, исследования по оптомеханике, проведенные Соколовым и другими [11] в Сатбаевском университете, позволили установить ключевые физические параметры для разработки высокоэффективных промышленных покрытий.

Географическое положение дает очевидное логистическое преимущество: обилие дешевого исходного сырья. Казахстан располагает большими запасами кварцевого песка (необходимого для производства кремнезема) и графита (сырье для производства графена). Такая геологическая реальность позволяет перейти от импорта дорогостоящих зарубежных наноматериалов к отечественному синтезу и вертикальной интеграции. Преимущества местного производства двояки: снижение затрат на цепочку поставок и возможность проводить быстрые, итеративные пилотные испытания непосредственно на местных месторождениях.

Несмотря на официальные заявления о росте капитала, экономическая реальность мрачна: интенсивность НИОКР остается на низком уровне - около 0,14 % ВВП. Структура капитала опасно несбалансирована – государство обладает почти монополией на инвестиции, неся почти 80 % всех расходов на НИОКР [3], что является глубоким отражением его неспособности эффективно снизить риски участия частного сектора. Этот финансовый дисбаланс привел к функциональному параличу, часто называемому «разрывом между наукой и промышленностью». В отсутствие правовой и финансовой базы для совместных предприятий перспективные прототипы часто оказываются запертыми в университетских лабораториях, не имея возможности переступить порог промышленных испытаний.

Рисунок 2 – Стратегический диагноз национальной инновационной экосистемы.

Рисунок 2. (a) Интенсивность НИОКР: Республика Казахстан — 0,14% ВВП против ~2,3% в среднем по миру; структура финансирования НИОКР: около 80% – государство. (b) SWOT-матрица инновационной экосистемы: сырьевые ресурсы (кварц, графит) как эндогенный актив и «долина смерти» между наукой и промышленностью как ключевая системная слабость; внешняя возможность – кооперация в рамках инициативы «Пояс и путь» для ускорения трансфера технологий.

Развитие нанотехнологической отрасли в Казахстане сталкивается с главным препятствием – нехваткой человеческого капитала. Инновации ограничиваются не только финансированием, но и двойным дефицитом талантов: нехваткой специализированных наноинженеров и практически полным отсутствием специалистов по управлению передачей технологий. Эта проблема усугубляется продолжающейся «утечкой мозгов», когда ведущие ученые уезжают за границу в поисках стабильной среды. В то же время местные университеты еще не в полной мере включили в свои учебные программы такие бизнес-навыки, как стратегия защиты интеллектуальной собственности и инкубация стартапов, что приводит к разрыву цепочки создания стоимости от результатов лабораторных исследований до выхода на мировой рынок.

1. Astana (6693.5 thousand tenge) regional features: a) a high share of the services, trade and information technology sectors; b) well-developed infrastructure and concentration of business centers; c) significant public and private investments.

2. Atyrau region (5664.3 thousand tenge) development features: a) the predominance of the oil and gas sector; b) high incomes due to oil and gas exports; growth factors include investments in oil production and refining, and the active participation of small and medium-sized businesses in related industries.

3. Almaty (5197.8 thousand tenge): regional features: a) an economic center with a diversified economy; b) a high concentration of enterprises in the field of trade, services and finance;

The lowest indicators of output per capita (less than 1,500 thousand tenge) are (Figure 2):

1. Kyzylorda region (555.3 thousand tenge) regional features: a) agricultural orientation of the economy; b) limited access to finance and infrastructure, SMEs do not have sufficient working capital; c) factors of low productivity include weak investment inflows, high cost of bank capital and low business diversification. 2.Turkestan region (KZT 637.2 thousand): the reasons for the slow pace of SME development are limited access to sales markets and logistics infrastructure; due to the relatively weak implementation of industry 4.0 technologies;



Figure 2 – Output of products by SMEs per capita by regions of the Republic of Kazakhstan (thousand tenge, average for 2021-2023). Note - Calculated by the authors using the primary data presented in [4].

3. Zhambyl region (728.7 thousand tenge) stands out for its low level of urbanization and insufficient level of development of processing enterprises of raw materials, lack of large infrastructure projects (Figure 3). This is explained by the fact that the region's economy is largely based on agriculture and the extraction of raw materials (phosphates, coal and other minerals) with insufficient investment in the processing industry. At the same time, many types of agricultural products (grain, meat) are exported as raw materials, are not processed locally into products with a high share of added value, and the underdevelopment of transport and logistics networks leads to high costs of delivering raw materials to processing plants or finished products to markets.

For regions with high per capita output rates, it is proposed:

a) continue to support innovative projects, as the Export Accelerator Program is aimed at training small and medium-sized entrepreneurs in foreign markets. «QazTrade» specialists help to choose optimal export destinations, prepare products for the requirements of importing countries, potential consumers and logistics organizations; the Startup Kazakhstan program, implemented by the Park of Innovative Technologies Foundation, is aimed at creating and supporting high-tech SME companies. Its main areas include Industry 4.0, new materials and energy, smart cities (SmartCity) and financial technologies (FinTech).

b) invest in the development of high-tech industries, SMEs should focus on the most promising and fast-growing technological sectors - Industry 4.0 (automation,

robotics, IoT, artificial intelligence); Financial technologies (FinTech); Green technologies and renewable energy; «Big Data and data analytics»; SMEs can use the following sources: 1) Government programs (grants and subsidies, for example, the Business Roadmap 2025; 2) Private and venture capital investments (partnerships with investment funds, business angels); 3) Crowdfunding and crowdinvesting (funds raised through the platform, such as Kickstarter, Seedrs); 4) Preferential loans and subsidized rates (development programs for developing companies); 5) Innovative accelerators and incubators (for example, Astana Hub, TechGarden).

For regions with low per capita output, a) to develop processing clusters in agriculture, as weak integration of modern agricultural and industrial production and technology reduces the efficiency of the Agro-Industrial complex in the region (https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/943359?lang=ru); b) to invest in transport and digital infrastructure. To overcome these challenges, strategic investments in infrastructure, industrial modernization, and incentives for processing plants are needed. The creation of special economic zones (SEZs), tax incentives, and workforce training programs could contribute to increased urbanization and industrialization in these regions.

The calculations performed showed that the correlation coefficient between the indicators «Number of employees in SMEs» and «Output volume» is 0.87, which indicates a strong positive relationship. In this part, analytical studies have revealed the following «cause-and-effect» patterns and relationships:

• the relationship between productive forces and final products: Regions with a high proportion of people employed in SMEs (for example, Astana, Almaty, Atyrau region) demonstrate a high volume of output, i.e. an increase in employment in SMEs directly contributes to an increase in economic activity and production volumes;

• the effectiveness of regional development: a) in developed regions with high infrastructure accessibility and investments, SMEs work more productively; b) in regions with low indicators (for example: Kyzylorda, Turkestan regions) there is an insufficient correlation between the number of employees and output, which may be due to low labor productivity.

• Infrastructural and market factors - Regions with developed logistics and access to large markets (Astana, Almaty) show a higher volume of output with the same number of employees.

In Kazakhstan, the trade sector is the industry where SMEs have the largest segment of activity. In 2021-2023, the largest share in the structure of active SME enterprises is occupied by SMEs operating in the wholesale and retail trade, enterprises in the construction and education sectors (Figure 3).



Figure 3 – Structure of existing SME entities by type of economic activity (in % average for 2021-2023). Note – Calculated by the authors using the primary data presented in [4].

The following is a list of the most actively represented branches of the national economy of the country by small and medium-sized businesses: a)wholesale and retail trade - 31.9%, where the determining factor is the intensive growth of the population's demand for consumer goods; b) agriculture - 18.2% due to large amounts of subsidies from Government programs for farmers and peasant farms; c) the provision of technical and maintenance services for automotive and household appliances, as well as repair and finishing services in housing -18.5% (Figure 3).

The increase in the volume of trade and services is directly affected by the intensive development of the digitalization process in the country, as well as increasing investments in the infrastructure of the national economy (Figure 3).

Forecasting the development of SMEs in the Republic of Kazakhstan for 2030. In the course of the study, along with a systematic and comparative analysis of the facility, an attempt was made to predict the development of SMEs in the future based on the formulation and implementation of mathematical modeling methods for the processes under study. A mathematical model of linear programming based on the following algorithm has been developed:

1. Calculation algorithm

1.1 The growth of the share of SMEs in GDP:

GDPMSB(t)=GDPMSB(2023)×(1+rGDP)t−2023GDP_{MSB}(t) = GDP_{MSB}(2023) \times (1 + r_{GDP})^{t - 2023} GDPMSB(t)=GDPMSB(2023)×(1+rGDP)t−2023 Where rGDPr_{GDP}rGDP is the average annual growth of the share of SMEs in GDP (Table 2).

Table 2 – Final indicators of SMEs - Forecast for 2030

Indicators	years		growth	
	2024	2030	absolutely	%
Production volume, million tenge	76 250 914,0	114 799 313,8	38 548 399,8	50,55
The share of SMEs in the GDP of the RK,%	37,40	46,98	9,58 п.п.	-
Employed workers in SMEs, thousand people	4 373	5 256	883,0	20
Labor productivity per 1 SME employee, thousand tenge	17 436	21 841	4405	25

Initial data for forecasting

Date	Fraction, %	Forecast (Fraction, %)
2015	24,9	
2016	26,8	
2017	25,6	
2018	28,3	
2019	30,8	
2020	31,6	
2021	33,3	
2022	36,5	
2023	36,7	
2024	37,4	37,4
2025		40,95299824
2026		40,94620335
2027		42,19371308
2028		45,74561713
2029		45,73882223
2030		46,98633197

Figure 4 – Forecast graph for the growth of the share of SMEs in the GDP of the Republic of Kazakhstan. Source: The author's elaboration.

1.2 Employment growth in SMEs of the Republic of Kazakhstan:

EMSB(t)=EMSB(2023)×(1+rE)t−2023E_{MSB}(t) = E_{MSB}(2023) \times (1 + rE)^{t - 2023}EMSB(t)=EMSB(2023)×(1+rE)t−2023 Where rE=0.02r_E = 0.02rE=0.02 is the average employment rate (2%) (Table 2).

Initial data for forecasting employment in SMEs of the Republic of Kazakhstan (million people)

Date	Employment	Forecast (employment)
2015	3,184	
2016	3,167	
2017	3,19	
2018	3,268	
2019	3,399	
2020	3,473	
2021	3,475	
2022	4,109	
2023	4,322	
2024	4,373	4,373
2025		4,527130439

2026	4,672919668
2027	4,818708897
2028	4,964498126
2029	5,110287355
2030	5,256076584



Figure 5 – Graph of employment forecast in SMEs of the Republic of Kazakhstan (million people). Source: The author's elaboration.

1.3 The volume of SME production:

PMSB(t)=PMSB(2023)×(1+rP)t−2023P_{MSB}(t) = P_{MSB}(2023) \times (1 + rP)^{t - 2023}PMSB(t)=PMSB(2023)×(1+rP)t−2023 Where rP=0.05r_P = 0.05rP=0.05 projected growth in average output (5%) (Table 2).

Initial data for forecasting

Date	Production	Forecast (Production)
2015	15699000	
2016	19609000	
2017	23241000	
2018	26490000	
2019	32387000	
2020	33387000	
2021	42842358	
2022	59221488	

2023	62917010	
2024	76250914	76250914
2025		82123739,23
2026		88658854,14
2027		95193969,05
2028		101729084
2029		108264198,9
2030		114799313,8



Figure 6 – Forecast graph for the growth of the volume of production of SMEs of the Republic of Kazakhstan. Source: The author's elaboration.

1.4 Impact of government support: Additionally, the impact of government support on output is taken into account:

PMSB(t)=PMSB(t)+k·G(t)P_{MSB}(t) = P_{MSB}(t) + k\cdot G(t) PMSB(t)=PMSB(t)+k·G(t) Where k=0.02k = 0.02k=0.02 is the efficiency coefficient of government programs.

II. Interpretation of the results (Table 2)

2.1 The share of SMEs in GDP: It will increase to 46.98% by 2030, against the level of 37.4% in 2024 due to economic diversification and «green» initiatives.

2.2 Employment in SMEs: Over the period 2024-2030, it will increase by 20%, which is equivalent to the creation of 883 thousand new jobs.

2.3 Production volume: by 2030, compared with 2024, it will increase by 50.56%, taking into account state support, reaching 114,799. 3 billion tenge in 2030.

III.Additional parameters for evaluation

3.1 Labor productivity for the period 2024-2030:

PTMSB(t)=PMSB(t)EMSB(t)PT_{MSB}(t) = \frac{P_{MSB}(t)}{E_{MSB}(t)}PTMSB(t)=EMSB(t)PMSB(t) Labor productivity in 2030:

PTMSB(2030)=114,799,313.8 million tenge / 5,256 thousand peoplePT_{MSB}(2030) = \frac{114,799,3}{5,256} = 21,841,57\million\, tenge \, / \, thousand \, people.PTMSB(2024)=76,250,914=17.436 million tenge/person.

Labor productivity growth will amount to 25.1% in 2030 compared to the level of 2024.

3.2 Efficiency of government support:

EffG(t)=k·G(t)PMSB(t)×100%Eff_{G}(t) = \frac{k\cdot G(t)}{P_{MSB}(t)} \times 100\%EffG(t)=PMSB(t)k·G(t)×100%

The effectiveness of government support in 2030:

EffG(2030)=0.02×60059337.6×100%=0.02%.Eff_{G}(2030) = \frac{0.02 \times 600}{59337.6} \times 100\% = 0.02\%.EffG(2030)=59337.60.02×600×100%=0.02%.

Bottom line:

The mathematical model predicts a steady increase in SME indicators in the coming 2025-2030 years, subject to continued government support, digitalization and the introduction of «green» technologies. For further details, industry specifics and regional differences can be taken into account.

Conclusion

1. SMEs, forming more than 37.4% of Kazakhstan's GDP, are very important for the country's economy, as well as the active development of SMEs contributes to economic diversification, reducing dependence on the raw materials sector.

2. The considered economic and mathematical model allows analyzing the current state of small and medium-sized businesses both in the country as a whole and in the context of regions. The algorithm of its implementation predicts the most approximate trajectory of SME development in the next 5 years, provided that government support and digitalization are maintained. For further details, industry specifics and regional differences can be taken into account.

3. SMEs can become the «engine» of economic growth, increasing their share in GDP to 46.98% by 2030, which will ensure economic stability and sustainable development of the regions. The introduction of innovations, integration into international markets and focus on the «green» economy will allow Kazakhstan to achieve competitiveness at the global level.

4. Research on the regions of Kazakhstan has shown a high level of employment in SMEs (>50%): in Astana (68%) and Almaty (62.1%), which is achieved due to high economic activity, developed infrastructure and a large number of SMEs, mainly in trade, services and construction. At the same time, low levels of employment in SMEs (<35%) are found in Turkestan (26.9%), Zhambyl (23.4%), Kyzylorda (30.2%), and Almaty (27.5%) oblasts. The reason for the low level is the economy's focus mainly on the agricultural sector and the low proportion of highly efficient SMEs due to limited access to markets and infrastructure.

To improve the efficiency of SMEs, we offer the following recommendations:

• A determined course towards innovation and digitalization, namely: a) to introduce digital solutions for production management, which will increase output at the current level of employment; b) to create programs to support start-ups in the field of IT and technology, which will increase the contribution of SMEs;

• Encouraging the participation of SMEs in government support: a) expand subsidy and grant programs for low-performing regions; b) simplify access to finance for small and medium-sized enterprises;

• Infrastructure projects: a) development of industrial zones in Zhambyl, Turkestan and Kyzylorda regions; b) improvement of roads and logistics infrastructure to support local businesses;

• Attracting investments in processing industries - Supporting agro-industrial clusters for processing agricultural products (fruits, vegetables and grapes), especially in regions with a predominance of the agrarian economy (Zhambyl and Turkestan regions).

REFERENCES

1 Concept for the Development of Small and Medium-Sized Enterprises in the Republic of Kazakhstan until 2030 : Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 250 dated April 27, 2022 [Electronic resource]. – https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000250 (accessed: 20.08.2025).

2 National Chamber of Entrepreneurs of the Republic of Kazakhstan «Atameken» [Electronic resource]. – https://atameken.kz/ru/pages/127-doku (accessed: 22.08.2025).

3 State Business Support and Development Program «Business Roadmap 2025»: Approved by Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 681 dated October 5, 2022 [Electronic resource]. – https://egov.kz/cms/ru/articles/road_business_map (accessed: 21.08.2025).

4 Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Small and Medium-Sized Enterprises in the Republic of Kazakhstan : Statistical Bulletin. – Astana, 2024. – 78 p. – https://stat.gov.kz (accessed: 23.08.2025).

5 **Porter, M. E.** The Competitive Advantage of Nations. – New York: Free Press, 1990. – 855 p. – https://hbr.org/1990/03/the-competitive-advantage-of-nations.

6 **Hall, R. H.** Organizations: Structures, Processes, and Outcomes. – 10th ed. – Upper Saddle River : Prentice Hall, 2004. – 496 p. – urn:lcp:organizations00rich:epub:1d535372-d406-4bf5-88c2-d666d350911d.

7 **Filippetti, A., Archibugi, D.** Innovation in Times of Crisis: National Innovation Systems, Structure and Demand. – London : Routledge, 2011. – 224 p. – https://doi.org/10.1016/j.respol.2010.09.001.

8 **Colacelli, M., Hong, J. H.** Productivity Decline in Small and Medium-sized Enterprises in Japan [Electronic resource] : IMF Working Paper / Asia-Pacific Department ; approved by P. Kashin. – Washington, D.C.: International Monetary Fund, 2019. – https://www.imf.org (accessed: 05.12.2024).

9 **Moscalu, M., Girardone, C., Calabrese, R.** SME growth under financial constraints and integration of banking markets in the Eurozone // Journal of Small Business Management. – 2020. – Vol. 58, No. 4. – P. 707–746. – https://doi.org/10.1080/00472778.2019.1668722.

10 **Bongini, P., Ferrando, A., Rossi, E.** Access of SMEs to market financing in the eurozone countries // Small Business Economics. – 2021. – Vol. 56. – P. 1667–1697. – https://doi.org/10.1007/s11187-019-00285-z.

11 **Batrancha, L. M., et al.** Sources of financing for SMEs and their impact on economic growth in the European Union: conclusions from a panel study covering sixteen years // Sustainability. – 2022. – Vol. 14. – Art. 15318. – https://doi.org/10.3390/su142215318.

12 **Vyrostkova, L., Kadarova, Y.** Business dynamics: assessment of the role of macroeconomic variables in increasing the number of new enterprises in the Eurozone // International Journal of Financial Studies. – 2023. – Vol. 11, No. 4. – Art. 139. – https://doi.org/10.3390/ijfs11040139.

13 **Vecchiato, R., Do, H., Pierrakis, Y., Blackburn R.** Innovation and Foresight in SMEs: Lessons From the Case of U.K. Digital Health Companies // IEEE Transactions on Engineering Management. – 2024. – Vol. 71. – P. 1655–1668. – https://doi.org/10.1109/TEM.2023.3336732.

14 OECD. Small business, job creation and economic growth: facts, obstacles and best practices [Electronic resource]. – Paris: OECD Publishing, 2024. – https://www.oecd.org/cfe/smes/2090740.pdf (accessed: 05.12.2024).

15 **Yoshino, N., Taghizadeh-Hesary, F.** The Role of Small and Medium-Sized Enterprises in Asia and Their Difficulties in Accessing Finance [Electronic resource] : ADB Working Paper No. 911. – Tokyo : Asian Development Bank Institute, 2018. – https://www.adb.org/publications/role-smes-asia-and-their-difficulties-accessing-finance (accessed: 05.12.2024).

16 Asian Development Bank. Financing of Small and Medium-Sized Enterprises in Asia and the Pacific under Credit Guarantee Schemes [Electronic resource]. – Manila: ADB, 2022. – https://www.adb.org/sites/default/files/publication/774531/financing-smes-credit-guarantee-schemes.pdf. – https://doi.org/ 10.22617/CS220030-2.

17 **Abzhanova, D. S.** Practical aspects of improving support for small and medium-sized businesses // Bulletin of the KarSU. Economic Series. – 2020. – No. 3. – P. 83–89.

18 **Aidarkhanova, B. B.** Small business in Kazakhstan: development trends and problems // Bulletin of KAZU-EFMT. – 2019. – No. 1. – P. 13–19.

19 **Elshibaev, R. K.** The current state and directions of development of small and medium-sized businesses in the Republic of Kazakhstan // Bulletin of Turan University. – 2021. – No. 1. – P. 84–90. – https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-1-84-90.

20 **Isenova, A. S.** State policy and development of entrepreneurship in Kazakhstan in conditions of uncertainty // Central Asian Economic Review. – 2022. – No. 2. – P. 83–94. – https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-2-83-94.

Received 20.02.26.
Received in revised form 22.04.26.
Accepted for publication 01.06.26.

*Ж. Жұман[1], *А. Тағай[2], А. Мақұлова[3], M. Uskenov[4], M. Daurbayeva[5]*
[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;
[2]«Q» (Қайнар) Университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;
[3]«NARXOZ» университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;
[4,5]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.
20.02.26 ж. баспаға түсті.
22.04.26 ж. түзетулерімен түсті.
01.06.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Мақала Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған кешенді шаралар жүйесін әзірлеуге арналған. Ел бойынша және өңірлік тұрғыда ШОК-тің қазіргі жағдайына жан-жақты талдау жүргізіліп, олардың 2021–2024 жылдар аралығындағы сандық және сапалық даму үрдістері айқындалды. Зерттеу нәтижесінде ШОК-тің Қазақстанның ЖІӨ-дегі үлесі 37,4 %-ды құрайтыны және 4,3 миллионнан астам адамды жұмыспен қамтып отырғаны анықталды, бұл олардың экономиканы әртараптандырудағы маңызды рөлін көрсетеді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, ШОК тиімділігін арттыруға арналған кешендік ұсыныстар даярланған және ұсынылған: (а)өндірісті басқаруда цифрлық шешімдерді енгізу арқылы еңбек өнімділігін арттыру; (б) IT және технология саласындағы стартаптарды қолдау бағдарламаларын құру арқылы инновациялық әлеуетті күшейту; (в)агроөнеркәсіптік кластерлерді дамыту мақсатында қайта өңдеу өнеркәсібіне инвестициялар тарту. Математикалық модельдеу және сызықтық бағдарламалау әдістерін қолдану арқылы 2030 жылға дейінгі негізгі көрсеткіштердің болжамы жасалды: ШОК-тің ЖІӨ-дегі үлесі 46,98 %-ға дейін өседі, жұмыспен қамту 20 %-ға артады, ал өндіріс көлемі 50,6 %-ға ұлғаяды. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік қолдау, инфрақұрылымды дамыту және цифрландыру ШОК дамуының шешуші факторлары екенін дәлелдейді. Ұсынылған шараларды іске асыру аймақтық дамудың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, еңбек өнімділігін арттыруға және Қазақстанның инновациялық бағыттағы экономикаға көшуіне ықпал етеді.

Кілтті сөздер: шағын және орта бизнес; жұмыспен қамту, ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі, өнім көлемі, жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары.

*Ж. Жуман[1], *А. Тағай[2], А. Макулова[3], М. Ускенов[4], М. Даурбаева[5]*
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы;
[2]Университет «Q» (Қайнар),
Республика Казахстан, г. Алматы;
[3]Университет «NARXOZ»,
Республика Казахстан, г. Алматы;

[4,5]Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова,
Республика Казахстан, г. Шымкент.
Поступило в редакцию 20.02.26.
Поступило с исправлениями 22.04.26.
Принято в печать 01.06.26.

МАЛЫЙ И СРЕДНИЙ БИЗНЕС В КАЗАХСТАНЕ: СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

Статья посвящена разработке комплексной системы мер, направленных на повышение эффективности и устойчивости малого и среднего предпринимательства (МСП) в Республике Казахстан. Проведён всесторонний анализ современного состояния и регионального распределения МСП, выявлены количественные и качественные тенденции их развития в 2021–2024 годах. Установлено, что МСП формируют 37,4 % ВВП Казахстана и обеспечивают занятость более 4,3 млн человек, что подчёркивает их ключевую роль в экономической диверсификации страны. На основе результатов исследования предложен комплекс рекомендаций по повышению эффективности деятельности МСП: внедрение цифровых решений для управления производством с целью увеличения выпуска при текущем уровне занятости; создание программ поддержки стартапов в сфере IT и технологий для стимулирования инновационной активности; привлечение инвестиций в обрабатывающую промышленность, особенно в агропромышленные кластеры. С использованием методов математического моделирования и линейного программирования выполнен прогноз ключевых показателей развития МСП до 2030 года, согласно которому их доля в ВВП возрастёт до 46,98 %, занятость увеличится на 20 %, а объём производства — на 50,6 %. Полученные результаты подтверждают, что государственная поддержка, развитие инфраструктуры и цифровизация остаются определяющими факторами прогресса МСП. Реализация предложенных мер позволит обеспечить устойчивое региональное развитие, рост производительности труда и переход Казахстана к инновационно-ориентированной экономике.

Ключевые слова: малые и средние предприятия, занятость, доля МСП в ВВП, выпуск продукции, индивидуальные предприниматели, крестьянские (фермерские) хозяйства.

FTAMP 06.52.13

https://doi.org/10.48081/BGQF2177

Р. С. Жусупов[1], А. А. Жанаева[2], *З. Ж. Кенжегалиева[3], А. С. Ахметова4, Р. К. Турдалиева5

[1,2,3,4,5]Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8789-4064
[2]ORCID: https://orcid.org/0009-0003-1494-6139
[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-3172-2597
[4]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6320-2353
[5]ORCID: https://orcid.org/0009-0002-3104-4025
*e-mail: z.kenzhegalieva@asu.edu.kz

АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ТҰРАҚТЫ ДАМЫТУДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасында ауылдық аумақтарды тұрақты дамытуды қаржылық қолдаудың өзекті мәселелері зерттелген. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында ауылдық аумақтарда жалпы халықтың 57,3 % тұрады. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасында ауылдық аумақтарды тұрақты дамытуды қаржылық қолдаудың тиімді тетіктерін айқындау және олардың елдің/өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына ықпалын бағалау. Зерттеу мазмұнына қаржылық қолдаудың негізгі құралдары – субсидиялар, төмен пайыздық несиелер, субсидиялар, т.б. Зерттеу нысаны – ауылдық аумақтарды қаржылық қолдау үдерісінде қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесі, ал пәні – өңірдегі қаржылық қолдау тетігінің құрылымы мен тиімділігі. Мақаланың мазмұны қаржылық саясатты қалыптастыру, қажет қаржылық ресурстарды бөлу және оның тиімділігін бағалау кезеңдерін қамтиды. Мақалада аналитикалық және салыстырмалы тәсіл қолданылды. Ғылыми жаңашылдығы – қаржылық қолдау механизмдерін алушылардың қабылдауы тұрғысынан аймақтық деңгейде кешенді бағалау жүргізілуінде. Нәтижесінде қаржылық қолдаудың нәтижелілігі оның мақсатты бағытталуына, қолжетімділігіне және өңірлік ерекшеліктерді ескеруге тәуелді екені анықталды. Зерттеу қорытындылары мен ұсыныстары жергілікті атқарушы органдардың даму бағдарламаларын жетілдіруге, қаржы институттарының құралдарын бейімдеуге және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қолдау жүйелерімен өзара іс-қимылын арттыруға қолданылуы мүмкін.

Кілтті сөздер: ауылдық аумақтар, қаржы, қолдау, мемлекеттік бағдарламалар, субсидиялау, қаржыландыру, кооператив.

Кіріспе

Атырау облысы индустриалдық мұнайгаз мамандануына қарамастан облыстың ауылдық аумақтары азық-түлік қауіпсіздігінің негізі және дәстүрлі өмір салтын сақтаушы болып табылады. Дегенмен ол бірқатар проблемаларды тудырады: депопуляция, экономиканы әртараптандырудың төмен деңгейі, заманауи инфрақұрылымдардың жетіспеушілігі, табиғи-климаттық жағдайларға (құрғақшылық, су тасқыны) жоғары тәуелділік. «Сыбаға», «Агробизнес», «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламалары аясында жүзеге асырылатын мемлекеттік қаржылық қолдаудың қолданыстағы тетіктері көбінесе шалғайдағы мал шаруашылығының басым болуымен, суармалы жерлердің тапшылығымен және шаруашылықтың шағын нысандарының жоғары үлесімен ерекшеленетін Каспий маңы аймағының ерекше жағдайларында тиімділіктің жеткілікті еместігін білдіреді [1]. Жалпыұлттық қаржылық құралдарды өңірлік ерекшелікке бейімдеу, оларды оңайлату және атаулылығын арттыру қажеттілігі осы зерттеудің жоғары әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын айқындайды. Аграрлық саясат пен ауылдық аумақтарды дамытудың теориялық негіздері шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде зерттелген (Дж. М. Кейнс, Т. Шульц) [2].

Материалдар мен әдістері

Бұл зерттеу жұмысы Атырау облысы мысалында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауылдық аумақтарды тұрақты дамытуға бағытталған қаржылық қолдау механизмін жаңғыртудың экономикалық негіздерін кешенді талдауға бағытталған. Зерттеу барысында ауылдық аумақтардың өңірлік азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлін айқындау, сондай-ақ мемлекеттік және институционалдық қаржылық қолдау құралдарының тиімділігін бағалау көзделді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін орнықты даму тұжырымдамасы, азық-түлік қауіпсіздігі теориясы, аграрлық экономиканы мемлекеттік реттеу және өңірлік даму теориялары құрады. Теориялық талдау әдісі ауылдық аумақтарды дамытудың әлеуметтік-экономикалық маңызын, олардың аграрлық өндірісті тұрақтандыру және өңірдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі орнын ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында жүйелік тәсіл қолданылып, Атырау облысындағы ауылдық аумақтарды қаржылық қолдау тетіктері бюджеттік қаржыландыру, субсидиялау, жеңілдетілген кредиттеу, инвестициялық қолдау және инфрақұрылымдық даму элементтерінен тұратын өзара байланысқан жүйе ретінде қарастырылды. Сонымен қатар институционалдық талдау әдісі арқылы қаржылық қолдау механизмін іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың, қаржы институттарының және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің өзара іс-қимылы зерттелді.

Эмпирикалық зерттеу шеңберінде ресми статистикалық деректерге негізделген динамикалық және құрылымдық талдау жүргізілді. Бұл әдістер ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін, ауылдық аумақтардағы инвестициялық белсенділікті, мемлекеттік қолдау көлемінің өзгеруін және олардың азық-түлік қауіпсіздігі көрсеткіштеріне ықпалын бағалауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар салыстырмалы талдау әдісі Атырау облысының көрсеткіштерін республикалық орташа деңгеймен салыстыру үшін қолданылды.

Зерттеу материалдары ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері, агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуға арналған мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметтері басшылыққа алынды. Алынған ғылыми нәтижелер қаржылық қолдау механизмін жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды әзірлеуге негіз болды.

Нәтижелер және талқылау

Әлем бойынша ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту мәселелері ерекше назар аударып келеді. 2015 жылы БҰҰ саммитінде 193 елдің көшбасшылары әлемді 2030 жылға қарай тұрақты даму траекториясына шығаруға бағытталған негізгі мақсаттарды айқындады [3]. Бұл мақсатқа ықпал ететін қағидаттардың бірі, басқаларымен қатар, кешенді тәсіл қағидаты болды, яғни ауылдық аумақтарды тұрақты даму мақсаттарына бұл мақсаттар оқшауланған түрде жүзеге асырылса, оған қол жеткізу мүмкін емес. Сонымен қатар, көп қырлы және өзара байланысты мақсаттарға жету еңбекті көп қажет ететін және күрделі процесс екенін ескере отырып, әрбір ел дербес өз жолын таңдайды. Қазақстан, осындай жаһандық бастамалардың белсенді қатысушысы ретінде, ауылдық аумақтарды тұрақты даму мәселелерін мақсатты түрде күн тәртібіне қояды.

Тұрақты ауыл шаруашылығын дамыту мәселелерін шешу, соның ішінде халықтың әл-ауқатын жақсарту, экономикалық өсімді ілгерілету және жұмыс орындарын құру мақсатымен іс жүзінде сәйкес келеді, ауылдық жерлерді дамытумен байланысты. Дегенмен, ауылдық жерлерді тұрақты дамытудың өзін талқыламас бұрын, ауылдық жерлерді дамытудың ерекшеліктерін зерттеуге

кешенді тәсілдің, ауылдық деңгейдегі ұйымдастырушылық, экономикалық және жалпы алғанда реттеушілік қатынастарды ескере отырып, қазіргі уақытта жетіспейтінін атап өтеміз. Мемлекеттік деңгейде барлық реформаларды басқарудың айқын және негізделген әдіснамасы әзірленбеген. Нәтижесінде, барлық жүзеге асырылып жатқан саясаттың тиімділігі жоққа шығарылады [4].

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы өндірісінің инновациялық дамуына мемлекеттік қолдаудың арту үрдісі байқалады және агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда. Дегенмен, кез келген бағдарламаның, әсіресе ауыл шаруашылығының мақсаттары ауылдық аймақтарды дамыту мақсаттарымен толығымен сәйкес келуі, ішінара қабаттасуы немесе тіпті қайшы келуі мүмкін.

Біздің елімізде ресми билік органдары, экономистер және ғылыми қауымдастық ауылдық жерлерді әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне әрқашан әртүрлі дәрежеде назар аударды, бірақ бұл негізінен теориялық, кейде нақты практикалық мәселелерге бағытталған. Көптеген ондаған жылдар бойы ауылдық жерлер даму шешімдерінде тар, салалық, ауылшаруашылық тәсілі басым болды. Бұл ауылдық жерлерді біржақты дамытуға, өндіргіш күштердің иррационалды бөлінуіне, әлеуметтік және қоғамдық инфрақұрылымның дамымағандығына және басқа да күрделі мәселелерге әкелді.

Ауылдық жерлерді тұрақты дамытудың негізі ауыл шаруашылығы өндірісін, мемлекеттік-жеке меншік әріптестікке (МЖӘ) негізделген ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы емес бизнесті және ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытуда жатыр [5]. Саланың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту және тиімділікті арттыру ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қаржылық қолдау қажеттілігімен тікелей байланысты. Қазіргі қаржылық қолдау жүйесі, оның иррационалдылығы мен тиімсіздігіне байланысты, түбегейлі қайта қарауды қажет етеді. Негізінен, бұл ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың қолданыстағы механизмін жаңғыртуды қамтиды. Ауыл шаруашылығы өндірушілерін қаржылық қолдау және мемлекеттік қаржылық реттеу механизмін жаңғыртудың теориялық қағидаларын қорытындылау бізге ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер жүйесін қалыптастыруға және қаржылық қолдау механизмін жаңғыртудың теориялық және әдіснамалық қағидаларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Бұл тәсіл ауылдық бизнестің экономикалық дамуына ықпал етеді, бұл өз кезегінде ауылдық жерлерді дамытуға ықпал етеді. Мұның бәріне жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басқарушылық әлеуетін дамыту арқылы қоғамдық қатынастарды бір уақытта жақсарту арқылы қол жеткізуге болады. Мұнда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру қағидаттарын сақтауды және үйлестіруді, жергілікті халықтың мүдделі топтарын басқару және дамыту

процестеріне тартуды, сондай-ақ ауылдық жерлерді тұрақты дамыту үшін стратегиялық жоспарлау әдіснамасын әзірлеуді ескеру қажет.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдірудің өзектілігі және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының толыққанды жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әртүрлі деңгейдегі билік арасындағы өкілеттіктерді бөлудің шешілмеген мәселелерін Президент Қ.К.Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында атап өтті. Бұл кейбір өкілеттіктерді орталықтан аймақтарға және жергілікті деңгейлерге беруді білдіреді, бұл жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін тұтастай жетілдіруді талап етеді.

Бәсекеге қабілетілік факторларын анықтау кезеңінен кейін ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторлары мен оны анықтау көрсеткіштерін қарастырайық [6].

1-сурет – Ауылдық аумақтардың бәсекеге қабілетілігін анықтайтын факторлар
Ескерту: авторлармен құрастырылған

Экономикада қарқынды дамып келе жатқан және бәсекеге қабілетті аймақтар тұтас экономиканың өсуінің қайнар көзі бола отырып, тұрақты дамуға жәрдемдеседі. Осыған байланысты аймақтарда ауыл шаруашылығын дамыту қазіргі таңда Қазақстанның басым мәселелерінің қатарында болып отыр.

Дегенмен экономикалық әдебиеттерде ауылдық аймақтың бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалаудың бірыңғай нақты әдістемесі қалыптаспағанын атап өту қажет.

Бәсекеге қабілеттілікті бағалаудың халықаралық тәжірибеде мойындалған әдісі Баласс индексі мен таза экспорт коэффициенті болып табылады. Алайда бұл

әдістемелер белгілі бір өнеркәсіп саласының бәсекеге қабілеттілігін бағалауға бағытталған.

Ауылдық аумақтардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін 1-ші кестедегі факторларды қолданамыз. Бағалауды мемлекеттер деңгейінде және сондай-ақ аймақтар деңгейінде де іске асыруға болады [7].

1-кесте – Ауылдық аумақтардың бәсекеге қабілеттілігін анықтау факторлары

Факторлар атауы	Көрсеткіштер
Ауыл шаруашылығының жағдайы	ЖІӨ ауыл шаруашылығының үлесі; өсімдік шаруашылығының жалпы өндірісі, млн.теңге; дәнді және майлы, картоп және көкөніс өнімдерінің жалпы өндіру көлемі, мың тонна; дәнді және майлы, картоп және көкөніс өнімдерінің өнімділігі, центнер бір гектардан; мал шаруашылығының жалпы өндірісі, млн.теңге; ірі және ұсақ мал мен құс саны; ет өндірісі (тірі / сойыс салмақта) көлемі; сүт, жұмыртқа, тері өндірісінің көлемі;
Ауылдық аумақтардың ресурстық әлеуеті	Жалпы жер ресурстары; Жалпы жер ресурсындағы егістік, шабындық және жайылым алқаптарының үлесі; Аймақта қоныстанған халық саны; Ауыл шаруашылығында еңбек ететін білікті мамандардың, кәсіпорындардың, шаруа және фермер қожалықтарынының саны; Ауыл шаруашылығы техникасының саны. Ауылдық аумақтарға бағытталған инвестициялар; Ауылдық аумақтарға бағытталған несиелер; Ауылдық аумақтарға бағытталған субсидиялар; Ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар; Жол, байланыс, ғаламтормен қамтылған АШТӨ саны; АШТӨ тасмалдау көлемі;
Баға және сапа	Ауылдық аумақтарда өндірілген өнімдердің бағасы; Ауылдық аумақтарда өндірілген өнімдердің сапасы; Жанар-жағармай мен тыңайтқыштар бағасы;
Ауылдық аумақтардағы басқа да шаруашылықтар мен көрсетілетін мен қызметтер	Ауылдық аумақтарда қызмет көрсететін кәсіпорындар саны; Ауылдық аумақтарда көрсетілген қызметтер саны;
Ескерту: авторлар құрастырған	

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің жоғары көрсеткіште жұмыс істеуіне, өнімді өндіру мен өткізу кезіндегі шығындарын төмендетуге, ауыл шаруашылығының бәсекелік қабілетінің дамуына белгілі бір механизм ықпал етеді. Дұрыс жолға қойылған механизм ауыл шаруашылығын саласын тиімді дамытуға, оның өнімінің өндірістік шығындарын төмендету мақсатында өнімді қайта өңдеу және өткізу инфрақұрылымын байланыстыра отырып, өндірістерді өңірлік мамандандырады [8].

Жоғарыда анықталған ауылдық аумақтарда өндірілген жоғары бәсекелестік артықшылықтары бар өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін келесі ұсыныстарды ұсынамыз (сурет 2).



2-сурет – Ауылдық аумақтарда өндірілген өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ұсыныстар

Шетелге экспортын өнімдер көлемін ұлғайту және сыртқы нарыққа өнім шығаруды жеңілдету үшін мемлекеттік қолдаудың кейбір шараларын көздеу қажет, мысалы:

– қаржылық қолдау (экспорттаушылар шығындарының 50% өтеу);

– сервистік қолдау (шет елдерге сауда миссияларын ұйымдастыру; шетелдік көрмелерге қатысу; халықаралық көрмеде бірыңғай ұлттық стендті ұйымдастыру; нарықта гуманитарлық сатып алуларды жылжыту; экспорттық қызметтің мамандарын даындау; «Экспорттаушыға көмек» инструкциялық материалдар; қазақстандық тауарлық белгілерді сыртқы нарыққа жылжыту);

– ақпараттық-аналитикалық қолдау (елдік шолулар; бриф-талдау, тауарлық топтардың салалық шолулары);

– экспортқа бағытталған сауда операцияларын қаржыландыру.

Осы тауарлар экспорты тұрақты болғанда, елдің жалпы экспортын төмендету немесе осы тауардың жалпы экспорттағы үлесін ұлғайту.

Ауылдық аумақтарда өндірілген өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру отандық агроөнеркәсіптік нарықты дамыту, ішкі нарықты барлық тұрғындар тобын қолжетімді жоғары сапалы азық-түлік өнімдерімен толықтыру, ауыл шаруашылық нарығын дамыту үшін, ішкі нарықта халықты қол жетімді сапалы тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету және сыртқы экономикалық байланыстарды кеңейтудің үлкен теориялық және тәжірибелік маңыздылығы бар. Нарықтық қатынастардың дамуымен және сатып алушы үшін бәсекелестік күрестің күшеюімен бірге өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру тауар өндірушінің өзінің қаржылық-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі басты міндетіне айналды. Сондықтан ауыл шаруашылығы жоғары әлеуетке жетуі үшін мемлекеттің ауыл шаруашылығына көбірек назар аударуы керек [9].

Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың механизмі ауыл шаруашылығында жоғары түсім мен сапалы өнім алуға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық механизмін ұйымдастырушылық және экономикалық жағынан қарастыруға болады (сурет 3).

Қазақстан Үкіметі ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту үшін шараларының жоспары бойынша мақсатты бағдарламасы төмендегі міндеттерге негізделуі керек:

– негізгі дақылдар бойынша өндіріс әлеуетін арттыру;

– қосылған құнды өндіріс пен экспортты дамыту;

– ауылдық аудандардың өмір сүру сапасын жоғарылату.

Үкімет ауыл шаруашылығы аясындағы осы үш негізгі мақсатты басшылыққа алуы керек.

Ауыл шаруашылығы өзінің әлеуетіне жетуі үшін, ауыл шаруашылығы нарықтарын дамыту бағытында фермерлік шаруашылықтар жекешелендірілгенімен, жеткілікті деңгейде жүргізілген жоқ, нарықтық экономикаға өтуге керекті нарықтық құрылымдар мен мекемелер ауыл шаруашылығында осы күнге дейін жеткілікті деңгейде дамымаған. Нарықтық арналар фрагментарлы және өте қарапайым түрде қалыптасқан. Бұл фермерлер мен қайта өңдеушілердің өздерінің өнімдерін өткізуін және қажетті бағаны алуын, сондай-ақ, қайта өңдеушілердің қажет болғанда жеткілікті көлемде өндіріс факторларын алуын қиындатады. Жеткіліксіз дамыған нарық ауыл шаруашылық тауарларына деген бағаны төмендетуге қарай бағыт алады да,

осылайша, өндіріс пен инвестицияларды ынталандырудың қысқартылуы мен жоғары операциялық шығындардың пайда болуына алып келеді. Бұл ауыл шаруашылығының дамуын тежейді.

Сондықтан ауыл шаруашылығы дамып, жоғары әлеуетіне жетуі үшін нарықтардың ұйымдастырылуы мен тиімділігін жақсарту қажет. Атап айтқанда, Үкімет Қазақстанда тиімді ауыл шаруашылық нарықтарын құруда маңызды рөл атқаруы керек [10].

3-сурет – Ауылдық аумақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық механизмі

Ауыл шаруашылық кооперативтері ұжымдық сатып алымдар мен маркетинг жолымен нарықта әділетті бағаны орнатуда маңызды рөл атқарады және трейдерлердің дұрыс құрылмаған іс-әрекеттерінің салдарынан болған нарықтағы сәтсіздіктерді түзетеді. Алғашқы кооперативтер аймақтық ауылдық кооператив-одақтар мен маманданған кооператив-одақтарға ауысуа алады. мүмкін. Аймақтық кооператив-одақтар әрі қарай жерді жырту мен ет кооперативтеріне бөліне алады. Бірін-бірі қайталамас үшін аймақтық кооперативтерді аудан әкімшіліктері тағайындайды. Осылайша фермерлік шаруашылық өзінің тұрғын орнынан тыс жерде орналасқан кооперативтердің мүшесі бола алмайды. Маманданған кооператив-одақтар – арнайы өнімдерді өсірумен айналысатын фермерлермен жұмыс жүргізеді; олар фермер өндірістің белгілі деңгейіне жеткенде жағдайда ғана оны мүшелікке алынады. Сонымен қатар аймақтық алғашқа кооперативтер ретінде барлық фермерлік шаруашылықтарға ашық, бірақ белгілі мөлшердегі фермалар ғана маманданған кооперативтерге мүше бола алады. Маманданған кооперативтер, аймақтық алғашқы копперативтерге қарағанда, ауқымды шалғындарға ие [11].

Ауыл шаруашылық кооперативтері фермерлер үшін тиімді қаржыландыруды қамтамасыз ететін несиелік қызметтерді де көрсетеді. Бұл фермерлердің сәйкес пайыздық мөлшерлемемен қаржыландыруға еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жасалады. Бұл фермерлер мен агрокомпаниялардың ауыл шаруышылығын инвестициялауды арттыруын ынталандыру үшін қажет. Осыған қатысты үкімет ұлттық желі құру үшін фермерлік ассоциациялық ауыл шаруашылық кооперативтерді құруды қолдауы қажет. Бұдан басқа ауыл шаруашылық кооперативтері өндірушілер ұйымдары ретінде ауыл шаруашылығы технологияларына, маркетинг пен фермерлер үшін ферманы басқару дағдыларына үйрету сияқты ақпараттық қызмет көрсетулерді жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсетулер мен институционалдық мүмкіндіктер. Өндірушілер мен қайта өңдеушілерге мемлекеттік қызмет көрсетулерді күшейту мен институционалдық мүмкіндіктерді жасау өндіріс сапасын көтеру мен жаңа нарықтық мүмкіндіктерді анықтау, сондай-ақ фермерлік табысты арттыру үшін өте маңызды болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсетулер ақпараттық, іскерлік кеңес беруді, зерттеулер мен нарықтық ақпаратты ұсыну бойынша қызметтерді қамтиды. Ол үшін ақпараттық, іскерлік кеңес беру қызметтеріне және ауыл шаруашылық аясындағы білім беруді жетілдіру бойынша қолдауға қатысты мемлекеттік шығыстар тез арада ұлғайтылуы тиіс.

ҒЗТКЖ-ға салынатын инвестицияларды ұлғайту және мүмкіндіктер жасау, бұл ауыл шаруашылығының өнімділігін тиімді көтеруге жағдай

жасайды. Халықаралық тәжірибе ҒЗТКЖ-ға салынатын инвестицияға келетін пайда нормасының өте жоғары болатындығын, ал фермерлерді оқыту ең жақсы тәжірибелердің таралуына ықпал ететіндігін көрсетеді. Қазақстанда ауыл шаруашылығының ҒЗТКЖ-ға бөлінетін шығыстар, дамушы елдердегі орташа алғандағы 1%, ал 2,4% пайызбен салыстырғанда, ауыл шаруашылығының ЖІӨ-н тек 0,5% ғана құрайды.

Ауыл шаруашылығы саласы мен фермерлер сұранысы өсетін жаңа перспективті өнімдерді белсенді түрде іздеуі керек. Кең ауқымды егістік алқаптар мен жайылымдарды, сондай-ақ Қазақстандағы әртүрлі климаттық аймақтарды қосу астық шаруашылығын (негізінен бидай) ғана емес, сонымен қатар көкөністер, жемістер мен мал шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін арттырады және өнімділік пен сапаны үнемі жақсарту арқылы экспорттық өндірісті құруға алып келеді. Ауыл шаруашылық өндірісін әртараптандыруға және қосылған құны жоғары өнімдерді, соның ішінде жануарлар мен сүт өнімдерін өндіруге ықпал ету маңызды. Осыған байланысты, келешегі зор жаңа өнімдерді шығаруды мемлекеттік қолдау аясын кеңейту керек. Сондай-ақ Үкімет астық пайдасына қарай стратегиялық теңгерімсіздікті түзетіп, бидай өндірісіне тәуелділікті азайтуы керек. Оның орнына ауылшаруашылық өндірісін әртараптандыруды қолдауды күшейту қажет.

Ауылшаруашылығы мен ауылдық қауымдастықтарды дамыту үшін фермалардың кәсіби менеджерлерін дайындау қажет. Қазақстандағы ауылшаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін, ауыл шаруашылығының дамуын басқаратын кәсіпқой фермерлік шаруашылық менеджерлерін дайындау жақын болашақта маңызды міндет болады. Олар қазақстандық ауыл шаруашылық өндірісі мен агробизнесті басқарады және жергілікті ауыл шаруашылығының көшбасшысы болады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақала 0125РКИ0105 «Ауылдық аумақтарды тұрақты дамытуда қаржылық қолдау механизмін жаңғырту (Атырау облысы мысалында)» университетішілік гранттық жобасы аясында жарияланды.

Қорытынды

Ауылдық аумақтардың тұрақты дамуы өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады. Ауыл шаруашылығы саласында, әсіресе мал шаруашылығында, облыс үлкен әлеуетке ие.

Қазақстандық тәжірибе көрсеткендей, ауылдық жерлерді қаржылық қолдау механизмдері – субсидиялар, төмен пайыздық несие, аванстық субсидиялау және инвестициялық бағдарламалар – ауылдық аумақтардың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудің тиімді жолы болып

табылады. Аграрлық секторға жеткілікті қаржы ағымы, заманауи тұқымдар мен технологияларды енгізу, сонымен қатар мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының тиімді үйлесуі өнімділікті арттырады және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, ауылдық аумақтардың тұрақты дамуы кешенді тәсілді талап етеді: экономикалық өсімді қолдау, кәсіпкерлік және кооперативтік құрылымдарды дамыту, азаматтық қоғам институттарын күшейту және экологиялық тұрақтылықты дамыту. Бұл бағыттар бір-бірімен байланыста әрекет еткен кезде ауылдық жерлердің әлеуметтік-экономикалық ахуалы жақсарып, қалалармен теңгерімді байланыс орнайды, тұрғындардың өмір сапасы артады және өңірдің даму тұрақтылығы қамтамасыз етіледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы. [Электрондық ресурс]. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270

2 **Макенова, А.** Устойчивое развитие сельских территорий Казахстана: современное состояние / Оралбаева, А., Кизимбаева, А. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 411(5). С. 374–388. – https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.847.

3 **Утарбаева, А. Ш.** Перспективы устойчивого развития сельских территорий, потенциал развития экологического и агротуризма в Республике Казахстан / А. Ш. Утарбаева, Г. К. Сатыбалдиева, Э. С. Бөрібай [и др.] // Вестник ЗКУ. – 2025. – № 1(97). – С. 561-574. – https://doi.org/10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).45.

4 **Темирова, А.** Устойчивое развитие сельских территорий Казахстана: современное состояние / А. Темирова, А. Макенова, А. Оралбаева, А. Кизимбаева // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. – 2024. – № 5(411). – https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.847.

5 **Kazambayeva, A. M.** Food security in Kazakhstan: analysis of the current state and strategies for sustainable development / S. M. Esengalieva, Sh. S. Salimbayeva, G. K. Akhonova // Bulletin of Atyrau University named after H.Dosmukhamedov. – 2025. – Vol. 76. – № 1. – P. 272–286. – https://doi.org/10.47649/vau.25.v76.i1.23

6 **Касымова, С. Б.** Устойчивое развитие сельских территорий Кызылординской области в контексте стратегии государственного развития / С. Б. Касымова, М. К. Мақыш, А. Е. Муханова // Экономическая серия

Вестника ЕНУ им. Л. Н. Гумилева. – 2024. – № 4. – С. 41–57. – https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-4-41-57

7 **Ткачева, А. И.** Сельские территории как драйвер устойчивого развития экономики / А. И. Ткачева, Г. М. Базенов // Вестник Инновационного Евразийского университета. – 2025. – № 3(99). – С. 102–109. – https://doi.org/10.37788/2025-3/102-109.

8 **Romanchuk, L.** Funding for sustainable development of rural communities: European experience //Agricultural and Resource Economics: International Scientific E-Journal. – 2024. – Vol. 10. – №4. – P. 203–234.

9 **Джанчарова, Г. К.** Устойчивое развитие агротуризма в условиях глобализации / Г. К. Джанчарова, С. Ю. Ерошкин, О. Е. Лебедева, К. А. Лебедев // Международный сельскохозяйственный журнал. – 2025. – № 6(408). – С. 773–777. – https://doi.org/10.55186/25876740_2025_68_6_773.

10 **Wei, L.** Unlocking the effects and optimization path of financial support for improvement in environmental quality and rural revitalization development: an empirical analysis based on provincial data of Shaanxi province //Environmental Science and Pollution Research. – 2023. – Vol. 30. – № 16. – P. 46795–46812.

11 **Yesbergen, R. A.** State regulation of agricultural industry of the Republic of Kazakhstan in conditions of VUCA-world / R. A. Yesbergen, S. K. Yessengaziyeva, G. N. Asrepov // Problems of AgriMarket. – 2022. – № 2. – P. 71–77. – https://doi.org/10.46666/2022-2.2708-9991.07

REFERENCES

1 Kazakhstan Respublikasynyn auyldyk aumaktardy damytudyn 2023–2027 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasy [Concept of rural development of the Republic of Kazakhstan for 2023–2027]. [Electronic resource]. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270

Кілтті сөздер: несие, пайыздық мөлшерлеме, несие портфелі, қарыздық жүктеме, қаржылық сауаттылық, Қазақстан Ұлттық банкі, несиемания.

Кіріспе

Қазіргі кезде Қазақстандағы жеке тұлғалардың алған кредиттерінің жалпы көлемі 15 трлн теңгені құраса, ал қарыз алушылардың саны 8 миллиондай адамды құрап отыр. Қазақстандағы соңғы 6 жылда тұтынушылық кредит беру сегментінде қатты өсім байқалған.

Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті бір Жолдауында «Мен азаматтарымыздың қарызға белшеден батқанына қатты алаңдаймын. Себебі бұл мәселе жұрттың әлеуметтік жағдайына және еліміздегі қаржы жүйесінің тұрақтылығына тікелей әсер етеді» деген болатын [1].

Тұрғындардың қарыз ауыртпашылығы Президенттің назарында болуы, оған алаңдатушылық танытуы – оның қаншалықты өзекті мәселе екендігін айғақтаса керек. Бұл бүгінгі қаржы нарығындағы негізгі қызметі экономиканы қаржыландыру болып табылатын әрі Үкімет тарапынан кезінде Ұлттық қор арқылы ірі қаржылық қолдауға ие болған коммерциялық банктер үшін өте ауыр сын болуы тиіс [2]. Сөйте тұра, керісінше, олар жеңіл жолмен жеке тұлғаларды қаржыландыру арқылы ірі көлемде пайда тауып отырғаны жасырын емес.

Сонымен қатар Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ҚНРДА) басшысы М. Әбілқасымова «Ұлттық банктің дерегіне сәйкес, 2021 жылдан бастап кепілсіз тұтынушылық кредиттердің орташа жылдық өсуі 33 %-ды құрады. Соңғы 8 айда тұтынушылық кредит портфелі 9,2 трлн теңгеден асты», – дейді [3].

Банктік қаржыландыру – кез келген елдің экономикасындағы маңызды күші бар құрал болып есептелінеді. Әр елдің қаржыландыру принципіне қарай отырып, оның қандай деңгейде дамығанын және кредит талаптарының қаншалықты дұрыс жолға қойылғанын анықтай аламыз.

Еуропа елдерінің басым көпшілігінде жеке тұлғалардан гөрі заңды тұлғаларды қаржыландыру жолға қойылған, ал жеке тұлғаларға кредит көбірек берілетін елдерде ипотекалық кредитке басымдық беріледі. Мысалы, Ұлыбританияның кредит портфелінің 68%-ын ипотекалық, 1%-ын тұтыну кредиттері құраса, Данияның кредит портфелінің 61%-ын ипотекалық, ал 2%-ын тұтыну кредиттері құрайды [4].

ТМД елдерінің көпшілігіндегі жағдай сәл басқаша – банктер заңды тұлғалардан гөрі жеке тұлғаларды қаржыландыруға басымдық береді және халыққа тұтыну мақсатында берілетін кредиттер басқа кредит түрлеріне қарағанда көбірек [5]. Яғни, ел тұрғындары уақытша тұтыну өнімдерін кредит арқылы көбірек алатындығын көреміз. Бұл тенденциядан Қазақстан да тысқары қалмаған. Тарихи тұрғыдан тұтынушылық несие

беру жеке қатынастарға негізделген дәстүрлі бетпе-бет процесте жүзеге асырылған. Алайда пандемия цифрлық арналарды қолдануды жеделдетті, ал клиенттер біртіндеп өздерінің цифрлық тәжірибесіне сүйене отырып несие шешімдерін қабылдауда. Инновациялық несие берушілер бұл тәжірибені жеке қажеттіліктерге бейімдеу үшін деректерді пайдаланады және өз өнімдерін клиенттердің талаптарына сәйкестендіреді [6]. Тұтынушылық несие секторында кредиттік тәуекелді талдауда жаңа деректер түрлерін пайдалану барған сайын кеңінен қолданылуда. Бір жағынан, үлкен деректерді қолдану кредиттік тәуекелді талдаудың болжау қабілетін арттыра алады және тұтынушылық несие нарығындағы ақпараттық асимметрияны төмендетеді [7]. Тұтынушылық несие берушілер кредиттік скорингті қолдануда қиындықтарға тап болуда, әсіресе өтініш берушілердің жеке басын және кіріс деректерін тексеру, сондай-ақ олардың несие қабілеттілігін бағалау мәселелерінде [8].

Материалдар мен әдістері

Зерттеу жұмысында ҚР Ұлттық Банкінің ресми сайтында келтірілген статистикалық деректер мен есептерді қолдана отырып, талдау, синтез, салыстырмалы тәсіл сынды әдістер қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Енді сөзіміздің дәлелі үшін нақты статистикалық мәліметтерге жүгінейік (Кесте 1).

Талдау барысында 2019–2024 жж. аралығында банктер тарапынан экономикаға, соның ішінде жеке және дара кәсіпкерлердің бизнесі мен жеке тұлғаларға берілген жалпы кредит көлемі бойынша төмендегідей өзгерістерді байқауға болады. 01.01.2019 жылы кредит көлемі 13,1 трлн теңге құраса, 01.01.2025 жылы кредит көлемі 33,8 трлн теңгені құрады. Жалпы өсім – 2.6 есе.

1-кесте 1 – Экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемі млн.теңге

	Экономикаға берілген кредит көлемі	соның ішіне	
		Бизнеске (дара және жеке кәсіпкерлерге) берілген кредит	Жеке тұлғаларға берілген кредит (кәсіпкерлікке байланысы жоқ)
01.01.2019	13091764	8 097 925	4993839
01.01.2020	13864890	7 531 287	6333603
01.01.2021	14623065	7 499 987	7123078
01.01.2022	18497652	8 460 104	10037548

01.01.2023	22811882	9 637 518	13174364
01.01.2024	27 932 893	11246658	16686235
01.01.2025	33 760 675	13 083 450	20 677 225

Ескертпе – деректер негізінде авторлар құрастырған [9].

Соның ішінде, 01.01.2019 жылы таза жеке тұлғаларға (кәсіпкерлікке байланысы жоқ) берілген кредит көлемі 5.0 трлн теңге болса, 01.01.2025 жылы бұл көрсеткіш 20.7 трлн теңгеге жетіп отыр. Шын мәнісінде, жеке тұлғаларға берілген кредит көлемі 5 жыл ішінде тұрақты өсімге ие болған, немесе орташа жылдық өсім – 27.1 пайызға жетіп отыр. Демек жеке тұлғаларды кредиттеу үдерісі 2019 жылмен салыстырғанда 4.1 есеге, яғни төрт еседен аса өскендігін көреміз.

Салыстырмалы түрде бизнеске (дара және жеке кәсіпкерлерге) берілген кредит көлемі 2019-2022жж аралығында төмендеген болса, ал 2023-2025жж аралығында біртіндеп ұлғайғанын байқаймыз. Мысалы, 2019 жылмен салыстырғанда 2025 жылдың басындағы өсім 161,6%-ды құрайды, Бұл нәтиже коммерциялық банктерге соңғы жылдары Президент тарапынан айтылған сынға байланысты болса керек.

Алайда, статистикалық мәліметтерден коммерциялық банктердің экономикадан гөрі жеке тұлғаларды кредиттеуге мүдделілік көрсетіп отырғанын айқын көруге болады. Бұл алаңдатарлық жағдай. Себебі отандық бизнес үшін кредит ресурстарының тапшылығы, дәлірек айтсақ экономиканы қаржыландыруға деген құлықсыздығы үлкен проблемаға айналып отыр.

Бұл жағдайды ел экономикасы үшін қауіпті деуге де болады. Себебі екінші деңгейлі банктердің қаржыландырудағы негізгі мақсаты – жеке тұлғалардың сұраныстарын қанағаттандыру емес, бизнестің дамуына, орта және шағын кәсіпкерліктің алға жылжуына үлес қосу болып есептеледі.

Ол туралы Президент өзінің Жолдауында былай деп келтіреді. «Қазақстанда шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін 42 миллиард долларға жуық қаражат жетіспейді. Сөйте тұра, банктерде триллиондаған теңге қаржы іс жүзінде экономикаға еш пайдасын тигізбей босқа жатыр» [10]. Демек банктердегі қаржы ресурстары қаншалықты жеткілікті болғанымен, экономикаға еш пайдасын тигізбей отыр. Керісінше банктер жеке тұлғаларды қаржыландыру мүмкіндігін барынша өз қажетіне пайдаланған десек, артық айтпаған боламыз. Мұны субъектілерге берілген банк кредиттерінің пайыздық үлесінен де айқын көреміз (Кесте 2).

2-кесте 2 – Бизнеске және жеке тұлғаларға берілген кредиттер көлемінің пайыздық үлесі

	Дара және жеке кәсіпкерлерге берілген кредит көлемі,%	Жеке тұлғаларға берілген кредит көлемі, %
01.01.2019	61	39
01.01.2020	54	46
01.01.2021	51	49
01.01.2022	46	54
01.01.2023	42	58
01.01.2024	40	60
01.01.2025	39	61

Ескертпе – деректер негізінде авторлар құрастырған [10].

Мысалы, 2019–2021 жылдары дара және жеке кәсіпкерлерге берілген кредиттердің көлемі жалпы үлестік жағынан басым болғанымен, олар біртіндеп төмендей бастаған.

Жастар кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдаудың ең маңызды құралдарының бірі – жеңілдетілген несиелеу жүйесі болып табылады. 2022–2024 жылдар аралығында жас кәсіпкерлерді несиелеу көрсеткіштерінің динамикасын талдау оң үрдісті көрсетеді. Жас жеке кәсіпкерлерге берілген несиелер көлемі 2022 жылғы 125,4 млрд теңгеден 2024 жылы 176,3 млрд теңгеге дейін өсіп, 40,6 % өсімді құрады. Сонымен қатар бір жас кәсіпкерге шаққандағы орташа несие мөлшері 3,8 млн теңгеден 4,6 млн теңгеге дейін ұлғайып (+21,1 %), жүзеге асырылып жатқан жобалар ауқымының кеңейгенін айғақтайды.

Несиелік ресурстарға қолжетімділік шарттарының жақсаруы ерекше назар аударуға тұрарлық. Несиелер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме 2022 жылғы жылдық 18,5 %-дан 2024 жылы 16,8 %-ға дейін төмендеді (-9,2 %), бұл бастаушы кәсіпкерлерге түсетін қаржылық жүктемені едәуір азайтады. Сонымен қатар өтінімдерді мақұлдау деңгейінің 62 %-дан 68 %-ға дейін өсуі байқалады, бұл қаржы институттарының жастардың бизнес-бастамаларына деген сенімінің артқанын және қарыз алушыларды бағалау критерийлерінің жетілдірілгенін көрсетеді.

3-кесте – Қазақстандағы жас кәсіпкерлерді несиелеу динамикасы (2022–2024 жж.)

Көрсеткіш	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	Өсу қарқыны, %
Жас жеке кәсіпкерлерге берілген несиелер көлемі, млрд теңге	125,4	148,7	176,3	40,6%
Бір жас кәсіпкерге шаққандағы орташа несие мөлшері, млн теңге	3,8	4,2	4,6	21,1%
Несиелер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме, жылдық %	18,5	17,2	16,8	-9,2%
Жас кәсіпкерлерден мақұлданған өтінімдер саны	42 300	47 800	52 100	23,2%
Өтінімдерді мақұлдау деңгейі, %	62	65	68	9,7%

Ескертпе – деректер негізінде авторлар құрастырған [8,9].

Жас кәсіпкерлікті субсидиялау және несие кепілдігін қамтамасыз ету мемлекеттік бағдарламаларының нәтижелілігі тұрақты өсімді көрсетеді. Жас кәсіпкерлер арасында сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламасына қатысушылар саны 33,3 %-ға өсті (8 400-ден 11 200 адамға дейін), ал субсидияланған несиелер көлемі 34,5 %-ға артып, 2024 жылы 51,8 млрд теңгеге жетті. Несие кепілдігі бағдарламасы да оң динамика көрсетті: берілген кепілдіктер саны 37,5 %-ға өсті, ал кепілдендірілген несиелер бойынша қайтарылмаған қаражат үлесі 4,2 %-дан 3,5 %-ға дейін төмендеп, жобаларды іріктеу және сүйемелдеу механизмдерінің тиімділігін растайды.

Жас кәсіпкерлікті несиелеудің экономикалық әсері жаңа жұмыс орындарының құрылуы мен салық түсімдерінің өсуінде көрінеді. Талдау кезеңінде несие алған жас кәсіпкерлер 67 000 жаңа жұмыс орнын ашты, ал бір қарыз алушыға шаққандағы орташа көрсеткіш 2,3-тен 2,7 жұмыс орнына өсті. Жас жеке кәсіпкерлерден түскен салық түсімдерінің өсуі 8,2 млрд теңгеден 12,9 млрд теңгеге (+57,3 %) жетіп, жастар кәсіпкерлігін қолдауға арналған мемлекеттік инвестициялардың жоғары қайтарымын көрсетеді.

4-кесте – Жас кәсіпкерлікті несиелеудің экономикалық әсері

Тиімділік көрсеткіші	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	Өсу қарқыны, %
Несие алған жас кәсіпкерлердің құрған жаңа жұмыс орындарының саны	18 500	22 100	26 400	+42,7%
Бір қарыз алушыға шаққандағы орташа жұмыс орындарының саны	2,3	2,5	2,7	+17,4%
Жас жеке кәсіпкер-қарыз алушылардан түскен салық түсімдерінің өсуі, млрд теңге	8,2	10,4	12,9	+57,3%
Несие алғаннан кейін 12 ай ішінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың үлесі, %	78	81	84	+7,7%

Несие алғаннан кейін 24 ай ішінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың үлесі, %	68	71	74	+8,8%
Бірінші жылы қарыз алушылардың орташа табыс өсімі, %	142	156	168	+18,3%

Ескертпе – деректер негізінде авторлар құрастырған [8,9].

Несие арқылы қолдау көрсетілген бизнестердің тұрақтылығы сақталу көрсеткіштерімен дәлелденеді: несие алғаннан кейін 12 ай ішінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың үлесі 78 %-дан 84 %-ке дейін, ал 24 айдан кейін – 68 %-дан 74 %-ке дейін өсті. Қарыз алушылардың алғашқы жылы табыс өсімінің орташа көрсеткіші 2024 жылы 168 %-ға жетіп, 2022 жылғы 142 %-дан артты, бұл жастар кәсіпкерлігінің тек саны ғана емес, сапалы өсімін де көрсетеді.

Керісінше банктер жеке тұлғаларды кредиттеу үдерісін үдете бастаған. Ал, 2022–2025 жылдарда банк кредиттерінің басым бөлігін жеке тұлғалар пайдаланған деп қорытындылауға болады. Тіпті 2023 жылы банктер жеке тұлғаларды қаржыландыру үлесін 60%-ға жеткізген. Демек, қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ҚНРДА) басшысы М. Әбілқасымованың жоғарыда айтылған пікірі расталып отыр.



1-сурет – Жеке тұлғалар мен дара және жеке кәсіпкерлерге берілген кредиттер үлесі, %-бен

Ескертпе – деректер негізінде авторлар құрастырған [10].

Енді 2019–2025 жж аралығында екінші деңгейлі банктердің жеке тұлғаларға берілген кредит түрлеріне жасалған жіктеуден, қарыз алушылардың басым бөлігі тұтыну кредиттерін пайдаланғанын көреміз (Кесте 5).

5-кесте – 2019–2025 жж аралығында ЕДБ тарапынан жеке тұлғаларға берілген кредит түрлерінің жіктелімі млрд.теңге

	Жеке тұлғаларға берілген кредит, барлығы	соның ішінде		
		ипотекалық	тұтынушылық	басқа да
01.01.2019	4993,8	1 427,8	3 508,8	56,2
01.01.2020	6333,6	1 880,6	4366,5	86,5
01.01.2021	7123,1	2 487,2	4 542,7	93,2
01.01.2022	10037,5	3 270, 3	6 132,2	635, 0
01.01.2023	13174,4	4 637, 2	7 685, 2	852, 0
01.01.2024	16686,2	5 297, 3	10 311, 3	1 077, 6
01.01.2025	20 677, 2	6 063, 8	13 765, 9	847, 5

Ескертпе – деректер негізінде авторлар құрастырған [11].

2-сурет – 2019–2025 жж аралығында ЕДБ тарапынан жеке тұлғаларға берілген кредит түрлерінің жіктелімі
Ескертпе – деректер негізінде авторлар құрастырған [11].

Жалпы, екінші деңгейлі банктердің жұмысының алға жүргені және жанданғаны дұрыс, алайда олардың тек өз мақсаттары бойынша дамып, ел экономикасын ілгерілетуге деген үлестері болмаса, өздеріне берілген міндетті толығымен орындамаған болып шығады. Бұлай дейтін себебіміз де жоқ емес, өйткені, қазіргі уақытта Қазақстандағы банк жүйесінде заңды тұлғаларды қаржыландырудың орнына жеке тұлғаларға кредит беру көлемінің артқанын көреміз. Бұны Ұлттық Банк сайтынан алынған мәліметтер арқылы төмендегі кестеде сипаттауға болады [3].

Бұл түсінікті жағдай. Өйткені тұтыну кредиті – жеке тұлғалардың тұрмысына қажетті тауарлар (тоңазытқыш, жиһаз, шаңсорғыш, т.б.) сатып алу үшін немесе тұрмыстық қызметтерді өтеуге (телевизор, ноутбук, телефон) берілетін кредиттер. Халықтың ең жиі әрі кепілсіз қолданатын кредит түрлерінің бірі де осы.

Сурет мәліметтері жеке тұлғаларға берілген кредиттердің жалпы көлемі 01.01.2019 жылы 4,9 трлн теңге болса, 01.01.2025 жылы – 20.7 трлн теңгеге жетіп отыр немесе 4.2 есеге жоғары қарқында өскендігін (олардың орташа жылдық өсімі – 27.1 %) көрсетеді. Соның ішінде, тұтыну кредиттерінің үлесі жоғары, орташа жылдық өсімі 25.2%-ды құрайды. Мысалы, 01.01.2019 жылығы тұтыну кредитінің көлемі небәрі 3.5 трлн теңге ғана болса, 01.01.2025 жылы оның деңгейі 13.8 трлн теңгеге жетіп отыр, немесе өсім қарқыны 4 есеге жуық артқан. Кредит алу көлемі жағынан екінші орында ипотекалық кредит орналасқан.

Алайда 2018–2023 жж. аралығында ипотекалық кредиттің орташа жылдық өсімі 32.6 %-ды құрайды. Тағы бір ескерерлік жағдай, пайдалану көлемі жағынан тұтыну кредиті жоғары болса, өсу қарқыны жағынан ипотекалық кредит жоғары. Сонымен қатар осы жылдар аралығында тұтыну кредитіне де, ипотекалық кредитке де тұрғындар сұранысының тұрақты түрде өскендігін байқаймыз. Демек, тұрғындардың қарапайым тұрмысқа деген қажеттіліктерін банк кредиттері арқылы қанағаттандырғаны байқалады. Сонымен қатар, қазақстандықтардың коммерциялық банктердің тұтыну кредитіне деген тәуелділігін де көруге болады. Ол туралы ақпарат беттерінде былай дейді: «Қазақстанда кредитін төлей алмай отырған адам саны 1 миллион 102 мыңға жеткен. Ал еңбекке жарамды 8 жарым миллион адамның 5 миллионнан астамы банктен кредит алған. Яғни, еліміздегі әрбір төртінші адамның басында кредит бар» [12]. Бұдан ел тұрғындары уақытша тұтыну өнімдерін кредит арқылы көбірек алатындығын көреміз. Ал дамыған елдердің және Еуропа елдерінің екінші деңгейлі банктері ипотекалық кредиттерге басымдық береді. Мысалы, Ұлыбританияның кредит портфелінің 68 %-ын ипотекалық, 1 %-ын тұтыну кредиттер құраса, Данияның кредит портфелінің 61 %-ын ипотекалық, ал 2 %-ын тұтыну кредиттері Яғни, ел тұрғындары уақытша тұтыну өнімдерін кредит арқылы көбірек алатындығын көреміз. Ал дамыған елдердің және Еуропа елдерінің екінші деңгейлі банктері ипотекалық несиелерге басымдық береді. Мысалы, Ұлыбританияның несие портфелінің 68 %-ын ипотекалық несиелер, 1 %-ын тұтыну несиелері құраса, Данияның несие портфелінің 61 %-ын ипотекалық несиелер, ал 2 %-ын тұтыну несиелері құрайды [12].

Бұл көрсеткіштер қазіргі уақытта жеке тұлғалардың өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қаржыландырудың, әсіресе тұтыну кредитінің көмегіне жүгініп отырғанын көрсетеді. Демек, ел тұрғындары сатып алғысы келетін жылжымайтын/жылжымалы мүлкінен бөлек, тұтыну тауарларын да (техника, тұрмыстық қажеттіліктер) бөліп төлеу арқылы кредитке алатындығы айғақталып отыр.

Ендігі кезекте тақырыбымыздың өзектілігіне, яғни, Қазақстандағы тұрғындардың кредитке тәуелділігін анықтау үшін коммерциялық банктердің қарыз портфелінің сапасына шолу жасауға тура келеді.

6-кесте – ЕДБ-ң жеке тұлғаларға берген қарыз портфелінің құрылымы мен сапасы млрд.теңге

	01.19	01.20	01.21	01.22	01.23	01.24	01.25
Жеке тұлғаларға берілген кредит барлығы: соның ішінде	4993,4	6333,6	7123,1	10037,5	13174,4	16686,2	20 677, 2
стандартты	4315,4	5701,2	6496,9	9430,2	12300,0	15619,2	19 195,4
мерзімі 30 күн өткен	171,1	152,7	142,7	175,1	250,5	305,3	433,7
мерзімі 60 күн өткен	59,4	39,6	68,5	48,6	80,4	113,2	148.3
мерзімі 90 күн өткен	37,3	31,9	28,6	31,0	50,0	73,9	109.5
мерзімі 90 күннен жоғары өткен	410,2	408,2	386,4	352,6	493,5	574,6	790.3

Ескертпе – деректер негізінде авторлар құрастырған [13].



3-сурет – ЕДБ-ң жеке тұлғаларға берген қарыз портфелінің құрылымы мен сапасы

Ескертпе – деректер негізінде авторлар құрастырған [13].

Кесте мәліметтерінен тұтыну кредиттерін алушы тұрғындардың қарызды толығымен уақытында қайтара алмайтындығын көреміз. Мысалы, 01.01.2019 жылы қайтару мерзімі 90 күннен асып кеткен кредиттердің үлесі 410,2 млрд.теңге (жалпы кредиттің 8.2 %-ы) болса, 01.01.2025 жылы оның көлемі 790.3 млрд.теңгені (жалпы кредиттің 3.8 %-ы) құрап отыр.

Сол сияқты кесте мәліметтері коммерциялық банктердің экономиканы емес, жеке тұлғаларды қаржыландырумен әуестеніп отырғанын анық көрсетеді. Мұның себебі, тұрғындар тарапынан кредитке деген тәуелділік десек, банк тарапынан жеке тұлғаларды қаржыландыру процесінің жеңіл әрі жылдам шешілетіндігі. Өйткені тұтыну кредитін рәсімдеу артық құжаттарды (төлқұжат, ЖСН, қажетті орындардан анықтама т.б. басқасын) талап етпейді, сонымен қатар, көп жағдайда тұтыну кредитіне деген қарыз кепілдігі (кепілдік келісім шарты, кепілгерлік т.б.) талап етілмейді. Нәтижесінде банктердің тұрғындарды шамадан тыс қаржыландыруы салдарынан проблемалық қарыздардың қалыптасуы орын алады.

Бұл туралы БАҚ-нан оқып білуге болады. «Проблемалық қарыздар бойынша, 1,7 млн қазақстандықтардың 90 күннен астам уақыт бойы кредитін төлей алмай жүр. Олардың қарызы 1,4 трлн теңгеден асады. Бұдан бөлек, ел тұрғындары рәсімдеген онлайн-микрокредиттер көлемі 197 млрд теңгені құрайды, қарыз алушылар саны 1,09 млн адамға жетті. Осының бәрі кредит проблемасының қаншалықты асқынып кеткенін көрсетеді» [14].

«Қазір банктерден шектеусіз кредит алып, қарызға белшесінен батып отырған азаматтарымыз көп. «Халық кредит қамытын киіп отыр» десе де болады. Адамдардың кредитке тәуелділігі мен қаржылық сауатының төмендігі үлкен әлеуметтік проблемаға айналды. Көбінің айтатыны – кредитке тәуелділік. Бұл жалпыхалықтық сипат алған құбылысқа айналды», дейді Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов [14].

Ғылыми мазмұнын арттыру мақсатында осы зерттеуде жеке тұлғаларды несиелеу тәжірибесін шетелдік кейбір елдер мысалында қарастырамыз, соның ішінде дамыған экономикаларға (Ұлыбритания, Дания, АҚШ) және қаржы нарығы дамуы жағынан Қазақстанмен салыстырылатын мемлекеттерге ерекше көңіл бөлінеді.

Ұлыбритания. Ұлыбритания банктерінің несие портфелі дәстүрлі түрде ипотекалық несиеге бағытталған: оның үлесі жеке тұлғалардың жалпы несие портфелінен тұрақты түрде 68 %-дан асады. Тұтыну несиелері шамамен 1 %-ды ғана құрайды. Мұндай құрылым үй шаруашылықтарының нақты активтерін қалыптастыруға бағытталған ұзақ мерзімді инвестицияларды басымдыққа шығаратынын көрсетеді. Ұлыбритания банкі ипотекалық несие беру кезінде қарыз жүктемесінің коэффициенттері бойынша талаптарды

біртіндеп қатаңдатады. Басты реттеу құралы - LTI (loan-to-income) көрсеткіші: қарыз алушы жылдық табысынан 4,5 есе артық ипотека ала алмайды. Бұл механизм тұрғындардың артық қарызданууын едәуір болдырмайды.

Дания. Даниядағы ипотекалық нарық әлемдегі ең дамығандардың бірі болып табылады: ипотекалық несиелердің портфельдегі үлесі шамамен 61 %, тұтыну несиелері – шамамен 2 %. Дат жүйесінің ерекшелігі – баланс принципі (balance principle) механизмі, онда берілген әр ипотекалық несие тиісті облигациямен қамтамасыз етіледі. Бұл жоғары мөлшерде ашықтықты және төмен жүйелік тәуекелді қамтамасыз етеді. Тұтыну несиелерінің аз болуы Даниядағы әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің азаматтардың әлеуметтік шығындарының – денсаулық сақтау және білім беру – едәуір бөлігін жабатынына байланысты, бұл тұтынушылық қарыз алуға ынтаны төмендетеді.

АҚШ. АҚШ-та жеке тұлғалардың несие портфелі құрылымы ипотекалық несиелерге қарай ығысқан: ипотека үй шаруашылықтарының жалпы қарызының шамамен 70 %-ын құрайды. Федералды резерв жүйесінің деректеріне сәйкес, 2025 жылы тұтынушылық несиелер көлемі 2,4 %-ға өсті (соның ішінде қайта қаржыландырылатын несиелер 3,4 %, қайта қаржыландырылмайтындар 2,0 %), бұл бақыланатын, орташа өсімді көрсетеді. Американдық модель ерекшелігі – іскерлік несиелеу тұтынушылықпен қатар дамиды, оны ығыстырмайды: екі сегмент ФРС-тің ақша-кредит саясаты құралдары арқылы теңестірілген.

Қазақстанға ұқсас дамушы экономика тәжірибесін қарастыру - қаржы нарығының дамуы, ЖІӨ құрылымы және банк секторын дамыту деңгейі бойынша – Қазақстан жағдайының ерекшеліктері туралы негізді қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Өзбекстан. Өзбекстан ұқсас тенденцияларды көрсетеді. Өзбекстан Республикасының Орталық банкінің деректері бойынша, 2023 жылы жеке тұлғаларға берілген несиелер 47,2 %-ға өсті. Жеке тұлғалар портфеліндегі тұтынушылық несиелер үлесі 23 %-дан 30 %-ға дейін, микро несиелер – 14,5%-дан 16,5%-ға дейін өсті. Ал ипотекалық несиелер үлесі 46 %-дан 39 %-ға төмендеді. Осылайша, Қазақстандағыдай, қысқа мерзімді тұтынушылық несиелеудің жылдам өсуі ұзақ мерзімді ипотекалық несиелеуге әсер еткен тенденция байқалады. Өзбекстан банктер жүйесіндегі проблемалық несиелер үлесі 4,4 %-ды құрап, Қазақстан көрсеткішінен сәл жоғары.

Түркия. Түркия тәжірибесі ұзақ мерзімді жоғары инфляция кезеңінің несие нарығы құрылымына әсерін көрсетеді. 2022–2023 жылдары инфляция 60–80 % деңгейінде болған кезде түрік банктері жеке тұлғаларды белсенді несиеледі. Халықаралық валюта қоры деректері бойынша, Түркияда

тұтынушылық және корпоративтік несиелеу жалпы несие өсіміне шамамен бірдей үлес қосты, бұл қосымша инфляциялық қысым тудырды. Нәтижесінде Түркия Орталық банкі негізгі мөлшерлемені жылдық 40–50 % деңгейіне дейін күрт көтеруге мәжбүр болды, бұл қарыз алушыларға ауыр соққы жасады.

Қазақстан бұл тәжірибені ескере отырып, кредиттік нарықтағы ең өткір мәселелерді болдырмауға мүмкіндік алады: басымдық тыйым салушы шараларға емес, қаржылық сауаттылықты жүйелі түрде арттыруға, ұзақ мерзімді жинақтау құралдарын дамытуға және іскерлік несиелеуді мақсатты ынталандыруға берілуі тиіс.

Қорытынды

Зерттеу жұмысын қорытындылайтын болсақ, қазіргі уақытта Қазақстандағы тұтыну несиелерінің көптеп берілу себептерін былайша сипаттауға болады:

Заман ағымына сай банк жұмыстарының оңтайландырылуы, банк сервистерінің онлайнға өтуімен жеке тұлғаларға берілетін несиелердің жұмысының жеңілдеуі. Қазіргі уақытта несие алу үшін банктегі ұзын-сонар кезекке тұрудың қажеті жоқ және өзіңмен бірге бірнеше құжаттарды алу керек емес. Несие алу үшін жеке басты куәландыратын құжатыңыз бен жылдамдығы жоғары интернетіңіз болса болғаны. Ай сайынғы төлемақыны да банк бөлімшесіне бармай-ақ, үйде отырып төлеуге болады.

Банк сервистерінің жеңілдеуімен тұтынушылық тауарларға деген халықтың сұранысының арта түсуі.

Ал тұтыну несиелерінің көбеюінен туындайтын салдары төмендегідей:

2022 жылдан бастап экономикаға берілген несиелердің жартысынан аз бөлігі, нақтырақ айтсақ, 01.01.2025 жылы 39 %-ы ғана заңды тұлғаларға берілген. Ал шын мәнісінде екінші деңгейлі банктер ЖІӨ көлемін арттыруға және түрлі бизнестің дамуына септігін тигізе алатын қызмет атқаруы керек.

Кейбір жағдайларда екінші деңгейлі банктер жеке тұлғаның төлем қабілетін ескермей, банктің өзіне ғана емес, экономикаға да зиянын тигізіп, күмәнді және үмітсіз несиелердің санын өсіріп алады.

Жеке тұлғаның әлеуметтік күйзеліске ұшырауына себеп болу. Яғни, тауарларды бірінен кейін бірін несиеге немесе бөліп төлеуге рәсімдеу, бір несиені өтеуді аяқтаған, соң екіншісін алуға деген тәуелділіктің туындауы ең аяғында кредитоманияға алып келуі әбден мүмкін. Егер қоғам байлығы адам капиталы екенін ескерсек, сол байлықты кредит арқылы жоғалту қаупі әбден мүмкін екендігін ескергеніміз де жөн.

Қорытындылай келе бұл пікірлер – еліміздегі кредит проблемасының асқынып кеткендігінің. негізгі себептерін айғақтайды.

Қазір Үкімет тарапынан осы проблемаларды шешу шаралары төмендегідей бағыттарда қарастырылып жатыр:

– тұрғындарды қаржылық сауаттылығын арттыру арқылы қарызсыз қоғам қалыптастыру. Күтілетін сандық нәтиже: 3–5 жыл ішінде жүйелі ұлттық бағдарлама жүзеге асырылған жағдайда, жеке тұлғалардың кредиттік портфеліндегі 90 күннен асқан проблемалық несиелер үлесі қазіргі 3,8 %-дан 2,0–2,5 %-ға дейін төмендейді. Бұл шамамен 250–380 млрд теңгені проблемалық активтер санатынан босатуға сәйкес келеді;

– шағын және орта бизнес дамуы арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, нәтижесінде азаматтардың кірістерінің өсуі. Күтілетін сандық нәтиже: 2030 жылға дейін бизнеске (жеке және заңды тұлғаларға) берілетін несиелер үлесі қазіргі 39 %-дан 50–55 %-ға дейін артады. ШОБ секторында жұмыспен қамту 10–15 % өседі, бұл шамамен 3,5 млн адам жұмыс істейтін жағдайда 350–525 мың қосымша жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Орташа жан басына шаққандағы табыс 15–20 % өссе, базалық шығындарды өтеу үшін тұтынушылық қарызға жүгінуге мәжбүр азаматтар үлесі 20–25 % қысқарады;

– 2023 жылы күшіне енген «Жеке тұлғаларды банкрот деп тану туралы» Заң қабылданды. Бұл мәртебені алған азаматтар бес жыл бойы банктерден несие ала алмайды, ал үш жыл бойы олардың қаржылық жағдайы қадағаланады. Жеті жыл ішінде олар өздерін қайта банкрот деп жариялай алмайды. Күтілетін сандық нәтиже: әлеуетті қамту – жыл сайын 1,7 млн созылмалы қарыз алушының (90 күннен асқан қарыз) ішінен 200–250 мың азаматқа дейін. 3 жыл ішінде жеке тұлғалардың қайтарылмайтын қарыз көлемі 15–20 %-ға төмендейді – бұл 120–170 млрд теңге, қазіргі 90 күннен асқан қарыз көлеміне (790,3 млрд теңге, 01.01.2025) сәйкес келеді. Кездейсоқ әсер: қарызданушылықпен байланысты денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйелеріне түсетін әлеуметтік жүктемені азайту, болжам бойынша 5 жыл ішінде 30–50 млрд теңге бюджеттік шығынды үнемдеуге мүмкіндік береді;

– тұтынушылық несиелер беру тәртібін және коллекторлық ұйымдардың қызметін қатаң реттеу. Осыған байланысты банктер мен микроқаржы ұйымдарына тұтынушылық несиелеуге арналған капитал мөлшеріне қойылатын талаптарды күшейту, просрочкалы қарыздары бар азаматтарға несие беруді тыйым салу, сондай-ақ 90 күннен асқан мерзім үшін айыппұл есептеуді жою қарастырылған. Күтілетін сандық нәтиже: тұтынушылық несиелердің орташа жылдық өсімі қазіргі ~25 %-дан 10–12 %-ға дейін төмендеп, дамушы елдердегі тұрақты реттеу деңгейіне жақындайды (Польша – 8–10 %, Чехия – 7–9 %). Жаңа қарыз алушылардың қарыз жүктемесі (DTI – debt-to-income) қазіргі ~50 %-дан 2–3 жылда 40 % төмен деңгейге дейін

азаяды. Просрочка бойынша шектеу енгізу арқылы шамамен 1,1 млн активті қарыз алушы жаңа несие алу мүмкіндігінен айырылады, бұл проблемалық активтердің жылдық өсімін 180–220 млрд теңгеге азайтады.

Осылайша, ұсынылған мемлекеттік реттеу шараларының кешені нақты сандық өлшемге ие. Барлық төрт бағытты кезең-кезеңімен жүзеге асыру кезінде 3–5 жыл ішінде күтілетін жалпы нәтиже: жеке тұлғалардың проблемалық несиелер үлесі кемінде екі есе төмендейді (3,8 %-дан 1,8–2,0 %-ға дейін), тұтынушылық несиелеу өсу қарқыны бір таңбалы деңгейге баяулайды, кредиттік портфельден бизнеске бағытталатын үлес кемінде 10–12 п.п. артады, қаржылық қалпына келтіру бағдарламаларымен шамамен 400–500 мың азамат қамтылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 ҚР Президентінің ресми сайты [Электронды ресурс]. – URL: https://www.akorda.kz/ru/republic_of_kazakhstan/kazakhstan (Қаралған күні: 03.06.2025)

2 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі 2025 жылғы 28 қаңтар [Электронды ресурс]. – URL: https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-na-rasshirennom-zasedanii-pravitelstva-2801458

3 Бакелекова, У. 1,5 миллиона человек в Казахстане не выплачивают кредиты. – 2023 [Электронный ресурс]. – URL: https://kz.kursiv.media/kk/2023-12-01/mtzh-qizatov/?utm_campaign=endless_feed (Дата обращения 07.2025).

4 **Сергеева, П.** Есть ли пузырь на рынке потребительских кредитов? – 2024 [Электронный ресурс]. – URL: https://www.finam.ru/vox/discussion/est-li-puzir-na-rinke-potrebitelskih-kreditov/ (Дата обращения 07.2025).

5 **Юзвович, Л. И., Князева Е. Г., Истомина Ю. В.** Финансы и кредит: учебное пособие / Л. И. Юзвович, Е. Г. Князева, Ю. В. Истомина. – Екатеринбург : Изд-во Урал. ун-та, 2019. – с. 251

6 **Thai, D.** (2022). Consumer lending strategies to stay relevant and drive growth. EY press. Available at: [Electronic resource]. – https://www.ey.com/en_us/insights/banking-capital-markets/which-consumer-lending-strategies-can-fis-use-to-drive-growth

7 **Romanyuk, K.** The Challenges of Using Big Data in the Consumer Credit Sector // Intelligent Computing. Lecture Notes in Networks and Systems. – 2021. – Vol. 284. – P. 221–231.

8 **Lainez N., Bui Thi Thu Doia, Trinh Phan Khanh, Le To Linh, To Thu Phuong, Pannier Emmanuel.** Financial inclusion and consumer finance in Vietnam: challenges and approaches to credit scoring // ISEAS Perspective. – 2021. – Vol.112. – № 9.– P. 1–9.

9 Екінші деңгейдегі банктердің экономикаға кредиттер [Электронды ресурс]. – https://www.nationalbank.kz/kz/news/loans-to-economy-from-second-tier-banks/rubrics/1840

10 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс]. – URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416

11. Банктердің халыққа тұтыну мақсатында кредиттері [Электронды ресурс]. – https://www.nationalbank.kz/kz/news/kredity-bankov-naseleniyu-na-potrebitelskie-celi/rubrics/1656

12 Қазақстанда несиесін төлей алмай отырған адам саны 1 миллионнан асып кетті – 2016 [Электронный ресурс]. – URL: https://stan.kz/kazakstanda-nesiesin-toley-almay-oty/ (Дата обращения 07.2025).

13 ҚР Ұлттық Банкінің қарыз портфелі туралы ресми сайты [Электронды ресурс]. – URL: https://www.nationalbank.kz/ru/news/banks-performance/rubrics/2283

14 Елімізде 8,4 млн адам қарызға батқан. – 2023 [Электронный ресурс]. – URL: https://egemen.kz/article/351742-elimizde-84-mln-adam-qaryzgha-batqan?ysclid=ltfj64ann6472736243 (Қаралған күні: 07.2025).

15 Банкроттық туралы заң қабылданды. – 2023 [Электронный ресурс]. – URL: https://ertistv.kz/kz/news/27866 (Қаралған күні: 07.2025).

REFERENCES

1 QR Prezidentınıñ resmi saity [Official website of the President of the Rebublic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. – Available at: https://www.akorda.kz/ru/republic_of_kazakhstan/kazakhstan (Accessed: 03.06.2025)

2. Memleket basşysy Qasym-Jomart Toqaevtyŋ Ükımettıŋ keŋeitılgen otyrysynda söilegen sözı 2025 jylğy 28 qaŋtar [Speech of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev at the extended meeting of the Government on January 28, 2025]. [Electronic resource]. – URL: https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-na-rasshirennom-zasedanii-pravitelstva-2801458

3 **Bakelekova, U.** 1,5 milliona chelovek v Kazakhstane ne vyplachivayut kredity [1.5 million people in Kazakhstan do not repay their loans]. – 2023 [Electronic resource]. – URL: https://kz.kursiv.media/kk/2023-12-01/mtzh-qizatov/?utm_campaign=endless_feed (Date of access: 07.2025).

4 **Sergeeva, P.** Est li puzyr na rynke potrebitelskih kreditov? [Is there a bubble in the consumer credit market?]. – 2024 [Electronic resource]. – URL: https://www.finam.ru/vox/discussion/est-li-puzir-na-rinke-potrebitelskih-kreditov/ (Date of access: 07.2025).

5 **Yuzvovich, L. I., Knyazeva, E. G., Istomina, Yu. V.** Finansy i kredit [Finance and credit: textbook] / L. I. Yuzvovich, E. G. Knyazeva, Yu. V. Istomina. – Yekaterinburg : Ural University Publishing House, 2019. – 251 p.

6 **Thai, D.** (2022). Consumer lending strategies to stay relevant and drive growth. EY press. Available at: [Electronic resource]. – https://www.ey.com/en_us/insights/banking-capital-markets/which-consumer-lending-strategies-can-fis-use-to-drive-growth

7 **Romanyuk, K.** The Challenges of Using Big Data in the Consumer Credit Sector // Intelligent Computing. Lecture Notes in Networks and Systems. – 2021. – Vol. 284. – P. 221–231.

8 **Lainez N., Bui Thi Thu Doia, Trinh Phan Khanh, Le To Linh, To Thu Phuong, Pannier Emmanuel.** Financial inclusion and consumer finance in Vietnam: challenges and approaches to credit scoring // ISEAS Perspective. – 2021. – Vol. 112. – № 9.– P. 1–9.

9 Ekınşı deŋgeidegı bankterdıŋ ekonomikağa kreditter [Loans to the economy from second-tier banks]. [Elektronic resource]. – https://www.nationalbank.kz/kz/news/loans-to-economy-from-second-tier-banks/rubrics/1840.

10 Memleket basşysy Qasym-Jomart Toqaevtyŋ «Ädılettı memleket. Bırtūtas ūlt. Berekelı qoğam» atty Qazaqstan halqyna Joldauy [Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the People of Kazakhstan «A Just State. A United Nation. A Prosperous Society»]. [Electronic resource]. – URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416

11 Bankterdıŋ halyqqa tūtynu maqsatynda kreditterı [Banks' consumer loans to the population]. [Elektronic resource]. – https://www.nationalbank.kz/kz/news/loans-to-economy-from-second-tier-banks/rubrics/1840

12 Qazaqstanda nesiesın tölei almai otyrğan adam sany 1 millionnan asyp kettı [The number of people unable to repay their loans in Kazakhstan has exceeded 1 million]. – 2016 [Electronic resource]. – URL: https://stan.kz/kazakstanda-nesiesin-toley-almay-oty/ (Date of access: 07.2025).

13 Qazaqstan Respublikasy Ulttyq Bankiniñ qaryz portfeli turaly resmi saity [Official website of the National Bank of the Republic of Kazakhstan on the loan

portfolio]. [Electronic resource]. – URL: https://www.nationalbank.kz/ru/news/banks-performance/rubrics/2283

14 Elımızde 8,4 mln adam qaryzğa batqan [8.4 million people in our country are in debt]. – 2023 [Electronic resource]. – URL: https://egemen.kz/article/351742-elimizde-84-mln-adam-qaryzgha-batqan?ysclid=ltfj64ann6472736243 (Date of access: 07.2025).

15 Bankrottyq turaly zaŋ qabyldandy [The law on bankruptcy has been adopted]. – 2023 [Electronic resource]. – URL: https://ertistv.kz/kz/news/27866 (Date of access: 07.2025).

04.05.25 ж. баспаға түсті.
20.01.26 ж. түзетулерімен түсті.
26.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. Мусиров[1], *А. А. Ниязбаева[2]*
[1,2]Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,
Республика Казахстан, г. Актобе.
Поступило в редакцию 04.05.25.
Поступило с исправлениями 20.01.26.
Принято в печать 26.02.26.

ПРОБЛЕМЫ КРЕДИТОВАНИЯ ФИЗИЧЕСКИХ ЛИЦ В КАЗАХСТАНЕ

В данной статье проведен анализ состояния финансирования экономики казахстанскими коммерческими банками, включая юридические и физические лица, а также сравнить его с зарубежным опытом. В статье приводится интерес к процессу кредитования физических лиц, чем к финансированию экономики через юридические лица. Это объясняется относительной простотой принципов кредитования, а также тем, что процесс рассмотрения и выдачи таких займов является более быстрым и удобным. Однако подобное неравенство в подходах к финансированию со стороны банков приводит к росту долговой нагрузки среди населения Казахстана, оказывает негативное влияние на социальное благополучие граждан и подрывает общую финансовую стабильность страны. В статье авторами выделены основные причины резкого роста объемов кредитования физических лиц. Среди кредитов, предоставляемых физическим лицам, значительную часть занимают потребительские

займы, направленные на удовлетворение личных нужд населения. В ходе исследования были выявлены скрытые негативные стороны данного процесса, а также рассмотрены социально-экономические последствия, возникающие вследствие чрезмерного кредитования физических лиц.

Ключевые слова: кредит, процентная ставка, кредитный портфель, долговая нагрузка, финансовая грамотность, Национальный банк Казахстана, кредитомания

*G. Mussirov[1], *A. A. Niyazbayeva[2]*
[1,2]K. Zhubanov Aktobe Regional University,
Republic of Kazakhstan, Aktobe.
Received 04.05.25.
Received in revised form 20.01.26.
Accepted for publication 26.02.26.

PROBLEMS OF LENDING TO INDIVIDUALS IN KAZAKHSTAN

This article analyzes the state of lending by Kazakhstani commercial banks to various sectors of the economy, including both legal entities and individuals, and compares this process with international experience. The authors note that there is greater interest in lending to individuals than in financing through legal entities. This is explained by the relative simplicity of lending principles, as well as the faster and more convenient procedures for reviewing and issuing such loans. However, this imbalance in the banks' approaches to financing leads to an increase in the debt burden among the population of Kazakhstan, negatively affects citizens' social well-being, and undermines the overall financial stability of the country. The authors identify the main reasons for the sharp growth in lending volumes to individuals. A significant share of loans issued to individuals consists of consumer loans aimed at satisfying personal needs. The study reveals the hidden negative aspects of this process and examines the socio-economic consequences arising from excessive lending to individuals.

Keywords: credit, interest rate, loan portfolio, debt burden, financial literacy, National Bank of Kazakhstan, credit mania.

FTAMP 06.52.17

https://doi.org/10.48081/BGQF2191

А. М. Мұхтарова[1], *Д. О. Калдыбаева[2], С. Т. Сейтбекова[3], Р. Ш. Тахтаева[4], Г. М. Омирбекова[5]

[1]Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.;
[2,4]Әлихан Бөкейханов университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.;
[3]Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;
[5]Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0009-5610-884X
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4370-4126
[3]ORCID: https://orcid.org/0009-0000-3716-2845
[4]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0029-9992
[5]ORCID: https://orcid.org/0009-0009-2436-9439
*e-mail: danira_77@mail.ru

КЛИМАТТЫҚ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДА АУЫЛДЫҚ АЙМАҚТАРДЫ ОРНЫҚТЫ ДАМЫТУ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ТРАНСФОРМАЦИЯ

Мақалада климаттық дағдарыс жағдайында Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарының орнықты дамуын мемлекеттік трансформациялау мәселелері қарастырылады. Климаттың өзгеруінің, су ресурстарының тапшылығының, шөлейттену процестерінің және экологиялық тәуекелдердің елдің ауылдық елді мекендерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсеріне ерекше назар аударылады. Авторлық ұжым өз өңірлері мысалында ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және бейімделгіш экономиканы дамытуға бағытталған кешенді процесс ретінде ауылдық аумақтарды орнықты дамытудың мәнін ашады.

Зерттеуде климаттық өзгерістер азық-түлік қауіпсіздігінің, жұмыспен қамтудың және ауыл халқының табысының деңгейін төмендете отырып, Қазақстан Республикасының аграрлық секторына елеулі әсер ететіні атап өтілді. Осыған байланысты ауылдық инфрақұрылымды жаңғыртуға, су үнемдеу технологияларын енгізуге, «жасыл» экономиканы дамытуға және ауылдық аумақтардың Климаттық қатерлерге тұрақтылығын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясат ерекше маңызға ие болады. Ауылдық аумақтарды дамыту бойынша бағдарламаларды іске асыру ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға, адами капиталды дамытуға және елдің ауылдық аумақтарының әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын нығайтуға ықпал ететіні анықталды.

Авторлар Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарының қазіргі жай-күйіне баға берді, климаттық дағдарысқа, халықтың көші-қонына, инфрақұрылымның тозуына және табиғи ресурстардың шектелуіне байланысты негізгі проблемаларды анықтады, сондай-ақ ауылдық аумақтарды орнықты дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру бағыттарын ұсынды.

Кілтті сөздер: орнықты даму, ауыл, климат, дағдарыс, мемлекеттік трансформация, өмір сапасы, халық.

Кіріспе

Ауылдық аумақтар елдің азық-түлік қауіпсіздігін, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды және экологиялық тепе-теңдікті сақтауды қамтамасыз ететін ұлттық экономиканың стратегиялық маңызды элементі болып табылады. Сонымен қатар, ауылдық жерлер еңбек әлеуетін қалыптастыру, адами капиталды дамыту және мемлекеттің әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін маңызды кеңістік болып табылады. Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытуға БҰҰ-ның орнықты дамуының 17 мақсатына қол жеткізуде маңызды рөл беріледі. Қазіргі жағдайда климаттық дағдарыс жағдайында ауылдық аумақтардың орнықты дамуын мемлекеттік трансформациялау мәселесі ерекше өзекті болып отыр, өйткені Қазақстанның ауылдық жері ұлттық экономиканың орнықты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті айтарлықтай табиғи-ресурстық, аграрлық және еңбек әлеуетіне ие.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарының қазіргі жай-күйіне жүргізілген талдау кешенді мемлекеттік шешімдерді талап ететін бірқатар жүйелі әлеуметтік-экономикалық және экологиялық проблемаларды анықтауға мүмкіндік берді. Ең маңызды мәселелердің

қатарына су ресурстарының тапшылығы, жердің деградациясы, шөлейттену процестері, климаттық өзгерістерге байланысты ауыл шаруашылығы өнімділігінің төмендеуі, экологиялық тәуекелдер, халықтың ауылдық жерлерден қоныс аударуы, еңбек әлеуетінің төмендеуі, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткіліксіз даму деңгейі, сондай-ақ ауыл халқының нақты табысының төмендеуі жатады. Аталған факторлар аграрлық өндірістің тұрақтылығына, азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейіне және ауылдық аумақтар халқының өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді.

Климаттық дағдарыс жағдайында Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты экологиялық орнықтылық, цифрландыру, табиғатты ұтымды пайдалану және ауыл шаруашылығының климаттық өзгерістерге бейімділігін арттыру қағидаттарына негізделген ауылдық аумақтарды орнықты дамытудың жаңа тетіктерін қалыптастыруға бағдарланған. Бұл бағытта ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы, «Ауыл аманаты», «Дипломмен ауылға» бағдарламалары, сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау және су үнемдеу технологияларын енгізу шаралары ерекше маңызғаиматтық дағдарыс жағдайында Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты экологиялық орнықтылық, цифрландыру, табиғатты ұтымды пайдалану және ауыл шаруашылығының климаттық өзгерістерге бейімділігін арттыру қағидаттарына негізделген ауылдық аумақтарды орнықты дамытудың жаңа тетіктерін қалыптастыруға бағдарланған.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізі Қазақстан Республикасындағы ауылдық аумақтардың тұрақты дамуын климаттық дағдарыс жағдайында мемлекеттік трансформациялау үдерістерін кешенді бағалауға, олардың әлеуметтік-экономикалық және экологиялық даму деңгейін анықтауға, сондай-ақ қазіргі кезеңдегі негізгі үрдістер мен мәселелерді талдауға бағытталған жүйелі тәсілдерге негізделді. Зерттеу барысында ауылдық аумақтардың тұрақты дамуына әсер ететін факторлар, атап айтқанда ауыл халқының табыс деңгейі, жұмыспен қамтылуы, аграрлық сектордың даму жағдайы, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның сапасы, су ресурстарының қолжетімділігі, экологиялық ахуал және климаттық өзгерістердің әсері қарастырылды.

Ауылдық аумақтардың қазіргі жай-күйін анықтау мақсатында салыстырмалы, статистикалық, құрылымдық және экологиялық-экономикалық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу шеңберінде ауыл халқының жан басына шаққандағы табысы, кедейлік деңгейі, жұмыссыздық көрсеткіштері, ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемі, су тапшылығы, жер деградациясы, көші-қон үдерістері, әлеуметтік инфрақұрылымның

даму деңгейі сияқты негізгі әлеуметтік-экономикалық және экологиялық индикаторлар талданды. Сонымен қатар, өңірлер арасындағы ауылдық аумақтардың даму деңгейіндегі айырмашылықтарды анықтау үшін салыстырмалы талдау жүргізілді.

Зерттеу барысында функционалдық талдау әдісі де пайдаланылып, мемлекеттік саясаттың ауылдық аумақтардың тұрақты дамуына және климаттық тәуекелдерге бейімделу деңгейіне әсері бағаланды. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі, ауыл шаруашылығын қолдау шаралары, су үнемдеу технологияларын енгізу, «жасыл» экономика қағидаттарын дамыту, цифрландыру үдерістері мен инфрақұрылымдық жаңғыртудың ауыл халқының өмір сапасына ықпалы қарастырылды. Сонымен қатар, ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған «Ауыл аманаты», «Дипломмен – ауылға», Қазақстан Республикасының 2023–2027 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасы сияқты мемлекеттік бағдарламалардың нәтижелілігіне талдау жасалды.

Зерттеу көзі ретінде Қазақстан Республикасының ресми статистикалық деректері, ұлттық баяндамалар, мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық құжаттар, климаттық саясатқа қатысты нормативтік-құқықтық актілер, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері пайдаланылды. Бұдан бөлек, United Nations, World Bank, Food and Agriculture Organization (FAO), United Nations Development Programme (UNDP) сияқты халықаралық ұйымдардың тұрақты даму, климаттық өзгерістер және ауылдық аумақтарды дамыту мәселелеріне қатысты зерттеулері мен рейтингтік көрсеткіштері негізге алынды.

Аталған әдістер мен дереккөздерді кешенді түрде пайдалану Қазақстан Республикасындағы ауылдық аумақтардың тұрақты дамуының қазіргі жағдайын жан-жақты бағалауға, климаттық дағдарыс жағдайындағы негізгі әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелерді анықтауға, сондай-ақ мемлекеттік трансформацияның тиімді бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі жағдайда ауылдық аумақтардың орнықты дамуы азық-түлік қауіпсіздігін, әлеуметтік тұрақтылықты және экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ететін мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Бұл проблема аграрлық секторға, табиғи ресурстарға және ауыл халқының өмір сүру деңгейіне айтарлықтай әсер ететін жаһандық климаттық дағдарыс жағдайында ерекше өзектілікке ие. Климаттың өзгеруі орташа жылдық температураның жоғарылауымен, құрғақшылықтың, су тасқынының жоғарылауымен, жердің деградациясымен, су ресурстарының азаюымен және ауылшаруашылық өнімділігінің төмендеуімен бірге жүреді,

бұл әлемнің көптеген елдерінде ауылдық жерлердің тұрақты дамуына үлкен қауіп төндіреді [1].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта және даму жөніндегі комиссиясы ұсынған тұрақты даму тұжырымдамасына сәйкес, тұрақты даму болашақ ұрпақтың мүмкіндіктеріне нұқсан келтірместен қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін процесс болып табылады. Ауылдық аумақтар контекстінде тұрақты даму дамудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық компоненттерінің теңгерімді үйлесімін болжайды. Экономикалық компонент ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыруға, шағын және орта бизнесті дамытуға, экономиканы әртараптандыруға және халықты жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған. Әлеуметтік аспект өмір сүру сапасын жақсартуды, инфрақұрылымды дамытуды, білім беру мен денсаулық сақтаудың қолжетімділігін қамтиды, ал экологиялық компонент табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған [2].

Климаттық дағдарыс жағдайында ауыл шаруашылығы мен ауылдық инфрақұрылымды өзгермелі табиғи-климаттық жағдайларға бейімдеуге негізделген ауылдық аумақтарды Климаттық орнықты дамыту тұжырымдамасы ерекше маңызға ие. United Nations, FAO, World Bank және OECD қоса алғанда, халықаралық ұйымдар табиғатты тұрақты пайдалануға, ресурс үнемдеуге және «жасыл» экономиканы дамытуға бағдарланған ауылдық аумақтарды басқарудың бейімделген тетіктерін енгізу қажеттігін атап көрсетеді [3].

Әлемдік тәжірибе Климаттық сын-қатерлер жағдайында ауылдық аумақтардың орнықты дамуының әртүрлі үлгілерін көрсетеді. Мәселен, Еуропалық Одақ елдерінде ауылдық аумақтардың орнықты дамуы экологиялық орнықты ауыл шаруашылығын қолдауды, аграрлық секторды цифрландыруды, ауылдық инфрақұрылымды дамытуды және көміртегі шығарындыларын азайтуды көздейтін жалпы ауыл шаруашылығы саясаты (Common agricultural Policy – CAP) арқылы іске асырылады. Германия мен Нидерландыда нақты егіншілік технологиялары, суды ұтымды пайдалану жүйелері және органикалық ауыл шаруашылығын қолдау бағдарламалары белсенді түрде енгізілуде, бұл климаттық өзгерістердің салдарын азайтуға және ауыл экономикасының тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді [4].

Су тапшылығы мәселесі ең өткір мәселелердің бірі болып табылатын Израильде суды үнемдеу технологиялары мен тамшылатып суару кеңінен қолданылады. Мемлекеттік саясат су ресурстарын тиімді басқаруға, ауыл шаруашылығында тазартылған ағынды суларды пайдалануға және инновациялық агротехнологияларды енгізуге бағытталған. Осы шаралардың

арқасында ел құрғақ климатта да ауыл шаруашылығының жоғары өнімділігін қамтамасыз ете алды [5].

Қытайда ауылдық аумақтарды орнықты дамытудың мемлекеттік Стратегиясы ауылдық инфрақұрылымды жаңғыртуға, аграрлық секторды цифрландыруға және экологиялық таза өндірісті дамытуға негізделеді. «Ауылды жаңғырту» бағдарламасы шеңберінде ауыл халқының өмір сүру сапасын жақсарту, ауыл кәсіпкерлігін дамыту және өңірлердің климаттық тәуекелдерге тұрақтылығын арттыру бойынша жобалар іске асырылуда. Жердің деградациясымен күресуге және экожүйелерді қалпына келтіруге ерекше назар аударылады.

Скандинавия елдері, атап айтқанда Швеция мен Финляндия, «жасыл» экономика принциптерін ауылдық аумақтарды дамытуға біріктірудің табысты тәжірибесін көрсетуде. Мұнда жаңартылатын энергия көздері, экологиялық Ауыл шаруашылығы және ресурстарды энергияны тиімді басқару жүйелері белсенді дамып келеді. Мемлекеттік қолдау ауылдық аумақтардың дәстүрлі энергия көздеріне тәуелділігін азайтуға және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған.

Рисунок 8 – Факторный анализ ключевых направлений исследований в области возобновляемой энергетики и экономического роста

Примечание: составлено авторами на основе данных базы Scopus с использованием пакета Bibliometrix (модуль Biblioshiny) в RStudio.

На карте концептуальной структуры выделяются две основные факторные оси, которые вместе объясняют более 80 % вариации связей между ключевыми словами (57,8 % и 27,2 % соответственно).

Вдоль первой факторной оси слева расположены ключевые слова «renewable energy», «sustainability», «economic growth» и «CO_2 emissions», которые указывают на исследования, фокусирующиеся на устойчивом экономическом росте, снижении выбросов и энергетическом переходе. Справа расположены термины «energy utilization», «economic and social effects», «renewable energies» и «economics», отражающие комплексный подход к изучению энергетической эффективности, политики и социально-экономических последствий использования ВИЭ.

Таким образом, прослеживается переход от экологических и энергетических аспектов к макроэкономическим и социальным. Научный

интерес смещается от анализа влияния ВИЭ на окружающую среду к оценке их вклада в экономическое развитие.

По второй факторной оси наблюдается вертикальное распределение терминов. В верхнем секторе сосредоточены ключевые слова «energy policy», «sustainable development», «climate change» и «renewable energy consumption», что указывает на акцент в исследованиях на стратегические и институциональные вопросы государственного регулирования и реализации политики устойчивого развития. В нижнем секторе расположены термины «carbon emission», «environmental economics» и «economic development», связанные с оценкой влияния выбросов и эффективности «зеленых» инвестиций на экономический рост.

Примечательно, что все ключевые слова образуют один сегмент, тем самым, можно сделать вывод о тесной интеграции понятий устойчивого развития, энергетической политики и экономического роста.

Анализ временной динамики ключевых терминов показывает, что в период 2014-2018 годов исследовательская активность концентрировалась вокруг таких понятий, как renewable resource, energy planning, environmental kuznets curves и granger causality. Это отражало стремление ученых понять взаимосвязь между экономическим ростом, энергопотреблением и экологическими последствиями, а также апробировать эконометрические модели анализа зависимости выбросов от уровня дохода и структуры энергетики (Рисунок 9).



Рисунок 9 – Динамика актуальных тем исследований в период с 2014 по 2025 год

Примечание: составлено авторами на основе данных базы Scopus с использованием пакета Bibliometrix (модуль Biblioshiny) в RStudio.

В 2019–2021 годах наблюдается усиление внимания к темам economics, renewable energy resources, greenhouse gases и carbon dioxide. Этот период совпадает с ростом глобальных дискуссий о необходимости декарбонизации и перехода к устойчивым источникам энергии.

С 2021 по 2024 год трендовые направления смещаются в сторону понятий renewable energy, alternative energy, green economy и environmental sustainability. В этот период происходит пик публикационной активности по темам энергетического перехода и зеленых инвестиций, что связано с реализацией Парижского соглашения, усилением национальных стратегий по достижению углеродной нейтральности и ростом интереса к возобновляемым источникам энергии в развивающихся странах, включая Казахстан.

К 2024–2025 годам усиливается внимание к темам green development, low emission и energy economics. Это свидетельствует о формировании нового этапа научной повестки с акцентом на оценку устойчивости энергетических систем, интеграцию экологических факторов в экономическое моделирование и поиск баланса между ростом и сокращением выбросов.



Рисунок 10 – Тематическая карта исследовательских направлений в области возобновляемой энергетики

Примечание: составлено авторами на основе данных базы Scopus с использованием пакета Bibliometrix (модуль Biblioshiny) в RStudio.

На тематической карте (Рисунок 10), построенной на основе 350 ключевых слов с использованием алгоритма Louvain, выделены шесть взаимосвязанных тематических кластеров, распределение которых

визуализировано в четырех типах направлений, различающихся по степени развития (плотности) и уровню значимости в научной среде (центральности).

Кластер «Economic growth» демонстрирует наибольшую частоту упоминаний (21 319), что свидетельствует о ключевой роли этой темы в междисциплинарных исследованиях, связанных с возобновляемой энергетикой. Кластеры «Sustainable development» и «sustainability» демонстрируют тесную взаимосвязь ключевых понятий, отражая внутреннюю согласованность и активное развитие внутри собственных научных направлений. «Climate change» занимает промежуточное положение, выполняя функцию связующего звена между экономическими и экологическими исследованиями, тогда как кластеры, представленные терминами «United States» и «China», демонстрирует сравнительно низкий уровень сетевого влияния, при этом характеризуются высокой внутренней согласованностью ключевых слов. Это указывает на концентрацию исследований преимущественно в рамках национальных научных контекстов, без выраженного междисциплинарного взаимодействия.

Следует отметить, что в правом нижнем секторе расположены базовые темы – economic growth (2484 упоминания), renewable energy (2120) и alternative energy (1653). Высокие показатели центральности указывают на то, что данные темы лежат в основе большинства публикаций и активно связаны с другими направлениями.

В правом верхнем секторе находятся ведущие или «моторные» темы – sustainable development (1106), economic growths (719), renewable energies (694) и environmental sustainability (330). Они характеризуются высоким уровнем как центральности, так и плотности, что говорит о формировании зрелых междисциплинарных исследований, объединяющих экономику, энергетику и экологическую устойчивость.

Левый нижний сектор представлен понятиями climate change (506), energy efficiency (365), fossil fuels (310). Данные направления находятся на стадии трансформации: интерес к ним постепенно смещается от изучения традиционных источников энергии к проблематике энергетического перехода и сокращения выбросов. Возникающие темы China (517), India (236) и Brazil (133) отражают растущее внимание к роли развивающихся экономик в глобальной энергетической политике, где основное внимание уделяется вопросам декарбонизации, устойчивого роста и национальных стратегий «зеленого» перехода.

В верхнем левом секторе размещены нишевые темы United States (124), France (54) и Japan (52), свидетельствующие о развитии специализированных

национальных исследований, сосредоточенных на конкретных аспектах энергетической политики и устойчивого роста.

Информация о финансировании

Данное исследование профинансировано Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № AP26199935).

Выводы

Проведенный библиометрический анализ показал, что исследования взаимосвязи возобновляемой энергетики и экономического роста характеризуются устойчивым ростом публикационной активности и высокой степенью международной коллаборации. В период 2014–2025 годов наблюдается переход от преимущественно теоретических и экологических исследований к комплексному анализу экономических, институциональных и инвестиционных аспектов энергетического перехода.

Выявлено доминирование развивающихся и быстрорастущих экономик, прежде всего стран Азии, в формировании научной повестки по вопросам возобновляемой энергетики. Казахстан занимает умеренную, но устойчивую позицию в глобальном научном пространстве, демонстрируя рост интереса к проблематике устойчивого развития и интеграции возобновляемых источников энергии в национальную экономику.

Полученные результаты подтверждают целесообразность применения библиометрического анализа для систематизации научных исследований и выявления перспективных направлений дальнейших исследований. Настоящая статья вносит вклад в развитие методологии анализа научной активности и может служить основой для формирования научно обоснованных рекомендаций в области энергетической политики и устойчивого экономического роста.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Chou, C.-H., Ngo, S. L., Tran, P. P.** Renewable Energy Integration for Sustainable Economic Growth: Insights and Challenges via Bibliometric Analysis. Sustainability. – 2023. – Vol. 15. – No. 20. – Art. 15030. – https://doi.org/10.3390/su152015030

2 **Oliveira, H., Moutinho, V.** Renewable energy, economic growth and economic development nexus: A bibliometric analysis. Energies. – 2021. – Vol. 14. – No. 15. – Art. 4578. – https://doi.org/10.3390/en14154578

3 **Abdullah, K. H., Roslan, M., Ishak, N., Ilias, M., Dani, R.** Unearthing Hidden Research Opportunities Through Bibliometric Analysis: A Review. Asian

Journal of Research in Education and Social Sciences. 2023. Vol. 5. Pp. 248–259. – https://doi.org/10.55057/ajress.2023.5.1.23

4 Правительство Республики Казахстан. До 2060 года Казахстан перейдет на углеродную нейтральность. Официальный информационный ресурс Премьер-министра Республики Казахстан. 27 октября 2021. – https://primeminister.kz/ru/news/reviews/do-2060-goda-kazahstan-pereydet-na-uglerodnuyu-neytralnost-1103515

5 **Androniceanu, A., Veith, C., Ionescu, Ș. A., Marinescu, P., Sima, A. G., Paru, A.** Shaping Sustainable Futures: Public Policies and Renewable Energy Insights Based on Global Bibliometric Analysis. Sustainability. 2024. Vol. 16. No. 12. Art. 4957. – https://doi.org/10.3390/su16124957

6 **Sharma, P., Sengar, A.** Trends and insights in renewable energy research: a comprehensive bibliometric analysis (2000–2023). International Journal of Energy Sector Management. – 2025. – Vol. 19. – No. 4. – P. 751–771. – https://doi.org/10.1108/IJESM-05-2024-0020

7 **Mentel, G., Lewandowska, A., Berniak-Woźny, J., Tarczyński, W.** Green and Renewable Energy Innovations: A Comprehensive Bibliometric Analysis. Energies. – 2023. – Vol. 16. – No. 3. – Art. 1428. – https://doi.org/10.3390/en16031428

8 **Mohamad, A. H. H., Ab-Rahim, R.** Mapping the research landscape of energy market and renewable energy: A bibliometric analysis. International Journal of Renewable Energy Development. – 2025. – Vol. 14. – No. 4. – P. 703–716. – https://doi.org/10.61435/ijred.2025.61058

9 **Khalili, S., Breyer, C.** Review on 100% renewable energy system analyses: A bibliometric perspective. IEEE Access. – 2022. – Vol. 10. – P. 122000–122020. – https://doi.org/10.1109/ACCESS.2022.3221155

10 **Bhuiyan, M. A., et al.** Renewable energy consumption and economic growth nexus: A systematic literature review. Frontiers in Environmental Science. – 2022. – Vol. 10. – Art. 878394. – https://doi.org/10.3389/fenvs.2022.878394

11 **Смагулова, Ш. А., Омарова Б. А., Омарова Г. А., Онласинова А. А., Шаяхметова К. О.** Библиометрический анализ экономических исследований возобновляемых источников энергии. Вестник Казахского университета технологий и бизнеса. – 2025. – № 3(28). – https://doi.org/10.58805/kazutb.v.3.28-1170

12 **Козбагарова, Г. А., Пономарева, Н. И.** Библиометрический анализ казахстанских публикаций с использованием аналитических сервисов Web of Science. Новости науки Казахстана. – 2022. – № 2(153). – https://doi.org/10.53939/15605655/2022_2_6

13 **Есмурзаева, А. Б., Кожахметова, А. К., Анархан, А. К.** Возобновляемые источники энергии в Республике Казахстан: анализ кейсов и перспективы развития. Вестник РОО «Национальной Академии наук Республики Казахстан». – 2025. – Т. 415. – № 3. – С. 453–471. – https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.975

14 **Бутузов, В. А.** Возобновляемая энергетика РФ и Казахстана в 2021 г. Энергия: экономика, техника, экология, 2022. – https://doi.org/10.7868/S0233361922120060

REFERENCES

1 **Chou, C.-H., Ngo, S. L., Tran, P. P.** Renewable Energy Integration for Sustainable Economic Growth: Insights and Challenges via Bibliometric Analysis. Sustainability. – 2023. – Vol. 15. – No 20. – Art. 15030. – https://doi.org/10.3390/su152015030

2 **Oliveira, H., Moutinho, V.** Renewable energy, economic growth and economic development nexus: A bibliometric analysis. Energies. – 2021. – Vol. 14. – No 15. – Art. 4578. – https://doi.org/10.3390/en14154578

3 **Abdullah, K. H., Roslan, M., Ishak, N., Ilias, M., Dani, R.** Unearthing Hidden Research Opportunities Through Bibliometric Analysis: A Review. Asian Journal of Research in Education and Social Sciences. 2023. Vol. 5. Pp. 248–259. – https://doi.org/10.55057/ajress.2023.5.1.23

4 Pravitelstvo Respubliki Kazakhstan Do 2060 goda Kazakhstan pereidet na uglerodnuyu neytralnost [Kazakhstan will transition to carbon neutrality by 2060] Ofitsialnyi informatsionnyi resurs Premer-ministra Respubliki Kazakhstan. 27 October 2021. – [Electronic resource]. – https://primeminister.kz/ru/news/reviews/do-2060-goda-kazahstan-pereydet-na-uglerodnuyu-neytralnost-1103515

5 **Androniceanu, A., Veith, C., Ionescu, Ș. A., Marinescu, P., Sima, A. G., Paru, A.** Shaping Sustainable Futures: Public Policies and Renewable Energy Insights Based on Global Bibliometric Analysis. Sustainability. – 2024. – Vol. 16. – No 12. – Art. 4957. – https://doi.org/10.3390/su16124957

6 **Sharma, P., Sengar, A.** Trends and insights in renewable energy research: a comprehensive bibliometric analysis (2000–2023). International Journal of Energy Sector Management. – 2025. – Vol. 19. – No 4. – P. 751–771. – https://doi.org/10.1108/IJESM-05-2024-0020

7 **Mentel, G., Lewandowska, A., Berniak-Woźny, J., Tarczyński, W.** Green and Renewable Energy Innovations: A Comprehensive Bibliometric Analysis. Energies. – 2023. – Vol. 16. – No 3. – Art. 1428. – https://doi.org/10.3390/en16031428

8 **Mohamad, A. H. H., Ab-Rahim, R.** Mapping the research landscape of energy market and renewable energy: A bibliometric analysis. International Journal of Renewable Energy Development. – 2025. – Vol. 14. – No 4. – P. 703–716. – https://doi.org/10.61435/ijred.2025.61058

9 **Khalili, S., Breyer, C.** Review on 100% renewable energy system analyses: A bibliometric perspective. IEEE Access. – 2022. – Vol. 10. – P. 122000–122020. – https://doi.org/10.1109/ACCESS.2022.3221155

10 **Bhuiyan, M. A., et al.** Renewable energy consumption and economic growth nexus: A systematic literature review. Frontiers in Environmental Science. – 2022. – Vol. 10. – Art. 878394. – https://doi.org/10.3389/fenvs.2022.878394

11 **Smagulova, Sh. A., Omarova, B. A., Omarova, G. A., Onlasinova, A. A., Shaiakhmetova, K. O.** Bibliometricheskii analiz ekonomicheskikh issledovanii vozobnovliaemykh istochnikov energii [Bibliometric analysis of economic research on renewable energy sources] Vestnik Kazakhskogo universiteta tekhnologii i biznesa. – 2025. – No 3(28). – https://doi.org/10.58805/kazutb.v.3.28-1170

12 **Kozbagarova, G. A., Ponomareva, N. I.** Bibliometricheskii analiz kazakhstanskikh publikatsii s ispolzovaniem analiticheskikh servisov Web of Science [Bibliometric analysis of Kazakhstan publications using Web of Science analytical services] Novosti nauki Kazakhstana. – 2022. – No 2(153). – https://doi.org/10.53939/15605655/2022_2_6

13 **Esmurzaeva, A. B., Kozhakhmetova, A. K., Anarkhan, A. K.** Vozobnovliaemye istochniki energii v Respublike Kazakhstan: analiz keisov i perspektivy razvitiia [Renewable energy sources in the Republic of Kazakhstan: case analysis and development prospects] Vestnik ROO «Natsionalnoi Akademii nauk Respubliki Kazakhstan». – 2025. – Vol. 415. – No 3. – P. 453–471. – https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.975

14 **Butuzov, V. A.** Vozobnovliaemaia energetika RF i Kazakhstana v 2021 g. [Renewable energy of the Russian Federation and Kazakhstan in 2021] Energiia: ekonomika, tekhnika, ekologiia. – 2022. – https://doi.org/10.7868/S0233361922120060

Поступило в редакцию 08.12.24.
Поступило с исправлениями 17.04.25.
Принято в печать 21.05.26.

*Ж. С. Темербулатова[1], *П. Қ. Салибекова[2], А. Ж. Сматаева[3]*
[1,2]Алматы менеджмент университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;
[3]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
08.12.24 ж. баспаға түсті.
17.04.25 ж. түзетулерімен түсті.
21.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

БИБЛИОМЕТРИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР НЕГІЗІНДЕ ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЗЕРТТЕУЛЕРІН ТАЛДАУ

Мақалада жаңартылатын энергия және экономикалық өсу арасындағы өзара байланысты зерттеуге арналған ғылыми жарияланымдарға кешенді библиометриялық талдау жүргізілген. Зерттеудің өзектілігі жаһандық энергетикалық көшу үдерісінің жеделдеуімен, климаттық міндеттемелердің күшеюімен және ғылыми жарияланымдар санының тұрақты артуымен байланысты. Бұл жағдай жинақталған ғылыми білімді жүйелеу мен құрылымдық талдау жүргізуді талап етеді. Зерттеудің мақсаты – жаңартылатын энергия көздерінің экономикалық дамуға ықпалын қарастыратын зерттеулердің негізгі үрдістерін, тақырыптық бағыттарын, географиялық құрылымын, институционалдық ерекшеліктерін және жарияланымдар динамикасын анықтау. Зерттеу 2014–2025 жылдар аралығындағы Scopus дерекқорының мәліметтеріне негізделді. Талдау RStudio ортасындағы Bibliometrix пакетінің Biblioshiny модулі арқылы жүзеге асырылды. Жалпы 4814 жарияланым қамтылып, жарияланымдық белсенділік динамикасы, халықаралық авторлық әріптестік деңгейі, елдер мен жетекші журналдар бойынша үлестірім, сондай-ақ кілтті сөздерге факторлық және тақырыптық талдау жүргізілді. Нәтижелер зерттеу фокусының экологиялық мәселелерден экономикалық, институционалдық және инвестициялық аспектілерге қарай ығысқанын көрсетеді. Азия елдерінің, әсіресе Қытайдың, ғылыми күн тәртібін қалыптастырудағы басымдығы анықталды. Қазақстан жаһандық ғылыми кеңістікте тұрақты позицияға ие. Алынған нәтижелер тұрақты даму саласындағы әрі қарайғы қолданбалы және болжамдық зерттеулер үшін негіз қалыптастырады.

Кілтті сөздер: жаңартылатын энергетика, экономикалық өсім, библиометриялық талдау, Scopus, тұрақты даму.

*Zh. S. Temerbulatova[1], *P. Q. Salibekova[2], A. Zh. Smatayeva[3]*
[1,2]Almaty Management University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;
[3]Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Received 08.12.24.
Received in revised form 17.04.25.
Accepted for publication 21.05.26.

ANALYSIS OF RENEWABLE ENERGY AND ECONOMIC GROWTH STUDIES BASED ON BIBLIOMETRIC DATA

This article presents a comprehensive bibliometric analysis of scientific publications examining the relationship between renewable energy and economic growth. The relevance of the study is driven by the acceleration of the global energy transition, the strengthening of climate commitments, and the steady increase in academic output in this field. Under these conditions, systematic mapping and structural assessment of accumulated scientific knowledge become essential. The aim of the study is to identify key trends, thematic directions, geographical distribution, institutional characteristics, and publication dynamics in research addressing the impact of renewable energy sources on economic development. The empirical basis consists of data retrieved from the Scopus database for the period 2014–2025. The analysis was conducted using the Bibliometrix package, Biblioshiny module, in the RStudio environment. A total of 4,814 publications were examined, enabling an assessment of publication growth, international collaboration intensity, country and leading journal distribution, as well as factor and thematic analysis of keywords. The findings indicate a shift in research focus from predominantly environmental issues toward economic, institutional, and investment dimensions of the energy transition. Asian countries, particularly China, play a dominant role in shaping the scientific agenda. Kazakhstan demonstrates a stable presence in the global research landscape. The results provide a foundation for further applied and forecasting-oriented studies in the field of sustainable development.

Keywords: renewable energy, economic growth, bibliometric analysis, Scopus, sustainable development.

ҒТАМР 06.35.51

https://doi.org/10.48081/BGQF2197

А. Б. Тулаганов[1], *А. М. Атенова[2], Ж. М. Бұлақбай[3], Т. И. Исахметов[4], К. К. Байгабулова[5]
[1,3,5]Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;
[2]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан ғылыми-зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.;
[4]Индустриалды-техникалық колледжі,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4169-8911
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5660-9021
[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-3742-6756
[4]ORCID: https://orcid.org/0009-0003-2696-9397
[5]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7418-4672
*e-mail: Super.nurilya2017@mail.ru

ӨҢІРЛІК ДАМУДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ БАСҚАРУДЫҢ РӨЛІ

Мақалада Қазақстан Республикасында өңірлерді дамыту бағдарламаларын іске асыру кезінде жобалық басқаруды қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Мемлекеттік міндеттер күрделене түскен сайын және ведомствоаралық үйлестіру ұлғайған сайын көптеген дамыған елдер мемлекеттік басқару қажеттіліктеріне жобалық тәсілді бейімдей бастады. Бұл үрдіс Қазақстанда жобалық басқарудың ұлттық жүйесінің қалыптасуына және билік органдарында жобалық кеңселердің белсенді енгізілуіне әкелді. Тақырыптың өзектілігі мемлекеттік басқарудың тиімділігін және аймақтық бағдарламалардың нәтижелілігін арттыру қажеттілігімен байланысты. Зерттеудің мақсаты - аймақтық даму жүйесінде жобалық басқару құралдарын қолданудың рөлі мен практикалық артықшылықтарын анықтау. Зерттеу барысында нормативтік-құқықтық базаны талдау, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру практикасын салыстырмалы талдау және жалпылау әдістері қолданылды. Жергілікті атқарушы органдардың қызметіне жобалық басқаруды енгізудің негізгі тәсілдері қарастырылды. Зерттеу нәтижелері жобалық тәсілді

қолдану тиімдірек жоспарлауға, ресурстарды бөлуге, мерзімдерді бақылауға және облысты дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларына қол жеткізуге ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, жобалық басқару бағдарламаларды іске асыру процестерінің ашықтығын арттырады және ведомствоаралық үйлестіруді күшейтеді. Жобалық басқаруды енгізу өңірлік саясатты іске асыру тиімділігін арттырудың және Қазақстан облыстарының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды құралы болып табылады деген қорытындыға келді.

Кілтті сөздер: жобалық басқару, мемлекет, саясат, өңір, жобалық офис, бағдарлама.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі жағдайында мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін арттыру ерекше маңызға ие. Облыстарды дамыту бағдарламалары халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, инфрақұрылымды дамытуға және өңірлік экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Алайда, оларды сәтті жүзеге асыру тиімді басқару құралдарын қажет етеді. Осындай құралдардың бірі - қызметті жүйелі түрде жоспарлауға, тапсырмалардың орындалуын бақылауға және белгіленген мерзімде қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін жобалық басқару технологиялары болып табылады [1].

Қазіргі тәжірибеде мемлекеттік жобалық басқару нәтижеге көбірек көңіл бөледі. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD) «нәтижеге бағдарлау» мемлекеттік органдардың тиімділігін арттыру және алға қойған мақсаттарға жету үшін өте маңызды екенін атап көрсетеді [2]. Бұл ретте нақты мақсаттар, көрсеткіштер және жария есептілік арқылы жоспарланған жұмыс көлемін қалыптастырудан нақты нәтижелерді (азаматтар, қоғам үшін пайда) өлшеуге баса назар аударылады.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде Ақтөбе облысының мемлекеттік басқару жүйесінде жобалық басқаруды енгізу мен іске асыруды көрсететін ресми және талдамалық материалдар пайдаланылды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында жобалық басқаруды енгізуді реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар; ISO 21502:2022 «Project, programme and portfolio management - guidance on project management» халықаралық стандартын қоса алғанда, жобалық басқарудың әдістемелік ұсынымдары мен стандарттары; Ақтөбе облысының жобалық офисінің

2024–2025 жылдарға арналған ресми есептері мен талдамалық материалдары; өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған өңірлік және ұлттық жобаларды іске асыру мониторингінің деректері; мемлекеттік органдардың статистикалық деректері және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы талдамалық есептер басшылыққа алынды.

Зерттеу мақсатына жету үшін жалпы ғылыми және арнайы талдау әдістері қолданылды. Аналитикалық әдіс жобалық басқарудың теориялық негіздерін зерттеу және аймақтық дамуды басқарудың қолданыстағы модельдерін талдау үшін қолданылды. Бұл әдіс мемлекеттік басқарудағы жобалық тәсілдің негізгі принциптері мен құралдарын анықтауға мүмкіндік берді.

Салыстырмалы талдау әдісі мемлекеттік басқару жүйесінде жобаларды іске асырудың әртүрлі тәсілдерін салыстыру және өңірде жобалық басқаруды енгізудің тиімділігін бағалау үшін қолданылды.

Gap талдауы жобаларды іске асырудың ағымдағы жағдайы мен ұлттық және аймақтық даму бағдарламалары шеңберінде белгіленген тиімділік көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін қолданылды.

Жүйелік талдау әдісі жобалық басқаруды мемлекеттік органдардың, жобалық кеңселердің және Өңірлік даму жобаларын іске асыруға қатысатын басқа да мүдделі тараптардың өзара іс-қимылының кешенді жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Соңғы жылдары мемлекеттік қаржыны басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылуда. Осы міндетті шешудің перспективалық құралы ретінде көптеген елдерде мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру кезінде жобалық басқаруға көшу қарастырылуда. Оған деген қызығушылық сыртқы ортаның тез өзгергіштігімен бұл тәсіл шешімдердің жедел қабылдануын және бағдарламаға өзгерістер енгізуді қамтамасыз етуге, қолда бар ресурстарды басым бағыттарға шоғырландыруға, сондай-ақ олардың қолданылуын және тиімділігін бағалауды қатаң бақылауға мүмкіндік беретіндігімен байланысты.

Жобалық басқару 80 жылдан астам уақыт бойы бүкіл әлемде белсенді дамып келеді, бастапқыда корпоративтік секторда іске асырылып жатқан жобалардың ауқымын ұлғайту барысында пайда болды. Оның ұзақ даму тарихына және жекелеген халықаралық және ұлттық стандарттардың (көбінесе корпоративтік секторға бағдарланған) дамуына қарамастан, қазіргі уақытта мемлекет деңгейінде жобалық басқаруға қатысты терминдердің бірыңғай анықтамасы қалыптаспаған [3].

Жалпы, нақты анықтамаға қарамастан, жобаның айрықша сипаттамаларына мыналарды жатқызуға болады: нақты анықталған

мақсаттың немесе нәтиженің болуы, бірегейлігі, бір реттік сипаты, жобаның уақыт бойынша шектелуі, ресурстардың шектелуі.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жобаларды басқару мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттырудың маңызды құралына айналуда. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында жобаларды тиімді басқару мемлекеттік қызметтердің басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Федералдық агенттіктерде жобаларды басқару кеңселері (Project Management Office – PMO) құрылып, икемді басқару әдістемелері (Agile) белсенді түрде енгізілуде. digital.gov порталының мәліметтері бойынша, жобалық басқару ресурстарды тиімді пайдалануға және цифрлық мемлекеттік қызметтерді сенімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін маңызды факторлардың бірі болып табылады [4].

Еуропалық тәжірибеде де жобалық басқаруға ерекше көңіл бөлінеді. Германияда мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту мақсатында бюрократиялық рәсімдерді қысқарту, мемлекеттік қызметтердің тиімділігін арттыру және цифрлық трансформацияны жеделдетуге бағытталған «жаңғырту күн тәртібі» қабылданған [5].

Сонымен қатар, Азия елдерінің тәжірибесі де ерекше назар аударуға тұрарлық. Сингапурда жүзеге асырылып жатқан «Smart Nation» бағдарламасы аясында цифрландыруға басымдық беріліп, қысқа уақыт ішінде мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі цифрлық форматқа көшірілді. Нәтижесінде ел цифрлық интеграция деңгейі бойынша әлемдегі жетекші мемлекеттердің біріне айналды.

Ал Канадада тұрақты даму қағидаттарын мемлекеттік басқаруға енгізу мақсатында мемлекеттік жобаларды іске асыру кезінде, соның ішінде мемлекеттік сатып алу мен инфрақұрылымдық құрылыс салаларында «жасыл» критерийлер қолданылуда.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруда жобалық басқару тәсілін қолдану ерекше маңызға ие болып отыр. Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысында нақты мақсаттарды айқындау, ресурстарды тиімді пайдалану және нәтижелерге қол жеткізуді бақылау қажеттілігі жобалық басқару әдістерін енгізуді талап етеді.

Жобалық тәсіл мемлекеттік басқаруда стратегиялық бастамаларды іске асыруды жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ол басқару процестерінің ашықтығын арттырып, ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейтеді. Осыған байланысты жобалық басқарудың негізгі артықшылықтарын талдау мемлекеттік бағдарламаларды тиімді іске асырудың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады [6].

1-кесте – Мемлекеттік басқаруда жобалық тәсілдің негізгі артықшылықтары

Артықшылық	Сипаттамасы	Мемлекеттік басқаруға әсері
Нәтижеге бағытталу	Әрбір бастама нақты мақсаттармен, индикаторлармен және мерзімдермен рәсімделеді	Нәтижеге қол жеткізу деңгейін арттырады және жауапкершілікті нақтылайды
Икемділік және бейімделгіштік	Матриялық басқару құрылымы ресурстарды жедел қайта бөлуге мүмкіндік береді	Өзгермелі жағдайларға тез бейімделу мүмкіндігі артады
Ведомствоаралық үйлестіру	Жобалық кеңселер мен жобалық топтар басқару процестерін стандарттайды	Мемлекеттік органдар арасындағы тиімді өзара әрекеттесу қамтамасыз етіледі
Ашықтық және бақылау	Ақпараттық жүйелер арқылы жобалардың орындалуын онлайн бақылау мүмкіндігі	Бюджеттік қаражаттың пайдаланылуы мен нәтижелердің ашықтығы қамтамасыз етіледі
Жеке жауапкершілік	Жоба жетекшілері мен кураторлар негізгі көрсеткіштер бойынша есеп береді	Басқару шешімдерінің тиімділігі мен жауапкершілік деңгейі артады
Ескерту: авторлармен құрастырылған [6]		

Жобалық басқару мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысында басқарудың дәстүрлі әкімшілік әдістерімен салыстырғанда бірқатар маңызды артықшылықтарға ие. Ең алдымен, жобалық тәсіл мемлекеттік бастамаларды нақты мақсаттар мен көрсеткіштер арқылы құрылымдауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде бағдарламалардың нәтижелілігін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар жобалық басқару ресурстарды тиімді пайдалануға және басқару жүйесінің икемділігін арттыруға мүмкіндік береді. Матриялық басқару құрылымы түрлі мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын күшейтіп, ведомствоаралық үйлестіруді жақсартады.

Ақпараттық жүйелердің қолданылуы жобалардың орындалу барысын тұрақты бақылауға және басқару шешімдерін дер кезінде қабылдауға жағдай жасайды. Бұл мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда жобалық тәсіл соңғы уақытта өзекті болып отыр. Бұл ауқымды ұлттық жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға көшумен, ведомствоаралық міндеттердің күрделілігінің өсуімен және мемлекеттің нәтиже мен тиімділікке баса назар аударуымен байланысты. Басқарудың жаңа моделі мемлекеттік органдардың, сарапшылар мен жұртшылықтың қатысуымен бірлескен ведомствоаралық жобалау командаларын құруды көздейді.

Нақты салаға қарамастан кез келген бағдарлама жобалар мен бағдарламалар портфелін басқару жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық стандартымен регламенттеледі. Бұл стандартты ұйымдар,

соның ішінде мемлекеттік және жеке, сондай-ақ күрделілікке қатысты бағдарламалардың кез келген түріне қолданады.

Бағдарламаның негізгі бағыттары бағдарламаның мақсаттарына жету үшін анықталған міндеттерге сәйкес келеді және өз кезегінде жобаларға бөлінетін жобалар топтарын қамтиды.

Жобаларды басқару (үшінші деңгей) – мүдделі тараптар жобалау командаларын құру және олардың қызметін ұйымдастыру арқылы нақты жобаларды тікелей іске асыру. Жобаның нәтижесі бірегей өнім (тауар, жұмыс, қызмет) болып табылады, мысалы, аурухана салу, ақпараттық жүйені құру, жолды жөндеу және т.б. жоба менеджері бір уақытта екі немесе одан да көп жобаны басқара алмайды.

Жобалық тәсілді іске асыру мақсатында ұлттық жобаларды іске асыру мониторингі жөніндегі Офис (Ұлттық Жобалық офис) құрылды. ҰЖО матрицалық басқару құрылымы негізінде құрылған алқалы орган ретінде қызмет етеді және цифрлық үкімет бөлімшелерін, сондай-ақ басқа да мемлекеттік басқару органдарының құрылымдарын біріктіреді [7].

Аталған құрылымның негізгі мақсаты – жалпыұлттық басымдықтар портфельдерін іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік секторда жобалық басқару тәсілдерін енгізу мен дамыту болып табылады.

Ұлттық жобалық офис бірқатар стратегиялық және үйлестіруші функцияларды жүзеге асырады. Атап айтқанда, ол мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын және жаңа стратегиялық бастамаларды әзірлеуге қатысады, мемлекет басшысы айқындаған басым реформалар мен стратегиялық жобаларды іске асыруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ҰЖО мемлекеттік бағдарламалар мен ұлттық жобалардың орындалу барысына жедел мониторинг жүргізіп, жобалық басқару тәсілдерін енгізудің тиімділігін бағалайды.

Осыған қоса, Ұлттық жобалық офис мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысында коммуникациялық қолдауды ұйымдастырып, жобалық басқарудың әдіснамасын жетілдіру және тиісті стандарттарды дамыту бағытында жұмыстар жүргізеді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік басқару жүйесінде жобалық тәсілдің институционалдық негіздерін нығайтуға және стратегиялық бастамалардың тиімді жүзеге асырылуына ықпал етеді.

Бір мемлекеттік органның шеңберінде осы мемлекеттік орган қатысушысы болып табылатын барлық бағдарламалардың, ұлттық жобалардың, базалық бағыттардың, жобалар топтары мен жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ететін бір жобалық кеңсе қалыптастырылады. Мемлекеттік органдар ведомстволық тиесілілігіне және меншік нысанына қарамастан, өзге де мүдделі тараптардың қатысу мүмкіндігімен мемлекеттік

органның, өзінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының бюджеті мен штат саны шеңберінде басқарудың матрицалық құрылымы қағидаттары негізінде жобалау кеңсесінің қызметін қалыптастырады және қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында жобалық басқарудың бірыңғай экожүйесін қалыптастыру шеңберінде мемлекеттік органдардың 44 жобалау кеңсесі құрылды.

Қазақстан Республикасында ұлттық және стратегиялық маңызы бар жобаларды басқару мен мониторинг жүргізу мақсатында бірыңғай цифрлық басқару жүйелері енгізілуде. Осы бағытта 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап ұлттық және басқа да маңызды жобаларды басқару мен бақылау Қазақстан Республикасының Bitrix24 ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырыла бастады [8].

Жобалық басқаруды жетілдіру бойынша жүргізілген реформалар аясында аталған жүйеге орталық және өңірлік атқарушы органдарды кезең-кезеңімен қосу жұмыстары 2020 жылдан бастап пилоттық режимде іске асырылды. Бұл кезеңде жүйенің функционалдық мүмкіндіктері сынақтан өткізіліп, мемлекеттік басқару органдарының жобалық қызметіне бейімделді.

2025 жылдың мамыр айынан бастап Bitrix24 жүйесі барлық мемлекеттік органдар үшін толыққанды өндірістік пайдалануға ресми түрде енгізілді. Аталған цифрлық платформа түрлі ведомстволар мен жұмыс топтарының қызметін бірыңғай интерфейс аясында біріктіріп, тапсырмалардың орындалуын тиімді бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жүйе жобаларды басқару процестерінің ашықтығын арттырып, тәуекелдерді азайтуға және мемлекеттік басқару тиімділігін жоғарылатуға ықпал етеді.

Бағдарламаның мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік органның бірінші басшысы (министр деңгейі) бағдарлама басшысы болып табылады. Бағдарламаның базалық бағытының басшысы болып мемлекеттік органның бірінші басшысының орынбасары тағайындалады, ол базалық бағыт шеңберінде Бағдарламаның тиісті базалық бағытының мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді [9].

Ақтөбе облысының жобалық офисінің мақсаты - Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін жобалық бастамаларды тиімді үйлестіруді, іске асыру мониторингін және бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

Жобалық офистің негізгі міндеттері:

– өңір дамуының басым бағыттарын көрсететін жобалық портфельді қалыптастыру;

– әкімдік пен ведомстволық бағынысты ұйымдар іске асыратын жобаларды қолдау және әдістемелік қолдау;

– мемлекеттік органдар, бизнес-қоғамдастық және қоғамдық ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды жолға қою;

– жобаларды іске асыру барысын мониторингтеу, талдау және бағалау, сондай-ақ олардың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар дайындау;

– жобалық тәсілді насихаттау және жобалық басқару саласындағы қызметкерлердің құзыреттерін арттыру;

– жобалық офис алаңында ұлттық жобалардың KPI орындау бойынша облыстық басқармалардың өзара іс-қимылы енгізілуде.

Ақтөбе облысының жобалық кеңсесі жобалық басқаруды іске асыруда айтарлықтай ілгерілеуді көрсетіп отыр. Төменде есепті кезеңдегі негізгі көрсеткіштер берілген: жобалардың жалпы саны жобалық кеңсенің бақылау тақтасы әртүрлі ұлттық, мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар шеңберінде іске асырылатын 426 жобаның мониторингін көрсетеді.

2-кесте – Ақтөбе облысының жобалық офисі мониторинг жүргізетін жобалардың құрылымы

Бағдарлама/жоба	Жобалар саны
Ұлттық жоба: Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту	31
Ұлттық жоба: Комфортная школа	14
Ұлттық жоба: Қолжетімді интернет	17
Ұлттық жоба: Энергетика және коммуналдық секторды жаңғырту	1
2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспар	9
Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары	11
Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасы	76
Құрылыс және тәуекелі бар объектілер бойынша мемлекет басшысының тапсырмалары	14
Тетіктерді әзірлеу жөніндегі іс-шаралар жоспары	6
Су саласын дамытудың кешенді жоспары (2024–2028 жж.)	19
Жұмысшы мамандықтар жылы бойынша іс-шаралар жоспары	38
Төртінші типтік базалық бағыт	3
Жалпы жобалар саны	426
Ескерту: авторлармен құрастырылған https://www.po_aqtobe/	

2024 жылдан бастап Ақтөбе облысының әкімдігінде 10 маманнан тұратын жобалық тобы жұмыс атқарады. Жобалық топтың негізгі міндеті - облысты дамыту бюджетінің жобаларын сүйемелдеу және іске асыру мониторингі.

3-кесте – Ақтөбе облысының жобалық тобының қызметі (акселерация тобы)

Көрсеткіш	Сипаттамасы
Құрылған жылы	2024 жыл
Мамандар саны	10
Негізгі міндеті	Облыстың даму бюджеті жобаларын сүйемелдеу және мониторинг жүргізу
Жұмыс тәсілі	Жобалық басқару қағидаттары
Қолданылатын жүйе	Жергілікті ақпараттық жобаларды басқару жүйесі
Жүйеге енгізілген жобалар	Даму бюджеті жобалары, күрделі жөндеу бағдарламасы, инвестициялық жобалар
Ескерту: авторлармен құрастырылған https:///po_aqtobe/	

Жобалық офис өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жобаларды үйлестіру және олардың іске асырылуын мониторингтеу бойынша өз міндеттерін табысты орындауда. Мақсаттарға негізделген жобалық басқару жүйесін енгізу және есептіліктің ашықтығын қамтамасыз ету нәтижесінде негізгі тиімділік көрсеткіштерінің (KPI) уақытылы орындалу деңгейі жоғары көрсеткішке (91 %) жетті.

Мемлекеттік басқару академиясымен белсенді ынтымақтастық орнату, тренингтер өткізу және мемлекеттік қызметшілерді халықаралық ISO 21502:2022 стандарты негізінде оқыту қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін арттыруға және жобалық басқару тәсілін кеңінен таратуға ықпал етуде.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясындағы жобаларға GAP-талдау жүргізу, жобалар картасын әзірлеу және SWOT-талдау жасау басқару үдерістерін жүйелі түрде бақылау мен жетілдіруге бағытталған кешенді тәсілді айқындайды.

Өңірлердің экономикалық дамуының ағымдағы деңгейі өндіруші аумақтардың үлесінің төмендеуімен және бұрын экономиканың дәстүрлі драйверлері болған ірі агломерацияларда өсудің баяулауымен сипатталады, бұл елдің неғұрлым теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуына және барлық өңірлердің ұлттық экономикаға үлесін нығайтуға алғышарттар жасайды.

Өңірлік бағдарлама экономиканың барлық деңгейлері мен құрылымдары үшін жоспарлы және нақты алынған көрсеткіштерді салыстыра отырып, қызмет нәтижелерін жоспарлау құралы болып табылады [10].

4-кесте – Өңірлік саясатты іске асырудың институционалдық тетіктері

Бағыты	Негізгі шаралар	Күтілетін нәтиже
Базалық инфрақұрылымды дамыту	Білім беру, денсаулық сақтау, көлік және инженерлік инфрақұрылымға қол жетімділікті қамтамасыз ету	Халықтың өмір сүру деңгейін арттыру
Ыңғайлы қалалық ортаны қалыптастыру	Қоғамдық кеңістікті абаттандыру, көгалдандыру, қауіпсіздікті арттыру	Қалалық ортаның сапасын жақсарту
Өнеркәсіпті және қайта өңдеуді дамыту	Шикізатты терең өңдеу, ірі кәсіпорындардың айналасында ШОБ дамыту	Қосылған құнның өсуі және экономиканы әртараптандыру
Көліктік-логистикалық әлеуетті дамыту	Транзиттік көлік тораптарын құру және өңірлердің байланысын арттыру	Экономикалық байланыстарды кеңейту
Туризмді дамыту	Өңірлік туристік орталықтар құру	Туристік ағын мен инвестициялардың өсуі
Ауылдық аумақтарды дамыту	Ауылдық инфрақұрылымды жаңғырту	Көші-қонның төмендеуі және ауыл халқының табысының өсуі
Ескерту: авторлармен құрастырылған [11]		

Қазақстанның мемлекеттік саясаты аумақтарды кешенді және теңгерімді дамытуға бағытталған. Өңірлік диспропорцияларды жоюға, инфрақұрылымды дамытуға және орнықты экономикалық өсу үшін жағдай жасауға ерекше назар аударылады [11].

Негізгі бағыттардың бірі қалалық агломерациялар мен облыс орталықтарын дамытуды қоса алғанда, экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру болып табылады. Мұндай шаралар экономикалық белсенділікті ынталандыруға, инвестициялар тартуға және жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді [12].

Ауыл аумақтарын жаңғырту және ауыл халқының өмір сүру сапасын арттыру да маңызды аспект болып табылады. Ауылдық елді мекендерді инфрақұрылымдық қамтамасыз ету деңгейін қазіргі заманғы стандарттарға дейін жеткізу жоспарлануда, бұл көші-қонның төмендеуіне және ауыл экономикасының дамуына ықпал ететін болады.

Қорытынды

Жобалық басқаруды енгізу өңірлік даму тиімділігін арттырудың маңызды құралы болып табылады. Жобалық тәсілді қолдану мемлекеттік бағдарламалар мен бастамаларды іске асырудың жүйелілігін, ашықтығын және нәтижелілігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ әртүрлі билік органдары мен мүдделі тараптар арасындағы үйлестіру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Ақтөбе облысының жобалық офисі қызметінің нәтижелері жалпы республика жобалық офистердің ішінде ең тиімдісі болып табылады. Оның

қарқынды дамуын, проблемаларды шешудегі проактивті ұстанымын және жобалық қызметтің тиімділігін арттыру бағытындағы тұрақты жұмысын көрсетеді. Есепті кезең қорытындысы бойынша өңірдің ;обалық офисі Ұлттық жобалық офис әзірлейтін мемлекеттік органдардың жобалық басқаруды енгізу деңгейі жөніндегі рейтингте тұрақты көшбасшылық позициясын растады.

Басқарудың нақты тетіктерін енгізу, оқыту және әдістемелік сүйемелдеу жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ өңірлермен және орталық мемлекеттік органдармен белсенді өзара іс-қимыл жасау арқылы Ақтөбе облысы әкімдігінің жобаларын жүйелі түрде іске асыру қамтамасыз етілді.

Ақтөбе облысында жобалық басқаруды одан әрі дамыту жобалық тәсілді институттандыруға, кадрлардың біліктілігін арттыруға, үздік халықаралық тәжірибелерді енгізуге және цифрлық шешімдерді пайдалануды кеңейтуге бағытталуы тиіс. Қол жеткізілген нәтижелердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және оларды басқа өңірлерге масштабтауға ерекше назар аудару қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Ika, L. A.** The “re-meaning” of project success: Updating and recalibrating for a modern project management //International Journal of Project Management. – 2022. – Vol. 40. – №7. – P. 835–848.

2 **Reiff, J.** Hybrid project management–a systematic literature review // International journal of information systems and project management. – 2022. – Vol.10. – № 2. – P. 45–63.

3 **Картов, А. Е.** Передовые подходы проектного управления для внедрения в систему государственного управления Казахстана // Вестник университета Туран. – 2021. – № 3(91). – С. 207–215. – https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-3-207-215

4 **Журынов, Б. М.** Анализ моделей и методов проектного управления в крупных организациях Республики Казахстан / Б.М. Журынов, А.Ф. Цеховой // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. – 2025. – No 3(415). – https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.979

5 **Кожабекова, А. М.** Цифровая трансформация управления проектами в Казахстане: вызовы и лучшие практики / А.М. Кожабекова, Ж.Ж. Бакберген // Интернаука. – 2025. – № 46-4(410). – С. 58–64.

6 **Уандыкова, М. К.** Трансформация государственного планирования и управления в Казахстане: системные перспективы и вызовы / М. К. Уандыкова, Г. Н. Астаубаева, Г. С. Мухамеджанова [et al.] // Вестник

Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2024. – No 4(57). – https://doi.org/10.52260/2304-7216.2024.4(57).36

7 **Уандыкова, М. К.** Теория и методология формирования государственных программ развития в условиях трансформации экономики / М.К. Уандыкова, К.С. Алдажаров, Г.Н. Астаубаева // Central Asian Economic Review. – 2024. – № 1(154). – С. 6–22. – https://doi.org/10.52821/2789-4401-2024-1-6-22

8 **Тайжанова, Ж. А.** О внедрении проектного менеджмента в государственном секторе // Государственное управление и государственная служба. – 2017. – № 4(63). – С. 47–52.

9 **Есберген, Р. А.** Особенности проектного менеджмента в системе государственного управления Казахстана / Р. А. Есберген, М. Д. Сайымова, Г. Б. Молдабекова // Статистика, учет и аудит. – 2019. – № 1(72). – С. 113–118.

10 **Кожабекова, А. М.** Цифровая трансформация управления проектами в Казахстане: вызовы и лучшие практики / А. М. Кожабекова, Ж. Ж. Бакберген // Интернаука. – 2025. – № 46-4(410). – С. 58–64.

11 **Есберген, Р. Ә.** Қазақстан Республикасы ауыл әкімдерінің басқарушылық қызметінің тиімділігін арттыру // Экономика: стратегия и практика. - 2023. – Vol.18. – No 3. – P.226–240. – https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-3-226-240

12 **Айтбаева, А. С.** Проектное управление в государственном секторе: международный и отечественный опыт /Айтбаева А. С., Атанаева М. К., Мырзатай А. А // Цифровое обозрение Центра поддержки цифрового правительства. – 2025. – № 2(1). – С. 46–57

REFERENCES

1 **Ika, L. A.** The «re-meaning» of project success: Updating and recalibrating for a modern project management //International Journal of Project Management. – 2022. – Vol. 40. – № 7. – P. 835–848.

2 **Reiff, J.** Hybrid project management–a systematic literature review // International journal of information systems and project management. – 2022. – Vol.10. – № 2. – P. 45–63.

3 **Kartov, A. E.** Peredovye podhody proektnogo upravlenija dlja vnedrenija v sistemu gosudarstvennogo upravlenija Kazahstana [Advanced approaches of project management for implementation in the public administration system of Kazakhstan] // Vestnik universiteta Turan [Advanced approaches of project management for implementation in the public administration system of Kazakhstan]. – 2021. – № 3(91). – P. 207-215. – https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-3-207-215

4 **Zhurynov, B. M.** Analiz modelej i metodov proektnogo upravlenija v krupnyh organizacijah Respubliki Kazahstan [Analysis of models and methods of project management in large organizations of the Republic of Kazakhstan] / B. M. Zhurynov, A. F. Cehovoj // Vestnik Nacional'noj akademii nauk Respubliki Kazahstan [Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan]. – 2025. – No 3(415). – https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.979

5 **Kozhabekova, A. M.** Cifrovaja transformacija upravlenija proektami v Kazahstane: vyzovy i luchshie praktiki [Digital transformation of project management in Kazakhstan: challenges and best practices] / A. M. Kozhabekova, Zh. Zh. Bakbergen // Internauka. – 2025. – № 46-4(410). – P. 58–64.

6 **Uandykova, M. K.** Transformacija gosudarstvennogo planirovanija i upravlenija v Kazahstane: sistemnye perspektivy i vyzovy [Transformation of state planning and management in Kazakhstan: systemic perspectives and challenges]/ M.K. Uandykova, G.N. Astaubaeva, G.S. Muhamedzhanova [et al.] // Vestnik Kazahskogo universiteta jekonomiki, finansov i mezhdunarodnoj torgovli [Bulletin of the Kazakh University of Economics, Finance and International Trade]. – 2024. – No 4(57). – https://doi.org/10.52260/2304-7216.2024.4(57).36

7 **Uandykova, M. K.** Teorija i metodologija formirovanija gosudarstvennyh programm razvitija v uslovijah transformacii jekonomiki [Theory and methodology of formation of state development programs in the context of economic transformation]/ M. K. Uandykova, K. S. Aldazharov, G. N. Astaubaeva // Central Asian Economic Review. – 2024. – №1(154). – P. 6–22. – https://doi.org/10.52821/2789-4401-2024-1-6-22

8 **Tajzhanova, Zh. A.** O vnedrenii proektnogo menedzhmenta v gosudarstvennom sektore [On the implementation of project management in the public sector]// Gosudarstvennoe upravlenie i gosudarstvennaja sluzhba [Public administration and public service]. – 2017. – № 4(63). – P. 47–52.

9 **Yesbergen, R. A.** Osobennosti proektnogo menedzhmenta v sisteme gosudarstvennogo upravlenija Kazahstana [Features of project management in the public administration system of Kazakhstan] / R. A. Yesbergen, M. D. Sajymova, G. B. Moldabekova // Statistika, uchet i audit. – 2019. – № 1(72). – P. 113–118.

10 **Kozhabekova, A. M.** Cifrovaja transformacija upravlenija proektami v Kazahstane: vyzovy i luchshie praktiki [Digital transformation of project management in Kazakhstan: challenges and best practices]/ A. M. Kozhabekova, Zh. Zh. Bakbergen // Internauka. – 2025. – № 46–4(410). – P. 58–64.

11 **Yesbergen, R.** A Kazakhstan Respublikasy auyl akimderinin baskarushylyk kyzmetinin tiimdiligin arttyru // Jekonomika : strategija i praktika

[Economics: strategy and practice]. – 2023. – Vol. 18, No. 3. – P. 226–240. – https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-3-226-240

